

КАСПИЙ ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Жеке-құқықтық пәндер кафедрасы



С.П. Мороз

ИНВЕСТИЦИОННО-ПРАВОВОЕ ПРАВО

Дәрістер жинағы

Алматы 2008

ББК 67.402 я 73

М 70

*Каспий қоғамдық университетінің
оқу кеңесімен басылымға ұсынылды*

Рецензенттер:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
заң ғылымдарының докторы, профессор Сүлейменов М.К.
Заң ғылымдарының докторы, профессор Каудыров Т.Е.

М 70 Мороз С.П. Инвестициялық құқық: дәрістер жинағы. – Алматы: КҚУ, 2008. – 156 б.

ISBN 978-601-7067-02-1

Ұсынылып отырған дәрістер жинағы «Инвестициялық құқық» пәнін меңгеруді мақсат етіп қойған заң факультеттерінің және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Жинақта инвестициялық құқықтың төмендегідей көкейтесті сұрақтары баяндалған: инвестициялық құқықтың жалпы ережелері, оның пәні мен құқықтық реттеу әдістері, инвестициялық құқықтың қағидалары мен жүйесі, инвестициялық құқықтық қатынастар, инвестициялық қызмет, инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу, инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік ашылған. Сондай-ақ шетел инвестициясын ұлттық құқық және халықаралық құқықпен реттеу мәселелері, инвестициялық шарттың ұғымы мен мазмұны, инвестициялық шарттардың жекелеген түрлерінің ерекшеліктері баяндалып, инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық дау-дамайларды шешу мәселелері қарастырылған.

ББК 67.402 я 73

ISBN 978-601-7067-02-1

© Мороз С.П.
© Каспий қоғамдық университеті, 2008
© Рәсімделуі ФБО КҚУ

© Барлық авторлық құқықтары қорғалған

МАЗМҰНЫ

	<i>бет</i>
Қысқартылған сөздердің тізімі	5
1 дәріс. Инвестициялық құқық ұғымы мен жүйесі	7
1.1. Инвестициялық құқықтың құқық жүйесіндегі орны.....	7
1.2. Инвестициялық құқықтың қалыптасуы мен дамуының кезеңдері.....	10
1.3. Инвестициялық құқықтың құқықтық реттеу әдістері мен пәні.....	11
1.4. Инвестициялық құқық жүйесі мен басты қағидалары.....	16
2 дәріс. Инвестициялық заңнама	22
2.1. Инвестициялық заңнаманың пайда болуы мен даму тарихы.....	22
2.2. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы.....	27
3 дәріс. Инвестициялар ұғымы мен түрлері	34
3.1. Инвестициялар ұғымы мен белгілері.....	34
3.2. Инвестицияларды сұрыптау және олардың түрлері.....	37
4 дәріс. Инвестициялық құқықтық қатынастар	47
4.1. Инвестициялық құқықтық қатынастар ұғымы мен белгілері.....	47
4.2. Инвестициялық құқықтық қатынастардың түрлері.....	48
5 дәріс. Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері	58
5.1. Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерінің түсінігі мен түрлері.....	58
5.2. Инвестордың құқықтық мәртебесі.....	62
5.3. Бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қатынас субъектілері және олардың құқықтық мәртебесі.....	64
6 дәріс. Инвестициялық құқықтық қатынас объектілері және олардың мазмұны	68
6.1. Инвестициялық құқықтық қатынас объектісінің ұғымы.....	68
6.2. Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілерінің түрлері.....	70
6.3. Инвестициялық құқықтық қатынастардың мазмұны.....	75
7 дәріс. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу	77
7.1. Инвестициялық қызмет (ұғымы, белгілері мен түрлері).....	77
7.2. Инвестициялық қызметті мемлекеттік басқару және мемлекеттік реттеу.....	78
7.3. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу бағыты мен тәсілдері.....	81

8 дәріс. Инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік	85
8.1. Инвестициялық құқықтық жауаптылық.....	85
8.2. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.....	88
9 дәріс. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу	93
9.1. Шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеу.....	93
9.2. Шетел инвестицияларының құқықтық режимі.....	94
9.3. Шетел инвестицияларын мемлекеттік реттейтін арнайы органдар.....	97
10 дәріс. Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу	102
10.1. Шетел инвестицияларын екі жақты халықаралық-құқықпен реттеу.....	102
10.2. Шетел инвестицияларын аймақтық халықаралық-құқықпен реттеу.....	105
10.3. Шетел инвестицияларын көп жақты халықаралық-құқықпен реттеу.....	107
11 дәріс. Инвестициялық шарт	112
11.1. Инвестициялық шарт ұғымы.....	112
11.2. Инвестициялық шарттың функциялары мен талаптары.....	113
11.3. Инвестициялық жеңілдіктер мен кепілдіктер беру туралы шарт.....	118
12 дәріс. Инвестициялық шарттар жүйесі	124
12.1. Инвестициялық шарт түрлері.....	124
12.2. Сыртқы экономикалық инвестиция шарты.....	124
12.3. Мемлекеттік заем шарты.....	126
12.4. Банктік заем шарты.....	127
12.5. Лизинг шарты.....	129
13 дәріс. Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық шарттар	133
13.1. Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық шарт (келісімшартының) ұғымы мен ерекшеліктері.....	133
13.2. Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық шарттардың жіктелуі.....	135
14 дәріс. Инвестордың құқықтарын қорғау және инвестициялық дау-дамайларды шешу	142
14.1. Инвесторлардың құқықтарын қорғау нысандары мен тәсілдері.....	142
14.2. Инвестициялық даулар және оларды шешу тәртібі	145
Инвестициялық құқық пәні бойынша ұсынылатын әдебиеттер	151

1. Халықаралық құжаттар

Вашингтон конвенциясы – Мемлекеттер мен шетел тұлғалары арасындағы инвестициялық дау-дамайларды реттеу тәртібі туралы Вашингтон конвенциясы (Вашингтон, 1965). // Төрелік сот Қазақстанда: құқықтық реттеу проблемалары. / Жауапты редактор М.Қ.Сүлейменов. Алматы: Қазақ МЗУ, 2003.

Сеул конвенциясы – «Инвестициялардың кепілдіктері жөніндегі көпжақты агенттікті құру туралы» Конвенция (Сеул, 1985).

Энергетикалық хартияға қатысты шарт – Энергетикалық хартияға қатысты шарт (Лиссабон қаласы, 1994ж.).

Инвесторлар құқығын қорғау туралы шарт – Инвесторлар құқығын қорғау туралы шарт (Мәскеу қаласы, 28 наурыз, 1997ж). 30.12.1999 жылғы №24-ІІ ҚР заңына сәйкес бекітілген.

2. Нормативтік құқықтық актілер

ҚР АҚ – ҚР Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) 27.12.1994. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршылары. 1994. №№ 23-24. 282 б.; ҚР Азаматтық Кодексі (Ерекше бөлім) 01.07.1999. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары. 1999. № 16-17. 642 б.

Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексе – Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі 30.01.2001. // Қаз. Правда. 13.02.2001.

ҚР СК – ҚР «Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі 12.03.2001. // ҚР Парламентінің Жаршылар. 2001. № 11-12. 168 б.

ҚР КК – ҚР Кеден кодексі 05.04.2003. // Каз. правда. 11.04.2003.

Мұнай туралы заң – ҚР «Мұнай туралы» Заңы 28.06.1995. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршылары. 1995. № 11. 76 б.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заң – ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңы 27.01.1996. // ҚР Парламентінің жаршылары. 1996. № 10. 247 б.

Қаржы лизингі туралы заң – ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңы 05.07.2000. // ҚР Парламентінің Жаршылары. 2000. № 10. 247б.

Инвестициялар туралы заң – ҚР «Инвестициялар туралы» Заңы 08.01.2003. // Каз. правда. 2003. № 9-11.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заң – ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы 02.07.2003. // Каз.правда. 2003. № 199-200.

ҚР БК – ҚР Бюджет Кодексі 24.04.2004. // ҚР Парламентінің Жаршылары. 2004. № 8-9. 53 б.

Халықаралық коммерциялық арбитраж туралы заң – ҚР «Халықаралық коммерциялық төрелік соты туралы» Заңы 28.12.2004. // Халықаралық жекешелік құқы: нормативтік актылар мен халықаралық шарттар. 10 т. Халықаралық азаматтық іс. 2 бөлім Халықаралық коммерциялық төрелік сот. / М.Қ.Сүлейменов. Алматы: «Әділет», 2005. 28-29 беттер.

Аралық сот туралы заң – ҚР «Төрелік соттар туралы» Заңы 28.12.2004. // Халықаралық жекешелік құқық: нормативтік актылар мен халықаралық шарттар. Т. 16. Халықаралық азаматтық іс. 2 б. Халықаралық коммерциялық төрелік сот. // М.Қ.Сүлейменов. Алматы: «Әділет», 2005. 12-27 беттер.

Валюталық реттеу туралы заң – ҚР-ның «Валюталық реттеу туралы» Заңы 13.06.2005. // Қазп. правда. 17.06.2005.

Өнімді бөлуге қатысты келісімдер туралы заң – ҚР «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуде өнім бөлінісі туралы келісім (келісімшарт) туралы» Заңы 08.07.2005. // Каз. правда. 15.07.2005.

Жеке кәсіпкерлік туралы заң – ҚР «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы 31.01.2006. // Каз. правда. 07.02.2006. № 7.

3. Халықаралық ұйымдар

ЕҚДБ – Еуропалық қайта құру және даму банкі.

ЕО – Еуропалық одақ.

ИККА – Инвестияларға кепілдік жөніндегі көпжақты агенттік.

ХДҚ – Халықаралық даму қауымдастығы.

ХҚДБ – Халықаралық қайта құру және даму банкі.

ХВҚ – Халықаралық валюталық қор.

ХҚК – Халықаралық қаржы корпорациясы.

ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ықпалдастық ұйымы.

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы.

ЭЫДҰ – Экономикалық ықпалдастық және даму ұйымы.

ЮНКТАД – БҰҰ сауда және дамуға байланысты конференциясы.

ЮНСИТРАЛ – БҰҰ халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы.

1 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЙЕСІ

1.1. Құқық жүйесіндегі инвестициялық құқықтың орны

Құқық – жүйе ретінде біртұтас ажырамастығымен, сонымен бірге құрамдас құрылымдық элементтерінің дербестігімен сипатталатын объективті құбылыс болып табылады. Өзінің мазмұны жағынан ажырамас болып табылатын құқық жекеленген, сонымен бірге өзара байланысты бөліктердің (құқық нормалары, құқық институттары, құқықтың қосалқы салалары, салалары) дербестігімен сипатталады. Демек, құқық жүйесін белгілі бір үлгіде өзара байланысты нормалар құрайды. Құқық нормасы – құқық жүйесінің бастапқы элементі, оның әртүрлі үйлесім табуы құқық жүйесінің басқа да элементтерін құқық институттары, салалары, қосалқы салаларын туғызады.

Кеңестік заң ғылымының өкілдері тарапынан құқықтың мәні мен мазмұнын көрсете алатын құқық жүйесін құруға бағытталған талай талпыныстар жасалды. Құқықтық жүйе жөніндегі екі пікірталастың болғаны белгілі: бірінші пікірталас нәтижесінде (1938-1940 жж.) құқық жүйесінде құқықтың он саласының (оның ішінде мемлекеттік, еңбек, жер, колхоз, әкімшілік, бюджет-қаржы, отбасы, азаматтық, қылмыстық, сот құқы) қызметі танылды және құқық жүйесінің жеке және жария құқық болып бөліну мүмкіндігі жоққа шығарылды. Орын алған екінші пікірталас (1956-1959 жж.) құқық жүйесін үш құрамдас бөлікке теңдестіруге әкеп соқты: 1) мемлекеттік құқық (кеңес құқығы жүйесіндегі басты буын ретінде); 2) материалдық салалар (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек, колхоз және отбасы құқығы); 3) сот ісін жүргізу (процессуалдық) салалар (қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу). Осылай жіктелудің басты кемшілігі – мұндай жүйенің бір мәнділігі және бір мөлшерлігі, шын мәнінде бұл қолданыстағы барлық құқық салаларын қамтуға мүмкіндік бермейді.

Осы заманғы құқық салаларын сұрыптауға келетін болсақ, оларды былай жүйелеуге болады: 1) бағыт нұсқағыш (базалық); 2) арнайы; 3) кешенді. Жіктеудің бұл нысаны бойынша базалық сала басты құқықтық режимдерді қамтып, базалық сала – конституциялық құқықты, құқықтың үш материалдық саласын (азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқық) және тиісінше құқықтың үш сот ісін жүргізу салаларын (азаматтық іс жүргізу, әкімшілік іс жүр-

гізу және қылмыстық іс жүргізу құқы) қамтиды. Құқықтық реттеу пәнінің ерекшелігімен сипатталатын және ерекше құқықтық режимдерге ие құқықтың арнайы салаларына еңбек құқығы, жер құқығы, қаржы құқығы, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы, отбасы құқығы, қылмыстық атқару құқығы жатады. Құқықтың әр алуан және әртекті институттарын қамтитын кешенді салаларына сауда құқығы, прокурорлық қадағалау құқығы, теңіз құқығы жатады.

Заңи әдебиеттерде инвестициялық құқықтың құқық жүйесіндегі орны туралы әртүрлі пікірлер айтылуда. Әдеттегідей, пікірлер қарама-қайшы: инвестициялық құқықты жеке сала ретінде танудан бастап, оны жоққа шығаруға дейін. Инвестициялық құқықты құқық саласының дербес буыны ретінде жақтаушылар қатарына А.Г.Богатырев, Б.Б.Самарходжаев, т.б. жатады. Алайда, кеңінен таралған пікір ретінде инвестициялық құқықты – әртүрлі салалар (азаматтық, халықаралық, қаржы, банк заңнамалары) нормаларын біріктіретін заңнаманың кешенді саласы деп түсіндіретін тұжырымды атауға болады.

Әдебиетте айтылған пікірлерді жинақтай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады: қазір құқық жүйесі жөнінде екі тоқтам қалыптасты: «құқық құрылымының қосарлануы» тұғырнамасы және «құқықтың қосарлануы» тұғырнамасы және «құқықтың бір жазықтық құрылымы» тұғырнамасы. Бірінші теорияға сәйкес құқықтық жүйеде заң тәртібінде оқшауланған негізгі құрылымдармен бірге кешендік сыпаттағы құрылымдар бар.

Құқықтың кешенді салаларының идеясын 1947 В.К.Райхер ұсынды, кейін оны С.С.Алексеев, В.Н.Протасов, М.К. Сүлейменов, Ю.К.Толстой, т.б. қолдап дамытты, бірақ қазірге дейін бұл теорияны жақтаушылар саны көп емес. Қазақстан Республикасында құқықтың кешенді салаларының негізін қалаушы және сенімді жақтаушысы М.К.Сүлейменов, ол отыз жылдан астам уақыт бойы осы теорияның негізгі ережелерін тынбастан насихаттап келеді (мынаны атап өткен жөн: әуелбаста О.С.Иоффе де құқықтың кешенді салаларының тұғырнамасын ұстанып келген-ді кейін бұдан бас тартып, осы теорияға үзілді-кесілді қарсы шықты). В.Н.Протасов мынаны әділетті түрде атап көрсетті: құқық жүйесінде кешенді салалардың қалыптасуы мен дамуы заң ғалымдарының теориялық күш-жігеріне кереғар сыпатта өтеді; кешенді салалардың пайда болуы құқық жүйесінің дамуындағы тек объективті жағдайларға байланысты.

Қазіргі уақытта заңнама жүйесін салалық актілермен бірге кешенді сипаттағы актілер құрайтынын жоққа шығаратын адам табыла қоймас. Сондықтан, әдеттегідей, заң жүйесінде жекеленген кешенді құрылымдар (оның ішінде кәсіпкерлік, банк, кеден, т.б.) қалыптасуы мүмкін екендігін мойындау қажет. Алайда, құқықтың кешенді салалары теориясына қарсы пікірдегілер бұл құқық жүйесіне ешқандай ықпал жасамайды деп пайымдайды. Мұндай ұстаныммен құқықтың кешенді салаларының идеяларын жақтаушылардың да, қарсыластарының да келісуі қиын, өйткені мұнда құқық саласының қалыптасуы құқықтың әртүрлі салаларының өзара бір-бірімен байланысына қатысты болады. Құқықтың негізгі және кешенді салаларының қалыптасу негізінде біздің пікірімізше, объективті сипаттағы себептер жатады. Егер құқықтың кешенді салалары туралы айтар болсақ, олардың пайда болуының қажеттілігі қоғамдық дамудың объектілік қажеттілігінен туындайды.

Заңнама жүйесінде «кешенді салалар» атауын алса да, сонымен бірге дербес құрылымдық элементтердің қалыптасуы шын мәнінде қалыпты, заңды құбылыс болып табылады. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер құқық және заңнама жүйелерінде елеулі өзгерістерді анықтап берді. Ең алдымен, өзгерістер құқық жүйесіне қарағанда неғұрлым босаң жүйе-заңнама жүйесін қамтыды, бұл мынадан көрініс алды: заңнаманың бір саласы екінші бір саласының орнын басты (мысалы, колхоз және совхоз заңнамасының орнына аграрлық немесе ауыл шаруашылық заңнамасы пайда болды).

Инвестициялық заңнаманың қалыптасуы және дамуы құқық жүйесінде жаңа құқықтық құрылым – инвестициялық құқықтың пайда болуына жеткізді. Мұндайда өзінің бірыңғай және өзіне тән құқықтық реттеу жүйесінің болуы құқықтың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқыққа, ерекшеленуге мүмкіндік жасады.

Өз кезегінде кешенді саланың пәнінің болуы, оның әдісінің барлығын білдіреді. Бірақ, мұнда тек бір ғана тәсіл ғана емес, саланың кешенді болуына байланысты әдістер жиынтығы туралы айтуға болады.

Сонымен жоғарыда келтірілген мәліметтер мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: *инвестициялық құқық* – тұтас құқықтық құрылым, оны құрайтын институттардың тұтастығымен

ерекшеленеді, құқықтың әртүрлі салаларының нормаларын біріктіреді. Осыған байланысты, инвестициялық құқық құқықтың негізгі салаларымен бірге қызмет көрсететін кешенді саласы болып табылады, құқық жүйесінде өзіндік ерекше орны бар.

1.2. Инвестициялық құқықтың қалыптасу және даму кезеңдері

Кешенді салалардың құрылуы мен өмірге келуі объективтік қажеттіліктен туындайды және заңды болып табылады, инвестициялық құқықтық қалыптасуы тарихының мәселесін зерттеуде негіз болады. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасының дамуының негізгі кезеңдерінен қарасақ, инвестициялық құқықтың дамуындағы мына кезеңдерді бөліп қарауға болады: *Бірінші кезең* – 1990-1994 жж. Инвестициялық құқық, тұтастай алғанда, оның негізгі институттары қалыптасу сатысында тұрды. Инвестициялық қатынастардың даму үрдісі тиісті құқықтық қалыпқа келу үрдісінен едәуір озып кетті, мұның өзі заң көлемінде инвестициялық қызметтің жекеленген салалары реттелмеген күйінде қалуға әкеп соқты. Солай бола тұрса да, бұл кезең инвестициялық құқық тарихында ерекше орын алады, өйткені бұл кезең тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының қалыптасу жылдары, нарықтық қатынастардың еніп, даму кезеңі, жаңа құқық жүйесін жасау мен заңнаманы түбірінен өзгерту жылдары болды.

Екінші кезең 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы Заңы мен ҚР Азаматтық Кодексін қабылдаудан басталады, бұл заң актылары инвестициялық қатынастарды дамытуға жеткізді. Бұл кезеңде құқықтың басқа да салаларымен бірге құқықтың бірыңғай жүйесінде қалыптасқан инвестициялық құқық өзіне тән өзара іс-әрекет жасайтын құқықтық институттарымен қалыптасты. Солай бола, тұрса да, республикада жүзеге асырылып жатқан инвестициялық қызмет жеткілікті нәтижелер әкелмеді. Экономикалық дағдарыс, инфляция, отандық товарлардың бәсекеге қабілетсіздігі, сыртқы қарыздың ұлғаюы – сол кезеңдегі инвестициялық саясаттың негізгі зардаптары осындай болды. Осы жағдайдан шығу үшін батыл қадамдар жасау керек болды.

1997 жылы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы және

одан кейін оны орындау үшін бірқатар Заңнамалық және нормативтік актылар қабылданды. Инвестициялық құқықтың дамуында жаңа *үшінші кезең* басталды. Шетелдік және отандық инвесторлардың әсіресе өндірістік салада белсенділігінің күрт төмендеуі жағдайында, өндірісті қайта құрудың технологиялық және құрылымдық салаларына едәуір қаржы құюды ынталандыру қажет болды. Әрине, инвесторларды табыстыру жеткіліксіз, оларға құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етумен бірге жеңілдіктер жасау керек болды, бұл белгілі бір нәтижелерге жеткізген болар еді. Инвестициялық құқықты дамытудың үшінші кезеңі мемлекеттің бірыңғай инвестициялық саясатының маңыздылығымен және қажеттілігімен, инвестициялық қызметке тұғырнамалар жасауға деген ұмтылыспен, бағалы қағаздар нарығында, товар өндірісі мен қызметтер көрсету саласында, табиғатты пайдалану (оның ішінде жер қойнауын пайдалану) саласында, т.б. салалардағы кешенді қызметте инвестициялық шаралардың тұғырнамаларын жасап, жүзеге асырумен сыпатталады.

Төртінші кезең 2003 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңын қабылдаудан басталды. Осыған сәйкес шетел инвестициялары туралы, тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы Заңдар күшін жойды деп танылды. Бұл кезең, ең алдымен, шетел және ұлттық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық тәртіп орнатылды. Сонымен бірге жаңа инвестициялық заң құқықтардың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың қалыптасу үрдісін аяқтады. Әрине, инвестициялық қатынастарды реттеуде белгілі бір проблемалар сақталды да, жекеленген құқықтық институттардың дамуын қамтамасыз еткен, бұрынғы кезеңдерге қарағанда, бірыңғай заңнаманың көмегімен тұтас құқықтық құрылым ретінде инвестициялық құқықтың жұмыс істеуі мен онан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету мүмкін болды.

1.3. Инвестициялық құқықтың реттеу пәні мен тәсілдері

Заң ғылымындағы құқық саласының дербестігін анықтауға қатысты мәселеде, құқықтың реттеу пәні негізгі және шешуші фактор болып қала беруде. Соңғы кезде әдіс құқық саласының дербестігін растайтын басты және айқындаушы тұғыры болып

табылады деген пайымдаулар туындап жатса да, ғалымдардың көпшілігі құқықтық реттеудің бірыңғай мәні болмайынша құқық саласы да болмайды, құқықтың жекеленген саласының ерекшеліктері, ең алдымен, қоғамдық қатынастардың тиісті түрінің өзіндік сыпатқа байланысты деген пікірлерге ойыса береді.

Құқықтық реттеу затын реттеудің ерекше (өзіне тән) тәртібінің көмегімен өзіндік регламенттеуді қажет ететін біртекті қоғамдық қатынастар және олардың аралық қызметінің түрлері құрайды. Негізгі саланың затын қалптастыру осы саланың әдісіне байланысты, құқықтың кешенді салаларының қалыптасуы әдісімен емес, реттеу затымен-ақ анықталған. Біз В.Н.Протасованың пікірін қолдаймыз: «құқықтың кешенді салаларының құрылуының принципі заттық, бизани принцип, мұның өзі заң ғалымдары тарапынан кешенді салалардың табиғатын түсінбеу және қабылдамау себебі болып табылады».

Инвестициялық құқықтық реттеудің тұғыры инвестициялық қатынастарға жұмып алды, олар, жалпы түрінің өзінде-ақ инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде көрініс алады. Инвестициялық құқықтық қатынастардың өзіндік ерекшелігі сол – олар бір мезгілде азаматтық-құқықтық, халықаралық, қаржы, басқа да құқықтық қатынастарға қатысуы мүмкін.

Құқықтық реттеудің табиғаты құқықтың белгілі бір саласының дербестігінің шешуші нышаны болып табылады. Соның нәтижесінде құқықтық реттеудің ерекше тәртібін объективті түрде қолдануды талап ететін өзіндік табиғи мән болмайынша құқық жүйесінде ең ірі және тұтас құқықтық құрылым ретінде құқық саласы болмайды. сондай-ақ ерекше құқықтық категория ретінде инвестициялардың өзгешелік белгілері мен сыпаттамалық көріністерін ескеру қажет. Бұл инвестициялық құқықты реттеудің табиғи мәнін құрайтын қатынастардың табиғатын анықтап береді. Атап айтқанда, материалдық немесе рухани игіліктерді жасауға бағытталған инвестициялардың мынадай ерекшеліктері бар: инвестицияларды кіріс (пайда) немесе алу мен әлеуметтік оң нәтижелерге жету үшін жүзеге асыру; оларды инвестордың өз атынан, немесе тәуекелділікпен салуы; инвестициялардың уақытша шектеулігін анықтау. Соңғы ерекшелікті былай түсіндіру керек: әрине, инвестицияларға шектеулер қойылмайды, бірақ кезкелген сәтте инвестор кіріс алуға ұмтылады, мұндайда ол қолындағы инвестициялық

тетіктерді үнемі тиімді пайдалануға ниетті, сондай-ақ нарықтың объективті және қатал заңдары да инвестициялық қызметке ықпал жасайды, оны неғұрлым серпінді және тастүйгін етеді. Аталған ерекшелік белгілер инвестициялық қатынастардың өзіндік сыпатын анықтайды, оларды реттеудің белгілі бір құралдары мен тәсілдерін қолдануды керек етеді.

Нарықтық экономиканың осы заманғы дамуы жағдайында қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретінде құқықтың рөлі елеулі өзгерістерге енеді. Бұл ең алдымен мынада байқалады: экономикалық қатынастардың жаңа құқықтық құралдары мен тәсілдері туындайды, олардың бірқатары өміршең болғанымен, кейбіреулері жойылып жатады. Нәтижесінде, экономикалық қатынастарды реттеудің қатаң орталықтандырылған әдістерінің қосалқы (әдістегідей, көтермелеуші) сыпаттағы әдістер орын алады.

Құқық теориясында субъективтік құқықтар мен міндеттердің сыпатына қарай реттеуші нормалардың үш түрін ажыратады: құқықтық өкілеттілі – бұл заң нормалары, субъективтік құқықтарды оң мазмұнымен орнықтырады; міндеттеуші - тұлғаның белгілі бір іс-әрекеттер жүргізудегі міндетін орнықтыратын заң нормалары; тиым салушы-тұлғаларды нақты іс-әрекеттер жасаудан бас тартуды міндеттейтін заң нормалары. Аталған заң нормалары реттеу тәсілдері ретінде көрініс алады. Нормалардың осындай бөлінісі – реттелуші қызметтердің ерекшеліктерімен, реттеудің міндеттеуші, тиым салу мен рұқсат етуші сыпаттарымен өзара байланысты. Сондықтан, құқықтың бар саласында, реттеу салаларында аталған нормалар үнемі қатысады, оның үстіне осы нормалар өзара байланыстылығы соншалық, біреуі басқаларынсыз қызмет көрсете алмайды. Құқықтық реттеу әдісі осы әдістерді (нормаларды) біріктіреді, оның мәні мен сыпатты белгілері көрсетілген әдістердің қайсысы басым, соған байланысты. Сонымен құқықтық реттудің табиғаты мен әдісі ықпал етудің белгілі бір әдісін қолдануды (пайдалануды) айқындайды. Анығын айтқанда, құқықтық реттеу әдісінің мазмұнына байланысты.

Инвестициялық құқықта рұқсат ететін, міндеттейтін және тиым салатын нормалардың үйлесімі мен өзара байланысы анағұрлым айқын көрініс алады. Сонымен, *инвестициялық құқықты құқықтық реттеу әдісі* – инвестициялық қатынастарға міндеттеуші немесе рұқсат етуші, міндеттеуші және тиым салушы

нормалар негізіндегі ықпал етудің әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Алғашқысында диспозитивтік (рұқсат етушілік) реттеу болса, екіншісінде – императивтік реттеу орын алады. Құқықтың кезкелген басқа кешенді саласы ретінде инвестициялық құқық реттеудің диспозитивтік және императивтік әдістерін бірдей қолданады. Диспозитивтік әдісті, реттеудің азаматтық-құқықтық әдісі деп басқаша атайды. Бұлай аталуы тегін емес. Өйткені азаматтық құқық реттеудің диспозитивтік әдісі бар құқықтың бірден-бір саласы болып келді. Алайда мынаны да ұмытпаған жөн: реттеудің рұқсат ететін үлгісі ең алдымен императивтік әдіске, билік ету мен бағындыру әдісіне негізделген.

Құқықтық белгілі бір саласын құқықтық реттеу әдісінің ерекшеліктерін анықтау үшін мына жағдайды ескеру қажет-құқықтың әртүрлі салаларының, мысалы, жекеменшік құқының бірыңғай жүйесі шеңберінде (жалпылама құқық жүйесіне кіретін құқық салаларын реттеу әдістеріне қатысты) әдістері арасындағы, ерекшеліктерді көру күрделі екенін айтсақ та жеткілікті. Сонымен бірге нақты қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын ықпал құралдары мен тәсілдерін қалыптастыруға құқықтық реттеу табиғатының әсерін анықтайтын әдістердің тепе-теңдігі сақталады.

Инвестициялық құқықтық қатынастардың өзіне тән белгісі – заң және (немесе) келісімшарт күшіне қарай субъективтік құқықтар мен заң алдындағы міндеттерді орнықтыру ерекшеліктерін нақтылайды. Өз тарапынан берілген құқықтардың айқындылығының деңгейі мынамен сыпатталады – құқықтық қатынастардың мазмұнын нормативтік актылар мен келісімшарттар, оның ішінде халықаралық (ұлттық заңнама алдында басымдылығы бар) инвестициялық қатынастарға қатысушылардың құқы мен міндеттердің мазмұны келісімшарттармен (тараптардың келісімдерімен) анықталады, сондықтан инвестициялық құқық субъектілері арасындағы құқықтар мен міндеттер тең дәрежеде бөлінеді.

Инвестициялық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгерістері мен тоқталуы негіздері тұрғысынан қарағанда, инвестициялық құқық әдісінің ерекшеліктері құқықтар мен міндеттерді орнықтыру негіздерін таңдау мүмкіндігіне көрініс табады. Инвестициялар жөніндегі комитетпен міндетті түрде келісім шарт жасасып, инвестициялық преференциялар алуға тырысуы инвесторлардан басқа инвесторларға келісімшарттар

жасасу жолымен, сондай-ақ басқа да құқықтық нысандардың көмегімен (инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның міндетті түрде болуы жағдайынан басқа шарттарда) инвестициялық құқықтық қатынастардың пайда болу негіздерін таңдауға құқық беріледі.

Тараптардың құқықтық хал-ахуалы тұрғысынан инвестициялық құқық нормаларының диспозитивтік сипаты инвесторларға тең құқықтық қабілеттің орнығуынан, инвесторлар инвестициялық қызметті жүргізуге байланысты құқықтар мен міндеттер мүмкіндігі берілуінен көрініс алады, жаңа конституциялық заңның қабылдануымен нақты заңнамалық дәреже алды. Инвесторлардың (шетелдік және ұлттық) құқықтық жағынан белгілі бір айырмашылықтары сақталуда. Инвестициялық қызметтің пәрменділігін көтеру үшін инвесторларға тең құқықтық мүмкіндіктер берілді, онсыз инвестициялық қатынастардың нақты дамуы мен жетілдірілуі мүмкін емес.

Субъективтік құқықтар мен заң алдындағы міндеттерді қамтамасыз етудің құралдарын қолдануға негізделген инвестициялық құқық әдісінің ерекшеліктеріне байланысты мынаны атап өтуге болады: Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңына сәйкес инвестициялық қатынастар субъектілеріне Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бекіткен халықаралық шарттармен құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қолдау қамтамасыз етіледі.

Инвестициялық құқық нормаларының императивтік сипаты мемлекеттің инвестициялық үрдіске ықпалын қамтамасыз ететін шектеулер мен тыйым салулардың жиынтығын орнықтыруда көрініс алады. Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңымен инвесторлардың қызметіне мемлекеттік органдар бақылау жасайды, ҚР Заңнамасы инвестордың қызметіне бақылау жасаудың тәртібі мен мерзімдері белгіленген (7 бап).

Тиісінше, инвестициялық қызметке мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруда тиым салу және шектеу нормалары қолданылады. Мұның өзі инвестициялық қатынастарды реттеудің императивтік әдісі жұмыс істейтінін көрсетеді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, инвестициялық құқық құқықтық реттеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қоланады деген тұжырым жасауға болады. Бір жағынан, инвестициялық

құқық қатынастарды реттейді, осы қатынастарға субъектілердің (инвесторлардың) теңдігі тән, өйткені инвестициялар оған қатысушылардың бәріне өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін өзіндегі бар құралдарды жұмылдыруға мүмкіндік беретін аспап. Екінші жағынан, реттеудің императивтік әдісі де инвестициялық құқықты пайдаланады (мұнда мемлекет инвестициялық қатынастарды реттей отырып, инвестициялауда шектеулер мен межелерді белгілеп қана қоймай, экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асырып жатқан инвесторларға жеңілдіктерге кепілдік береді). Сонымен құқықтық қатынастарды реттеуде жалпы рұқсат етулер мен жалпы тыйымдар ерекше маңыз алады, құқық жүйесінде үйлестіруші элементтердің рөлін атқарады.

1.4. Инвестициялық құқық қағидалары мен жүйесі

Құқық қалыптасуы мен дамуының негізі және басты идеялары құқық қағидалары болып есептеледі. Сондықтан құқық принциптерінің қалыптасу үрдісінің объективтілігін танумен бірге олардың мазмұнын анықтайтын экономикалық және әлеуметтік заңдылықтардың бірқалыпты сыпатын ескеру керек. Қоғамдық дамудың заңдылықтарының өзгеруі нәтижесінде негізгі құқықтық принциптердің өзгерістері болады, бұл экономикалық қатынастардың сыпатына байланысты. Мұның ең алдымен, құқықтың негізгі (іргелі) салаларына қатысы бар, осы салалардың жекеленген принциптері социализм кезінде де болды, нарықтық қатынастардың қалыптасу және даму жағдайында экономиканың дамуының объективті заңдарын дәл көрсете алатын басқа да принциптермен (әкімшілік-жарлықтық жүйенің социалистік принциптері деп аталатын) өзгертілді.

Жылдам дамушы нарықтық қатынастар өмірге құқықтың классикалық (немесе дәстүрлі) салаларының жаңа принциптерін ғана емес, құқықтың тұтас құқықтық институттары, қосалқы салалары мен салаларын әкелді. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан бері құқықтың бүкіл жүйесі қайта құрылды, атап айтқанда, құқықтың кешенді сапасы ретінде инвестициялық құқықтық қалыптасты.

Жалпыға белгілі болғандай, құқықтық нормаларға енген ережелер ғана құқық принциптері болады. Инвестициялық

катынастардың әр түрлерінің құқықтық реттелуінің тепендігінде байқалатын (инвестицияларды, бағалы қағаздарға айналдырылған инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты) инвестициялық заңнаманың жетілдірілмеуіне орай, инвестициялық құқықтың жалпы принциптерін жасау көп жағдайда теориялық сыпат алады. Біздің ойымызша, бұл – тек инвестициялық заңнаманың ғана емес, республиканың бүкіл заң жүйесінің кемшілігі. Өйткені инвестициялық қызметтің, инвестициялық саясаттың негізгі бастауларын заң жүзінде айқындамайынша, мемлекетте экономика мен әлеуметтік саланың қалыпты қызмет істеуін қамтамасыз етуге болмайды.

Қолданылып жүрген инвестициялық заңнаманың нормаларындағы қағидалар нақты құқықтық нысанда берілмеген, оларды тек негізгі ережелерді саралау арқылы ғана айқындауға болады. Мынаны атап өткен жөн: осы принциптер өзінің мазмұны бойынша әртүрлі және инвестициялық құқықтың құқықтық институттарының салалық принциптерінің дербес топтарын құрайды. Инвестицияларды жүзеге асыру шеңберінде мына принциптерді бөліп шығаруға болады: қызметін жүзеге асыру үшін инвестордың нысандар мен тәсілдері еркін таңдау принципі; инвесторлардың құқықтарын толық және сөзсіз қорғау принципі; кірістерді пайдалану кепілдігінің принципі; мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмыс істеудегі қызметінің жариялылық принципі; мемлекет меншігіне алу мен реквизициялауда инвесторлардың құқықтарының кепілдігі принципі. Сондай-ақ салалық принцип ретінде халықаралық шарттар (келісімдер) нормаларының ұлттық инвестициялық заңнамалар алдында артықшылық принципін атауға болады.

Жоғарыда аталған принциптер инвестициялық құқықтың әртүрлі құқықтық институттарына тән ішкі салалық болып табылады. Құқықтық институттардың кез келгенінің шеңберінде олардың әрқайсысына тән принциптерді атауға болады, мысалы, мемлекеттік қаржыларды ұқыпты және тиімді пайдалану принципі; инвестицияларды мемлекеттік қорғау институты үшін преференциялар беру принципі тән.

Солай бола тұрса да, осы принциптердің кейбіреулері салааралық сыпатқа иелік етеді, халықаралық шарттар (келісімдер) нормаларының ұлттық заңнамалар нормалары алдындағы артық

принципін алалық: егер Қазақстан Республикасы мақұлдап бекіткен халықаралық шартпен басқа ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау принципі де салааралық принцип ретінде қолданылады, өйткені экологиялық құқық пен табиғат ресурстары салалары (жер, су, тау-кен, орман т.б. құқықтар) үшін қоршаған ортаны қорғау принципі маңызды, сонымен бірге инвестициялық құқық үшін жер қойнауын жедел пайдалану мен товарлар мен қызмет түрлерін дамыту маңызды, мұның өзі елде қалыптасқан экологиялық жүйені бұзуға әкеп соқпауы керек.

Инвестициялық құқықта салааралық қана емес, жалпы құқықтық принциптер де көрініс алады. Мысалы, демократизм, құқық, заңдылық, теңқұқылықтың, меншіктің барлық нысандарының теңдік, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығының, құқық әділеттігінің мәртебесі. Аталған принциптер инвестициялық құқықтың сыпаттамалық ерекшеліктерін көрсетеді, атап айтқанда, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығы принципі инвестордың құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау принципінде көрініс алады.

Инвестициялық құқықтың басты қағидаларының қатарына *инвестициялық құқық субъектілерінің теңдігі* принципі де жатады, өйткені ол инвестициялық құқықтың бар мазмұнына ықпал жасайды. Осы принцип инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруда құқықтарының теңдігінен көрінеді. Азаматтық құқықтан айырмашылығы сол – бұл принцип өзінше көрінеді, өйткені инвестициялық құқықтың субъектілерінің бір тобы басқаларынан көлемінің мол болуымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, инвесторлардың теңдік принципі Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңында негізгі принцип ретінде бекітілген.

Инвестициялық құқыққа да тән, азаматтық құқықтың келесі қағидасы ретінде *шарт еркіндігі қағидасын* алуға болады. Шарт еркіндігі қағидасы бүкіл азаматтық құқық нормаларын, сондай-ақ жалпы құқықты қамтиды. Егер әкімшілік – жарлық жүйесі жағдайында әдеттегідей келісімшарттар жоспарлы сыпат алса, ал нарықтық қатынастар жағдайында ол анағұрлым толық мәнінде көрінеді. Солай бола тұрса да, келісімшарт еркіндігі шексіз болмайды, ол әділеттілік, адалдық, саликалық арқылы белгіленген белгілі бір табиғи шеңберде жұмыс істейді. Инвестициялық

құқықта келісімшарт бірге басқа да өзіндік белгілерге иелік етеді, нарықтық қатынастар (оның ішінде инвестициялық қатынастар да) – бұл азаматтық-құқықтық (немесе жекеменшік-құқықтық) қатынастар ғана емес, жалпылама-құқықтық қатынастар. Сондықтан жекеменшік-құқықтық инвестициялық қатынастарда келісімшарт еркіндігі толық көлемінде көрінеді, ал жалпылама-құқықтық инвестициялық қатынастарда шектеулі, көлемде байқалады.

Келесі принцип – *инвестордың инвестициялар объектілерін таңдау еркіндігі принципі*. Қолданылып жүрген инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес, инвестициялар қызметтің кезкелген объектілері мен түрлеріне ұласуы мүмкін. Сонымен бірге заңнамамен қызмет түрлерінің нақты тізбесі белгіленеді, онда преференциялар беру арқылы инвестициялау көтермеленеді. Тұтас алғанда, бұл принцип мынаны білдіреді. Инвестор инвестицияларын (қызметтің қолданылып жүрген заңнамамен тура тыйым салынған объектілері мен түрлерінен басқа) жүзеге асыру үшін қызметтің кезкелген объектісін немесе түрін таңдауға құқылы.

Инвестициялық құқықтың ең маңызды принциптерінің бірі – *инвестордың өз қызметін дербес атқару принципі*. Ол мынаны қамтиды: инвестордың инвестициялар объектілеріне иелік ету, пайдалану және жұмсау, сондай-ақ инвестициялық қызметтің нәтижелерін пайдалану құқы; инвестициялық қызметті жүргізуде қажетті кезкелген мүлікті шектеусіз алу (егер қолданылып жүрген заңға қайшы, келмесе); мемлекет, мемлекеттік органдар, немесе лауазымды тұлғалар тарапынан инвестордың ішкі шаруашылық қызметіне араласпау; инвестордың өз міндеттемелері бойынша дербес жауапкершілігі; т.б. Осы принцип инвестициялар туралы заңнамада инвестициялық қызметті жүзеге асырудың мемлекеттік кепілдіктері ретінде анағұрлым толық көрініс алады.

Инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау принципі инвесторлардың барлық топтары бойынша кепілдік алды. (бұрын ол тек шетелдік және бекітілген инвесторлар арналғанды). Осы принцип мемлекеттің инвесторлардың инвестицияларын, кірістің (пайда), дивиденттерін, құқықтары мен мүдделерін қорғау лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) қорғау мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмысының жариялылығын қамтамасыз ету кепілдіктерінен көрінеді.

Инвестициялардың өзара тиімділігінің принципі (жалпы – мемлекеттік мүдделер мен инвестор мүдделерінің ықтимал

үйлесімі) мынада: инвестициялық қызмет инвесторға тек кіріс (пайда) әкеп қоймай, жаңа кәсіпорындар ұйымдастыруға, жаңа немесе қосымша жұмыс орындарын жасауға, товарлар мен қызметтерді ұлғайтуға, олардың сапасын көтеруге жеткізуі керек.

Инвестициялық құқықтың әкімшілік-құқықтық сыпаттағы принциптері арасынан *инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеу принципін* бөліп алуға болады. Осы принциптің ерекшеліктері мен мәні мемлекеттік реттеуде, өйткені мемлекет инвестициялық қызметке ықпал жасай отырып, реттеудің тура (әкімшілік) және жанама (экономикалық) әдістерін пайдаланады. Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу принциптері Қазақстан Республикасының экономикасына жаңа инвестицияларды тарту принципімен бірге инвестициялық құқықтың жалпы салалық принциптеріне жатады, өйткені бұлар мемлекеттік инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын анықтайды. Мемлекеттік инвестицияларды тура мемлекеттік басқару және отандық товар өндірушілерді көтермелеудің принциптері туралы да осыны айтуға болады.

Сонымен инвестициялық құқықта негізгі (жалпы салалық), екіншісі – инвестициялық құқықтың бір немесе бірнеше институттарына тән.

Құқықтың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың жүйесін инвестициялық қатынастарға өзінің әсер ету ықпалымен сыпатталатын және өзара көлемі бойынша ерекшеленетін құқықтық институттар құрайды.

Сонымен, инвестициялық құқықтың жалпы бөлімі инвестициялық қызметті жүзеге асырудың негізгі бастауларын, инвестициялық қатынастарды реттеудің негізгі принциптері мен әдістерін анықтайтын институттар мен нормалардан тұрады. Инвестициялық құқықтың *жалпы бөлімінің* жүйесі құқықтың кешенді (қайталама) саласының мәнін ашып беретін мына құқықтық институттарды қамтиды: инвестициялар (түсініктері мен түрлері); инвестициялардың құқықтық режимі; инвестициялардың кепілдіктері; инвестициялық тәуекелділіктер; инвестициялық құқықтық қатынастар (субъектілер, объектілер, мазмұн); инвестициялық қызмет (түсінік, белгілері мен түрлері); инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу; инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік. Сонымен бірге инвестициялық құқықтың жалпы бөлімінде инвестициялық құқықты құқықтық реттеудің мәні мен әдісі, инвестициялық құқық

принциптері, функциялары және қайнар көздері, инвестициялық құқықтың құқықтың аралас салаларымен арақатынасы, инвестициялық заңнаманың жүйесі құқықтың бүкіл саласы үшін басқа да маңызды мәселелер көрініс табады.

Басқаша арнаулы құқықтық институттар деп аталатын *ерекшеленген бөлімнің* институттары қатынастардың жекеленген түрлерін реттеуге қызмет етеді. Сондықтан инвестициялық құқықтың ерекшеленген бөлігі мынадай құқықтық институттарды қамтиды: жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестицияларды құқықтық реттеу; бағалы қағаздар нарығында инвестицияларды құқықтық реттеу; шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу; инвестициялық келісімшарт (түсінік және ерекшеліктер); инвестициялық келісімшарттың түйіні, өзгерісімен бұзылуы; инвестициялық жоба (жасау және жүзеге асыру); инвестициялық келісімшарттар мен олардың жүйесі (жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық шарттар концессиялық келісімдер, өнімді бөлу жөніндегі келісімдер, сервистік келісімдер); сыртқы экономикалық инвестициялық шарт; мемлекеттік қарыз шарты, банк қарызы жөніндегі шарт, лизинг шарты; бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық өзара келісімдер; инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық дау-даймаларды шешу. Сонымен бірге инвестициялық құқық жүйесіне бюджеттік инвестицияларды реттеу институты; бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламалар институты; бюджеттік несиелер институты; мемлекеттік қарыз бен несиелендіру институты, сондай-ақ коммерциялық емес салада білім, ғылым, т.б. инвестицияларды құқықтық реттеу институты кіреді.

Инвестициялық құқық жүйесі туралы айтқанда, мынаны ерекше атап өткен жөн: сала ретінде инвестициялық құқыққа жалпы бөлімнің негізгі ережелері ықпал жасағанда, жалпы және ерекшеленген бөліктер арасындағы өзара байланыс көрініс алады, инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ инвестициялық құқықтың түсінігі мен категориясының мазмұнын дамытады. Ерекшеленген бөлікті құрастыратын институттар өз тарапынан инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу практикасымен мейлінше тығыз және нақты байланыста болады. Сөйтіп, инвестициялық қызметке тікелей ықпал жасайды, сайып келгенде, оның пәрменділігін арттырады, бұдан әрі жекеленген институттарда болсын, инвестициялық құқықта болсын өз дамуын алады.

2 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА

2.1. Инвестициялық заңнаманың пайда болуы мен дамуының тарихы

Еліміздің және шетелдердің инвестициялық заңнамасының дамуының жалпы заңдылықтары мен негізгі тенденцияларын анықтау үшін оның заңнаманың дербес саласы ретінде пайда болуы мен қалыптасу тарихының зерттелуі қажет.

«Инвестиция» терминінің өзі XVIII ғасырдың басында, әуелде кірістер алуға пайдаланылатын еркін ақша қаржыларын көрсететін қаржы категориясы ретінде пайда болды. Бұл кезде Шотландия инвесторлары Американың батысында болашақта бау мақсатымен фермерлер жерлерін сатып ала бастайды, Америкада әлі де болсын аяғынан тік тұрмаған қарапайым нарықтың қалыптасуы мен дамуының негізін жасады. Жабық үлгіде қорлар алғашқы инвестициялық компаниялар болды. 1822 ж. Бельгия королі Вильям I, қазір айтылып жүргендей, тұңғыш инвестициялық траст жасады, траст Брюссельде тікшелді, бұл шетел мемлекеттеріне қарыз беру жолдарымен инвестицияларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл күнге дейін жұмыс істеп келген жабық үлгідегі байырғы қорлардың бірі – 1868 жылы Лондонда құрылған Шетелдік және отарлық инвестициялық траст. XIX ғасырдың 80-жылдарында инвестициялық трастар Шотландия мен Англияда пайда болды, кейін олар акциялары еркін сатылатын компанияларға айналды, бұл инвестицияларға қатысатын инвесторлардың санын көбейтуге, инвестициялық қатынастарды онан әрі дамытуға жеткізді.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыруды реттейтін арнаулы заң актылары арасында АҚШ-та қабылданған «Инвестициялық компаниялар туралы» Заң және 1940 жылғы «Инвестициялар жөніндегі кеңесшілер туралы» Заң бар. Алдыңғы заң инвестициялық компаниялардың акцияларын сатып алған инвесторларға қорғауға бағытталған, екіншісі – ақша салымдарының үлгілерін кәсібилікпен жасау үшін инвесторлар жалдайтын инвестициялар жөніндегі кеңесшілер тарапынан ықтимал асыра сілтеушіліктерден қорғауға арналған. Бірақ осы екі заң қосымша актылар болып табылды, ал АҚШ-тың

Инвестициялық заңнамасының негізін 1933 жылғы бағалы қағаздар туралы Заң мен 1934 жылғы қор биржалар туралы Заңдар құрайды. Бағалы қағаздар туралы заң бағалы қағаздардың жаңа шығарылымы туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету және 1929-1932 жылдардағыдай қор биржаларының болашақ құлдырауын болдыртпау үшін қабылданды. Негізінен АҚШ-тың бағалы қағаздар туралы заңнамасы бағалы қағаздар нарығында нақты және ықтимал инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекеттердің интеграциялануына ынта күшейді. Социалистік мемлекеттердің пайда болуына байланысты мемлекеттердің екі негізгі блогы құрылды, соның шеңберінде олардың экономикалық және саяси, әлеуметтік салаларда ынтымақтастығы дамыды. Тұрақты қызмет істейтін, мемлекетаралық және үкіметтік емес сыпаттағы бірлестіктер ретінде әртүрлі мемлекеттік ұйымдар құрылды, ондағы мақсат тиісті құрылтай құжаттарында қарастырылған халықаралық проблемаларды шешуге көмектесу, мемлекеттердің жан-жақты ынтымақтастығын дамыту болды. 1944 жылы шілдеде АҚШ, Ұлыбритания және олардың одақтастары өкілдерінің Бреттон-Вудсте (Нью-Хэмпшер, АҚШ) кездесуі нәтижесінде халықаралық Валюта Қоры жөнінде Шарт жасалды. 1946 жылы Халықаралық даму және қайта құру банкі құрылды. 1957 жылы Рим шартына сәйкес Еуропалық, Экономикалық Қауымдастық құрылды.

Бұл кезең дамыған (капиталистік) елдерден трансұлттық корпорациялардың әртүрлі ұлттық заңды тұлғалардың бірлестігі ретінде экономикалық және саяси ықпалын күшейту мақсатында капитал жеткізу өріс алды. Бұл үрдіс ХХ ғасырдың басында-ақ, 1907 жылы ағылшынның «Шелл» мұнай компаниясы Голландияның «Ройял Датч» («Ройял Датч-Шелл») компаниясымен біріккен кезден басталды, оның нағыз дамуы өткен ғасырдың екінші жартысында Американың «Дженерал Моторз», «Форд Моторз», т.б. компанияларының тікелей араласуы нәтижесінде басталды.

Капитализм елдерінің халықаралық және экономикалық институттарының құрылуына орай социалистік мемлекеттер блогының шеңберінде Варшава Шарты жасалды және

Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі құрылды. Инвестициялық қатынастардың жаңаруы жаңа сапада болсын, тар мағынада болсын, дәл осы кезде басталды. Инвестицияларды құқықтық реттеу аймақтық деңгейде ғана емес, социалистік мемлекеттер арасында достық және ынтымақ жөнінде екі жақты келісімдер жасау жолымен, сондай-ақ социалистік құрылыс жолына түскен үшінші әлем елдерімен де келісімшарттар жасау жолымен реттеліп отырды. Үшінші әлем елдеріне «қайырымды» саяси миссияны жүзеге асыру үшін едәуір қаржы көмегі көрсетілді, заводтар, фабрикалар тұрғызылды, экономикасының тұтас салалары, ауыл шаруашылығы, т.б. жаңарды. Сонымен бірге социалистік елдер, оның ішінде бұрынғы КСРО дамушы елдерде осы мемлекеттердің азаматтары есебінен әртүрлі деңгей мен сан алуан қызмет салаларына арнап мамандар даярлады.

Мынаны ерекше атап өткен жөн: КСРО бірқатар капиталистік елдермен – Финляндиямен, Франциямен, Скандинавия елдерімен, Германиямен, т.б. мемлекеттермен ұзақ мерзімдік сауда келісімдерін жасады. Товар айналымы жөніндегі келісімдерге сәйкес КСРО-ның шаруашылық ұйымдары мен Батыс фирмалары арасында келісімшарттар жасасты. Бұл келісімшарттардың мемлекетаралық келісімшарттардан елеулі ерекшеліктері болды: буржуазиялық мемлекеттер өз фирмаларына қатынасты келісімшарттар жасау үшін әкімшілік шаралар қолдануға міндеттемелер қабылдамады. Мұның өзін қазіргі, жағдайда дұрыс деуге болады, өйткені әңгіме жеке меншік-құқықтық қатынастар туралы болып отыр, оған мемлекеттің араласуына жол берілмейді, ал кеңестік ғылымда халықаралық – жеке меншік құқық проблемасы үлкен айтыс, пікірталас туғызды, бұл буржуазиялық мемлекеттердің өздерінің заңды және жеке тұлғаларының келісімшарттарын сақтауға кепілдік жасауға құлықты емес деп қабылданды, жалпы алғанда, мәселенің қойылысы мұндай келісімшарттардың ролін кәдімгі нұсқауларға деңгейіне жеткізу, тараптарға қандай да болсын міндеттемелер жүктемейтін деңгейге жеткізуді көздеді.

Алайда, инвестициялық қызметтің нақты дамуы *XX ғасырдың 80-ші жылдарында ғана* мүмкін болды. Елде жер-жерлерде басталған «қайта құру» сыртқы экономикалық қызметті де қамтыды. КОКП ОК Саяси Бюросының 1986 жылы күзде біріккен кәсіпорындар құрудың мүмкіндігі туралы шешім қабылдаудан

кейін мемлекеттің экономикасына шетелдік инвестицияларды құюға жол ашылды. Бұл шешім КОКП ОК-і мен КСРО МК-інің 1986 жылғы 19 тамыздағы «Социалистік елдермен ғылыми-техникалық ынтымақтастық және экономиканы басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» құрылысымен байланысты болды. Осыған орай социалистік ынтымақтастықтағы елдермен сыртқы экономикалық байланыстардың нысаны мен әдістері елеулі өзгерістерге ұшырады. Басты назар КСРО және социалистер елдердің бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары арасында өзара әрекет етудің жаңа прогрессивті нысандарын белсендірек енгізуге, толық шаруашылық есеп пен өзара тиімділік негізінде олардың қызметі үшін экономикалық және ұйымдастырудың алғышарттарын жасауға аударылды. КСРО МК-інің 1987 жылғы 13 қаңтардағы «КСРО аумағында кеңестік ұйымдары мен капиталистік және дамушы елдердің фирмалары қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құрудың тәртібі туралы» Қаулысымен КСРО аумағында бірлескен кәсіпорындар осындай кәсіпорындар мен келісімшарттар негізінде құрылатыны белгіленді.

Қалыптасқан осы жағдайларда КСРО Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы 10 желтоқсанда *«КСРО-да инвестициялық қызмет туралы заңнаманың негіздері туралы»* Заң қабылдады. Заң инвестициялық қызмет субъектілері арасындағы өзара қатынастарды реттейтін негізгі құқықтық құжат ретінде шарт (келісім) деп санады. Қазақ КСР-ында, басқа да одақтас республикаларда шетел инвестициялары және инвестициялары қызмет туралы Заңдар қабылданды. КСРО-ның шетел инвестициялары туралы заңнамасының негіздері республикаларға егер өз заңдары одақтық конституция мен қолданылып жүрген заңнамаға қайшы келмесе, шетел инвесторлары туралы өз заңдарын қолдану құқын берді (Кеңес мемлекетінде федерациялық мемлекеттік құрылыс бола тұрса да, одақтық заңдар нормалары республикалық заңдарға ешбір өзгеріссіз қабылдана беретін). *Қазақ КСР-ның 1990 жылғы 7 желтоқсандағы «Шетел инвестициялары туралы»* Заңы бойынша республикада шетел инвесторлары мыналар бола алады: шетелдік заңды тұлғалар, шетел азаматтары және кеңестік заңды тұлғалары, шетелдік азаматтар мен заңды тұлғаларға жататын акциялардың бақылау пакеті немесе үлестік қатысудың үлкен бөлігі (1 бап). Бұл кезеңде Қазақстанда алғашқы инвестициялық келісімге қол қойылды, оның тараптары Кеңес Одағы мен американдық «Шеврон» корпорациясы.

Кеңестік инвестициялық заңнама ұзақ жасаған жоқ, Одақтың тарату үрдісі басталды, тәуелсіз мемлекеттер құрылды. «Шеврон» корпорациясымен инвестициялық келісімшарт Қазақстан Республикасымен, жаңа және неғұрлым тиімді нұсқада 1993 жылы қайта жасалды, осы заманғы ірі инвестициялық келісімшарттардың бірі болып табылады. Сонымен бірге бұл кезең бұрынғы одақтас республикалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамаларының қалыптасуында шешуші роль атқарды, инвестициялық қызметтің негіздері жасалды. Мысалы, Ресей Федерациясында 1991 жылы 4 шілдедегі «Инвестициялық қызмет туралы» Заң бірқатар өзгерістермен, қосымшалармен әлі де қолданылып жүр.

Инвестициялық заңнама тарихы туралы мәселені талқылауды аяқтай келіп, мынадай қорытындылар шығаруға болады:

- Инвестициялық қатынастар пайда болған сәттен заңнаманың әртүрлі салаларының (сауда, азаматтық, қаржы, тау-кен, халықаралық, т.б.) нормаларымен реттеліп келді, ал инвестициялық нормалардың бөлінуі және заңнаманың дербес саласына бірігуі дамыған елдерде, негізінен, XX ғасырдың екінші жартысынан басталды;

- XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап инвестициялық қатынастардың дамуында екі кезеңді бөліп алуға болады:

1 кезең (1986-1990 жж.) шетел инвестицияларының келуі және бірлескен кәсіпорындардың құрылуы. (Елде «қайта құру» басталады, бұл сыртқы экономикалық қызметті де қамтыды. КОКП ОК-і мен КСРО МК-інің сыртқы экономикалық байланыстар мен социалистік елдермен ынтымақтастығы басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қаулысына, сондай-ақ КОКП ОК-інің Саяси Бюросының бірлескен кәсіпорындар туралы шешіміне сәйкес шетел инвесторлары КСРО аумағында өз қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік алды);

2 кезең (1990-1991 жж.) – шетелдік және ұлттық инвесторлар инвестициялық қатынастардың толық мәнді қатысушылары (субъектілері) бола бастады. (КСРО-да инвестициялық қызмет туралы заңнаманың негіздері, 1990 ж., КСРО-ның шетел инвестициялары туралы заңнама негіздері, 1991 ж., сондай-ақ барлық бұрынғы одақтас республикаларда қабылданған осындай заңдар инвестициялық қызметтің негізгі бастаулары мен принциптерін бекітіп берді).

- Қазақстан Республикасында, басқа да бұрынғы социалистік елдерде, инвестициялық заңнаманың ұлттық жүйесінің қалыптасуы олардың тәуелсіз мемлекеттер ретінде қалыптасуы мен нарыққа көшуі кезеңінде мүмкін болды.

2.2. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы

Қазақстан Республикасында инвестициялық заңнама өзінің қалыптасуы, дамуы мен жетілдіруінде төрт негізгі кезеңнен өтті.

Бірінші кезең – бастапқыда шетел инвестициялары туралы заңнама ретінде пайда болған инвестициялық заңнаманың қалыптасуы. Ол Қазақ КСР-ының 1990 жылғы 7 желтоқсандағы «Қазақ КСР-ының инвестициялық туралы» заңынан бастау алды. Бұл заң шетел инвестицияларын озат технология мен басқару тәжірибесін тартуды мақсат етті, шетел капиталына қажетті кепілдіктер берді. Заң республикада ашық үлгідегі экономиканы қалыптастыруға бағытталды және елдің әлемдік практикада шаруашылықты жүргізудің жалпы қабылданған принципіне тезірек көшуіне көмектесуге тиіс болды.

Қазақ КСР-ының шетел инвестициялары туралы заңының негізгі ережелері әлі де болсын белгілі бір деңгейде декларациялық сыпат алды, рас, оны қабылдауда оң сәттер де болды: біріншіден, республикада қалыптасып үлгірген инвестициялық қатынастарды заңды түрде бекіткен тұңғыш акт болды; екіншіден, осы заң актысымен төрт жыл бойы ел экономикасына шетел инвестицияларын тарту тәртібін анықтады, мұның өзі шетел капиталының ағылуына жеткізді; үшіншіден, шетел инвесторларына өз қызметін жүзеге асыруына кепілдіктер берілді (мысалы, кеңес мемлекетінің 20-шы жылдарда шетел капиталын енгізуге бағыт ұстаған заңнамасынан өзгешелігі осы – шетел инвестицияларының хауіпсіздігі мен сақталуы жөнінде кепілдіктер берді). 1917 жылы әуелі жеке меншікті мемлекет меншігіне алу, бұдан кейін ЖЭС-тан кейін тағы да меншігіне алу шетелге белгілі болған, осыдан КСРО-ға ерекше сенім болмағанды. Мейлінше белгілі және осы уақытқа дейін жұмыс істеп тұрған бірқатар шетелдік фирмалар (Швейцарияның «Сандоз», «Хофманля-Рош», Францияның «Креди Лионе», т.б. фирмалар) 1920-1940 жылдары КСРО-да ешқандай өтемақысыз өз меншіктерінен

айырылып қалды, сонымен бірге 30-шы жылдары «Лена-Голдфилдс», «Тетюхе Майнинг корпорейшн» сияқты компаниялармен концессиялық келісімшарттарды мерзімінен бұрын тоқтату төрелік және сот істерін жүргізуге әкеп соқты, бұл шетел инвесторлары үшін нәтижесіз аяқталды. Сондықтан шетел инвестицияларына кепілдіктер беруге арналған тараудың енуі шетелдік ынталы инвесторлар тарапынан ықылас туғызады және олардың белсенділігін арттыра түседі.

Инвестициялық заңнаманың дамуындағы *екінші кезең* Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициялары туралы» 1994 жылғы 27 желтоқсандағы қабылданған Заңынан басталады. Осыған байланысты шетел инвестициялары туралы 1990 жылғы 7 желтоқсандағы заң, күшін жойды. Жаңа заң ел экономикасына шетел инвестицияларын жұмылдыру негіздерін анықтады, шетел инвестицияларына мемлекеттік кепілдіктер берді, оларды жүзеге асырудың ұйымдық-құқықтық негізгі нысандарын белгіледі, сондай-ақ шетел инвесторларының қатысуымен даулы мәселелерді шешу тәртібін анықтады. Шетел инвестициялары туралы заңмен бір мезгілде Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) қабылданды, оның 1995 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енуіне байланысты Қазақ КСР-ының 1963 жылғы Азаматтық кодексінің кіріспесі, 1-223 баптары, КСРО және одақтас республикалардың Азаматтық заңнамасы негіздерінің (1991 ж.) 1-73 баптары (Азаматтық кодекс пен азаматтық заңнамалар негіздерінің қалған баптары 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде қалды, басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі күшіне енгенге дейін); Қазақстан Республикасының «Меншік туралы», «Кәсіпорындар туралы», «Кепілдік туралы» (1991 ж.) заңдары күшін жойды деп танылды.

Инвестициялық заңнаманың дамуындағы *екінші кезеңнің* ерекшелік белгісі сол – қабылданған заңнама және нормативтік актылардың басым көпшілігі – уақытша сыпат алды, ұзақ мерзімдік перспективасы болмады, қазір олардың едәуір бөлігі құқықтық күшін жойды, бұлардың арасында Ел Президентінің заң күші бар «Жер туралы» 1995 жылғы 22 желтоқсандағы, «Салықтар және бюджетке қосылатын басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылы 24 сәуірдегі, «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы, т.б. жарлықтары бар. Сонымен бірге

дәл осы кезеңде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің жалпы бөлімі қабылданды, тиісінше жеткілікті елеулі құқықтық база жасалды, бұл нарықтық қатынастарды реттейтін қолданылып жүрген заңнаманың негізін құрады.

Инвестициялық заңнаманың дамуы мен жетілдіруінің үшінші кезеңінің бастауы Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау жасау туралы» 1997 жылғы 28 ақпанда қабылданған заңнан алады. Онда мынадай негізгі міндеттер айқындалған: Жаңа технологиялар, озат техника мен ноу-хау енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы товарлар мен қызмет түрлерімен толтыру; отандық өндірісшілерге мемлекеттік қолдау мен көтермелеу; экспортқа бағдар ұстанған және импорт ауыстыра алатын өндірістерді дамыту; жаңа жұмыс орындарын жасау; қоршаған ортаны жақсарту т.б.

Тікелей инвестициялар мемлекеттік қолдау туралы заңның маңызы мынада: біріншіден, оны қабылдаумен бірге Қазақстан Республикасының тікелей инвестициялар туралы арнаулы заңнамасын қалыптастыру басталды; екіншіден, бұл заңнама өз дамуында жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Тікелей инвестициялар туралы заңнама қабылданғанға дейін мемлекеттің инвестициялық саясаты шетелдік инвестицияларды көбейтуге және олардың қызметіне анағұрлым қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталды. Сайып келгенде, шетел инвестицияларының тиімділігі аз болды, көбінесе жер қойнауын пайдалануға салынды, ел экономикасын дамытуға елеулі ықпал ете алмады, бұл шетелдік инвесторлардың жер қойнауын игеруге басым назар аударуына әкеп соқты. Соның нәтижесінде сол кезеңде салынған шетел инвестицияларын едәуір бөлігі алыпсатарлық сыпат алды. Кейін тікелей инвестициялар туралы заңның қабылдануымен шетел инвестициялары туралы заңға елеулі өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Бұған себеп Қазақстан тарапынан үкіметтік кепілдікпен ұлттық инвесторлардың шетел инвесторларымен жасасқан шарттар бойынша мемлекеттің миллиондаған теңге зиян шегуі болды. Осыдан кейін Қазақстан жағы шарт міндеттемелерін бұзуға мәжбүр болды.

Тікелей инвестициялар туралы заңмен инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін кепілдіктер мен жеңілдіктер белгіленді, инвесторлар алдында Қазақстан Республикасының өкілеттілігін танытатын бірыңғай мемлекеттік орган құру жария

етілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік Комитеті құрылды және Қазақстан Республикасы үкіметі осы Комитет жөніндегі Ережелерін бекіту туралы қаулы қабылдады (1997 жылғы 24 наурыздағы).

Кейін инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік комитет республикалық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі Агенттігіне айналды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі қаулысымен бекітілген Агенттік туралы Ережеге сәйкес Агенттік Үкімет құрамына енбейтін, Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында мемлекеттік басқару мен бақылау функциясын жүзеге асыратын орталық атқару органы болып табылады. ҚР Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығымен ҚР-ның инвестициялар жөніндегі Агенттігі таратылып, оның функциялары ҚР Сыртқы істер министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитетіне, ал жер қойнауын пайдалану саласында – ҚР Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігіне берілді.

Сонымен бірге бір жарым жылға жуық уақыттан соң, кезекті қайта ұйымдастыру болды. Экономика және сауда министрлігі екі министрлікке бөлінді: экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, индустрия және сауда министрлігі. Соңғы министрлікке өнеркәсіп, құрылыс және сауда, стандарттау, метрология, сертификаттау салалары бойынша басқару функциялары мен өкілдіктері берілді, осыған байланысты ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитеті құрылды (бұдан әрі Инвестициялар жөніндегі Комитет).

Қазір инвестициялар жөніндегі Комитетке инвестицияларды жүзеге асыру саласында өкілетті және бақылаушы орган мәртебесін беретін қажеттілік өзінен-өзі туды, ал оны инвестицияларды мемлекеттік қолдау шеңберімен шектеп қалуға болмайды. Қолданылып жүрген заңнамада бекітілген Комитеттің негізгі функциялары оның құзырынан және экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын тікелей инвестициялар туралы заңнаманы реттеу шегінен асып түседі. Тікелей инвестициялар жөніндегі заңның мәні мен негізгі мақсаты – экономиканың инвесторлар үшін аса тартымды емес салаларына жеңілдіктер мен преференциялар арқылы шетел және отандық капиталды, алдымен

өндірістік инфрақұрылымдарға, ауыл шаруашылығына тарту. Жер қойнауын пайдалану экономиканың басым саласына жатпайды және мемлекеттік қолдауға мұқтаж емес, әуелбаста ең алдымен шетел инвесторлары үшін неғұрлым молырақ капитал салу объектісі болғаны рас.

Сонымен, ҚР Инвестициялық заңнамасының дамуындағы үшінші кезеңнің басты ерекшелігі мынада – инвестициялық заңнама арнаулы заңнамалық актылардың үш негізгі блогын қамтыды: шетел инвестициялары туралы заңнама; тікелей инвестициялар туралы заңнама (тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңнама); бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар туралы заңнама (бағалы қағаздар нарығы туралы заңнама). Сонымен бірге мемлекеттік инвестициялау туралы заңнама, оның ішінде тікелей мемлекеттік инвестициялар; мемлекеттік инвестициялардың бағдарламалары; мемлекеттік инвестициялар; мемлекеттік инвестициялардың бағдарламалары; мемлекеттік қарыздар мен борыш туралы, т.б. заңнамалар; әлеуметтік инвестициялар туралы (коммерциялық емес ұйымдар туралы) заңнама.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы «Инвестициялар туралы» заңының қабылдауымен инвестициялық заңнаманың дамуының *төртінші кезеңі* басталды. Инвестициялар туралы заң инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейтін нормаларды біріктірді, шетелдік және отандық инвестициялардың жалпы құқықтық тәртібін орнықтырды, Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын инвесторларға кепілдіктер берді. Атап айтқанда, ҚР-ның аумағында инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктері (ҚР-ның заңдарымен және басқа да нормативтік актылармен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау. ҚР-да бекітілген халықаралық шарттармен қорғау); мемлекеттік органның қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес келмейтін актысынан инвесторға келтірілген шығынның орнын толтыру құқы; сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) туындаған шығын орнын толтыру құқы; кірістерді пайдалану кепілдігі; инвесторлардың национализациялау мен реквизициялау кезінде құқықтарына кепілдіктер беру. Осы заңнама актысымен

инвесторлардың қызметін бақылау және қадағалауды мемлекеттік органдар атқарады. (Инвестициялар туралы заңның 7 бабымен оларға осындай құқық берілген). Шын мәнінде бұл құқықты кепілдіктер қосуға болады, өйткені онда мемлекеттік органның бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруының ережесі белгіленген.

Енді шетел инвестициялары туралы және тікелей инвестициялар туралы заңдардың күшін жойғанын танығаннан кейін инвестициялық заңнаманың дамуындағы жаңа кезең туралы айтуға болады. Бұл кезеңде мемлекеттік инвестициялар туралы, мемлекеттік қарыздар мен несие туралы, бюджеттік жүйе, т.б. заңнамаларды жүйеге келтіру жүрді. 2004 жылы 24 сәуірде Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі – бірыңғай кодификацияланған заңы қабылданды.

Бұл кезеңде сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада түбірлі өгерістер болды: Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды: 2003 жылы 13 мамырда «Акционерлік қоғамдар туралы», 2003 жылы 2 шілдеде «Бағалы қағаздар нарығы туралы». Инвестициялық заңнаманың маңызды құрамдас бөлігі жөніне инвестициялық заңнаманың өзін жалпы қайта құру ретінде бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманы модерлендіру заңнама жүйесінде құрылымдық елеулі өзгерістерді анықтады. Инвестициялар туралы заң төңірегінде басқада нормативтік актылар топтастырыла бастады, олардың қай салаға жататынын бірыңғай инвестициялық заңнаманың болмағанынан анықтау оңай болмады, өйткені бұл актылар кешенді сыпатта болды. Ең алдымен, Қазақстан Республикасының «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуде өнім бөлу жөніндегі келісімшарттар» 2005 жылы 8 шілдеде Заң мен «Концессиялар туралы» 2006 жылғы қабылданған заңды алайық. Мұнда «Концессиялар туралы» заң-кешенді заңнамалық акт, онда концессионерлер-инвесторларға тек жер қойнауы ғана емес, жер, су, басқа табиғат ресурстарын, сондай-ақ товар-материалдық игіліктер беру тәртібі анықталған.

Бұл кезеңді былай нақтылауға болады – шетел және ұлттық инвесторлар үшін тең мүмкіндіктер кезеңі. Мұндайда жалпымемлекеттік мүдделер мен ұлттық және шетел инвесторларының мүдделерін ықтималды түрде үйлестіруді қамтамасыз етпейінше тұрақты экономикалық даму мүмкін еместігін естен шығармау керек, басты назар инвестициялардың

өзара тиімділік принципіне аударылуы қажет. Шетел және отандық инвестицияларды тиісінше заңды түрде бекітпейінше, елдің экономикасына инвестицияларды (ең алдымен шетел инвестицияларын) тарту мүмкін болмайды.

Жаңа заман шетел инвестицияларына арналған нормаларды алып тастағанға қарамастан, олардың жекеленген нормалары реттеуде, шетел инвесторлары мен келісімшарт мерзімдері аяқталғанға дейін сақталады, демек шетел және ұлттық инвестициялардың толық теңдігі жөнінде айту әлі де болсын ертерек, солай бола тұрса да, бірыңғай құқықтық режим үшін заңнамалық негіздер жасалды. Инвестициялық қызметті шетелдік, немесе ұлттық инвестициялар жүргізетініне қарамастан, едәуір преференциялар берілетін болады, мұндағы басты шарт – инвестициялар туралы заңнамамен айқындалған талаптарға инвестициялық жобаның сәйкестігі.

Әрине, инвестициялық заңды реттеу шеңберінен инвестициялық қатынастардың тұтас тобы, ең алдымен, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялауды жүзеге асыруға байланысты қатынастар тыс қалды, солай бола тұрса да, инвестициялық нормалардың бытыраңқылығынан өттік деп айтуға болады. Осы кезеңде инвестициялар туралы заң түп қазығы болып табылатын арнаулы инвестициялық заңнама ҚР-ның заңнамасының дербес саласы болып түпкілікті қалыптасты.

3 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯ ҰҒЫМЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

3.1. Инвестициялардың түсінігі және белгілері

Инвестициялардың түсінігі туралы мәселеге заң әдебиетінде де, экономика әдебиетінде де ерекше мән берілген. Бұл осы құбылыстың мейлінше жеткілікті тараушылығымен түсіндіріледі және инвестициялар негізгі екі сапада көрінеді: ең алдымен экономикалық категория, сонсоң құқықтық категория. Өйткені құқықтық қатынастар экономикалық қатынастардан туындайды. Инвестицияларды анықтаудағы пікірлер мен көзқарастардың әртүрлілігі – түсініктің өзінің күрделілігі мен көп мағыналылығында, қолданылып жүрген заңнамада оның айқын құқықтық регламентациясының болмауында.

Заң әдебиетінде жалпы инвестицияларға емес, «Шетел инвестициялары» түсінігіне негізінен көбірек назар аударылған. Бұл арада елдің инвестициялық заңнамасына сәйкес кепілдіктер мен жеңілдіктер берілетін шетелдік жеке меншік инвестицияларды айқындап алу керек. Сондай-ақ шетелден келген басқа да қаржылар бар, мұндайларға жеңілдіктер мен кепілдіктер жасалмайды.

Энергетикалық Хартия «Капитал салымы» (немесе «investments», бұл жерде «капитал салымы» және «инвестициялар» тең түсінік ретінде қолданылуда) термині пайдаланылған. Осы Шарттың 1 бабына сәйкес «капитал салымы» меншіктегі, инвестордың тікелей жанама бақылауындағы активтердің барлық түрлерін білдіреді және мынаны қамтиды: а) нақты және нақтыланбаған, сондай-ақ жылжымалы және жылжымайтын мүлік және кезкелген мүліктік құқықтар: жалгерлік, салымдық, ипотека және басқа да аманатты ұстау құқы; б) компания немесе іскерлік кәсіпорын, немесе акциялар, салымдар немесе басқа кәсіпорындар, сондай-ақ компания мен іскер кәсіпорынның облигациялары мен басқа да қарыз міндеттемелері; с) ақша қаржылары бойынша талап құқы және экономикалық құндылығы бар, капитал салымымен байланысты келісімшартқа сәйкес орындау жөніндегі талап құқығы; d) зияткерлік меншік; e) кірістер; f) заңға сәйкес немесе келісімшартпен берілген кезкелген лицензиялар мен рұқсаттанамаларға сәйкес энергетика секторында кезкелген шаруашылық қызметті атқару құқығы. Осы анықтамада капитал

салымдары (инвестициялар) инвестордың меншігінде болмауы мүмкін, әңгіме басқа мәңгі құқықтар туралы болады. Мұндай көзқарас мемлекетаралық екі жақты келісімдерде байқалады, мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия және Әзірбайжан Үкіметтері арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдерге «Инвестиция» термині келісуші жақтың инвесторының екінші келісуші жақтың аумағында, экономикалық қызметке байланысты инвестицияланған активтерінің кезкелген түрін қамтиды.

Шетел инвесторлары ұлттық режим инвестицияны қабылдаушы елге әкелінген бүкіл шетелдік меншікті қамтуына ұмтылады. Тиісінше, шетел инвестицияларын жүзеге асыруда көп жылдық практикасы үрдісінде «Шетел инвестициялары» түсінігі азды-көпті әртүрлі құқықтық жүйелерде бірыңғайлана бастады. Шетел инвесторлары кіріс (пайда) алу мақсатымен кәсіпкерлік қызмет (мүмкін басқа қызмет) объектілеріне салған мүліктік құндылықтардың барлық түрлері сияқты (қосымша зияткерлік құндылықтар) шетел инвестицияларының түсінігінде ортақтық (жиынтық) орын алады.

Сонымен, Қазақстан Республикасы бекіткен ТМД елдерінің инвесторлар құқықтарын қорғау туралы Конвенциясында инвестордың қызметтің әртүрлі объектілеріне қаржы және материалдық қаржылары, сондай-ақ кіріс (пайда) алу немесе оң әлеуметтік тиімділікке жету мақсатымен мүліктік және зияткерлік меншікке берілген құқықтар, егер тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес айналымнан алынып тастамаса, немесе шектелмесе. Бұл шетел инвесторларының қызметін реттеу мәселелерінде ТМД елдерінің заңнамалары едәуір деңгейде үйлесімді екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы Заңында мынадай анықтама берілген: инвестициялар – мүліктің барлық түрі (жеке тұтынуға арналған товарлардан басқа) лизинг шартын жасау сәтінен бастап қаржы лизингінің заттары, сондай-ақ заттарға құқықтары, инвестордың заңды тұлғаның жарғылық капиталына салымдар немесе кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын нақтыланған активтердің ұлғаюы.

Біздіңше, инвестицияларды кез келген басқа күрделі құбылыс ретінде, кең және тар мағыналарда қарастыруға болады.

Кең мағынада (қазіргі уақытта мейлінше көп тараған) инвестицияларды былай түсінуге болады: инвестициялар мүліктік (материалдық) және зияткерлік (материалдық емес) құндылықтардың кез келген түрлері, сондай-ақ оларға құқылық ету; кәсіпкерлік және қызметтің басқа түрлеріне кіріс алу (пайда) және оң әлеуметтік тиімділікке жетісу мақсатымен салымдар енгізу. Бұл жағдайда «Инвестициялар» түсінігі мейлінше кең, өйткені инвестициялар ретінде материалдық және материалдық емес құндылықтардың саналуан түрлері, оларға деген құқықтар қосылады. Алайда, «Инвестициялар» түсінігінің бастапқы атауын есте ұстаған жөн. Ол кезде инвестициялар өзі пайда болған сәттен-ақ тек ақша қаражаттарымен араласып кетті. Сондықтан *тар мағынада* инвестициялар – инвестордың кіріс (пайда) алу мақсатымен материалдық рухани игіліктерді жасауға салған өзінің жеке, несие-қарыз және жұмылдырылған ақша қарыздары.

Инвестициялардың материалдық және материалдық емес игіліктер ретіндегі түсінігін басшылыққа ала отырып, осы құндылықтардың белгілерін тұжырымдау қажет. Инвестициялардың негізгі және айқындаушы белгісі – оның *материалдық немесе рухани игіліктерді жасауға* бағытталған. Бұл белгі инвестициялардың кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне мақсаткерлікпен жұмсалыуынан көрінеді. Мұндайда егер әкелінген товарлар жабдықтар болмаса, немесе басқа инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты мұқтаждарға арналған материалдар болмаса, шетелдік товар несиелері инвестициялар категориясынан шығарылуы керек; сондай-ақ біздің елге ресми техникалық көмек немесе гранттар шеңберінде түсетін қаржылар туралы да осыны айтуға болады.

Инвестициялардың келесі белгісі – инвестициялардың *кәсіпкерлік мәнін* ашады, негізінен инвесторларды инвестор кіріс (пайда) алу мақсатымен салады, өзі жүзеге асырады. Инвестициялық қызмет кәсіпкерлік сияқты дербестілігімен бастамашылдығымен сыпатталады, бірақ қызметтің бұл түрлері үйлесуі де, үйлеспейуі де мүмкін, тиісінше инвестор кәсіпкер мәртебесінде болуы, болмауы да мүмкін.

Ең соңында, инвестициялардың айрықша белгісі – олардың *ұзақ мерзімділігі*, бірқатар олар дәстүрлі және кәдімгі түсінікте қысқа мерзімді, тіпті бір дүркіндік сыпатта да бола алады. Белгілі

бір уақытша ұзақтығы инвестициялардың басқа қаржы аспаптардан ажырауына, олардың сұрыпталуына ықпал етеді. Атап айтқанда, инвестициялар өздерінің іс-әрекет мерзімдеріне қарай ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Сонымен, *инвестициялар* – кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлеріне кіріс (пайда) алу және оң әлеуметтік тиімділікке жету мақсатымен салынатын мүліктік және зияткерлік құндылықтардың барлық түрі. Осы анықтама мүмкін шегіне жеткізіле жетілдірілмесе де, инвестиция сияқты осындай күрделі әрі сан қырлы құбылыстың мәнін барынша толық және дәл көрсете алады.

3.2. Инвестицияларды жіктеу және олардың түрлері

Инвестицияларды сұрыптаудың әртүрлі негіздері мен бұл проблемаға түрлі көзқарастар бар. Дамыған елдерде инвестицияларды: тұтынушылық сыпаттағы (жылжымалы мүлікке немесе ұзақ мерзімдік пайдалануға арналған товарларға, болашақта кіріс немесе пайда алуға салынған) инвестициялар; экономикалық (нақты активтерге айналдырылған және кіріс (пайда) алу мақсатымен товарлар өндіру мен қызметтер көрсетуге бағытталған материалдық және материалдық емес игіліктердің барлық түрі). Кірі (пайда) алу мақсатымен салынған бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар.

Біздің пікірімізше, барлық инвестиция түрлерін негізгі және қосымша деп жіктеуге болады. Негізгі түрлеріне: *капитал қарастырушы және зияткерлік, мемлекеттік және жекеменшіктік, шетелдік және ұлттық (отандық)*. Инвестициялардың тікелей, портфельдік (жанқалталық), нақты және қаржылық, ұзақ мерзімдік, қысқа мерзімдік, жоғары және шағын тәуекелділік түрлері негізгі бөлініске түседі, инвестициялардың қосымша түрлері болып табылады.

Инвестициялар бөлінісінің негізгі сұраптау өлшемдерінің бірі – инвестициялардың мақсаты – кіріс (пайда) алу және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жетісу. Осыдан барып инвестициялау *капитал құрастырушы және зияткерлік* (әлеуметтік) инвестицияларға бөлінеді.

Капитал құрастырушы инвестициялар – материалдық және материалдық емес активтерді ұлғайтуға немесе өсіруге

бағытталған инвестициялар, басқаша айтқанда, дәстүрлі түсінігіндегі инвестициялар, кіріс (пайда) алудың әдістерімен, тәсілдерімен әрекет жасайды. Өз тарапынан капитал құрастырушы инвестициялар нақты және қаржылық, немесе тікелей және портфельдік (жанама) инвестицияларға бөлінеді.

Зияткерлік инвестициялар – әртүрлі деңгейдегі мамандар даярлауға, сондай-ақ олардың біліктілігін көтеруге, ғылыми зерттеулер жүргізуге, т.б. шараларға бағытталған инвестициялар. Зияткерлік инвестициялардың қазіргі уақытта ең көп тараған түрлері – жоғары білім алуға арналған мемлекеттік және жеке меншік несиелері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 1999 жылы 7 маусымда қабылданған заңы бойынша кәсіби алу үшін мемлекеттік білім несиесінің жүйесі құрылды, ол конкурстық негізде мемлекеттік білім несиесі мен мемлекеттік студенттік несиені (4 бап) қамтиды. ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының жоғары оқ орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білім несиелеу туралы» 1999 жылы 20 шілдеде қабылданған Қаулысында: Қазақстан Республикасының азаматтарына республикасының жоғары оқу орындарында оқуы үшін мемлекеттік білім және мемлекеттік студенттік несиелер беріледі делінген. Осы Қауымға сәйкес қарыз алушы (студент) мен ЖОО, сенімді өкіл (агент) арасында үш жақсы келісімшарт, тараптардың міндеттемелері жасалады, оның ішінде қарыз алушы студенттің несиені қайтару жөніндегі міндеттемелері де жасалады. Несиенің негізгі сыпаттары көрсетіледі: қайтарымы, қамтамасыз етілуі, ақылылығы, мақсаткерлік пайдаланылуы, мерзімділігі (мемлекеттік білім несиесі 15 жыл мерзімге, мемлекеттік студенттік білім несиесі 15 жыл мерзімге, мемлекеттік студенттік несиесі 10 жыл мерзімге беріледі). Келісімшарттың өзі қолданылып жүрген заңға сәйкес азаматтық - құқықтың шарт болып табылады, шартта тараптың бірі ретінде мемлекеттік өкілетті орган қол қояды. Демек, мемлекеттік білім және студенттік несиелер мемлекеттік зияткерлік инвестициялар болып саналады.

Сонымен бірге мемлекет мемлекеттік емес білім несиесін салық бойынша жеңілдіктер беру жолымен дамытуды көтермелейді. Білім туралы заңнамада ақылы білім қызметтерін жүзеге асыратын ұйым мен оқушы, тәрбиеленуші, оның ата-аналары мен басқа да заңды өкілдері арасындағы қатынастар білім

деңгейін, оқу ақысының мерзімін, басқа да шарттарды анықтайтын келісім шарттармен реттелетіні қарастырылған. Бұл шарттың ерекшеліктері сол – білім қызметтерін көрсетудің ақылылығы. Оқушымен және оның ата-аналары немесе заңды өкілдері арасындағы қарыз келісімшарты да болуы мүмкін. Онда оқу үшін ақша беру және дер кезінде қайтару көзделген. Әрине, ақшаны несиелену ретінде жұмылдыру, кәсіпкерлік қызмет нысандарының бірі ретінде қабылданбайды, жасау сәтінен бастап шарт жарамсыз деп танылады, заңнама талабы (ҚР АҚ-сінің 715 бабы) осындай. Мұндай шарттар бірқатар елдерде, ең алдымен экономикасы дамыған мемлекеттер тараған, ал біздің елде ата-аналар мен балалар арасындағы қаржы қарым-қатынастарының мұндай келісімшарттық практикасы әлі қалыптаса қойған жоқ. Сонымен бірге заңды тұлғалар мен оқушы жеке тұлғалар арасындағы білім алуды несиелеу туралы шарт жасалып жүр, осыған сәйкес оқушы кейін сол ұйымда жұмыс істеуге міндеттеме қабылдайды, келісімшарт мұның мерзімін белгілейді. Тиісінше, мемлекеттік емес білім несиелері жекеменшіктік зияткерлік инвестициялар болады.

Біздіңше, «зияткерлік инвестициялар» түсінігін «әлеуметтік инвестициялар» түсінігіне дейін кеңейтуге болады. Мұндайда инвестициялардың объектісі әлеуметтік сала болады. Негізгі мақсат ретінде оң әлеуметтік тиімділік (бір мезгілде кіріс немесе пайда алу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды) ұсынылады.

Меншік инвестициялар түсінігінің ажырамас бөлігі болып табылатыны жалпыға белгілі. Сондықтан меншік нысаны оларды сұрыптау үшін негіз болады. Тиісінше, *мемлекеттік инвестициялар* (бюджеттік қаржылар есебінен жүзеге асырылатын) және *жеке меншік инвестициялар* (мемлекеттік емес заңды тұлғалар немесе азаматтардың жеке қаржылары немесе қарыздары есебінен жүзеге асырылатын).

Бұл жерде алдын-ала мынаны айтқан жөн: мемлекеттік бюджет қаржылары есебінен инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастар, немесе мемлекеттік инвестицияларға байланысты туындаған қатынастар (заң шығарушы «бюджеттік инвестициялар» түсінігін пайдаланады) инвестициялар туралы заңмен реттелмейді. Жаңа инвестициялық Заңның реттеу саласынан қатынастардың осы тобының шығарылуы олардың

жалпылама-құқықтық сыпатымен түсіндіріледі. Бұл мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың табиғатының елеулі өзгерісін білдірмейді, егер мұндай өзгеріс бола қалса, онда жекеменшік инвестициялардың толық мәнді түрі болып табылатынын жоққа шығарар еді. Сонымен бірге мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларды жүзеге асыру барысында қалыптасқан қатынастарды реттеу ерекшеліктері бар, мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар қаржылық (бюджеттік) заңнаманы құрайтын нормативтік актылармен белгіленеді.

Бұл саладағы негізгі заңнамалық акты Қазақстан Республикасының 2004 жылы 24 сәуірде қабылданған Бюджеттік Кодексі. Сондай-ақ инвестициялау үрдісіне тікелей қатысы бар актыларға Қазақстан Республикасының 2001 жылы 25 сәуірде қабылданған «Қазақстанның Даму Банкі туралы» заңды қосуға болады. Тұтас алғанда, қазіргі уақытта қолданылып жүрген заңға сәйкес бюджеттік инвестицияларды жоспарлау мен жүзеге асырудың принциптері мынадай: 1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау жүйесінде барлық бағдарламалық және жоспарлық құжаттардың тұрақтылығы мен өзара толықтыру принципі; 2) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар шешімдерінің дәйектілік және қабылданған мемлекеттік инвестициялық саясатқа сәйкестік принципі (Бюджеттік кодекс. 148 бабы, 1 тармағы). Демек, мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар мемлекетке инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісіне тікелей қатысуға мүмкіндік беретін негізгі аспаптардың бірі болып табылады.

Мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар және инвестициялардан төмендегіше ерекшеленеді: мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың қайнар көздері – бюджеттік қаржылар; 2) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар қайтарым және ақылы негізде жүзеге асырылады; 3) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың негізін және оларды босату тәртібін мемлекет белгілейді; 4) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың көлемі мен мөлшері мемлекеттік бюджеттің бекітілуіне байланысты; 5) мемлекет мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасайды; 6) мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар, мемлекеттік қазына мүлкімен қамтамасыз етіледі.

Жекеменшік инвестициялар және оларды жүзеге асыру тәртібі инвестициялар туралы заңнаманың, азаматтық заңнаманың, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың, заңнаманың басқа да салаларының нормаларымен реттеледі. Жекеменшік инвестициялардың мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялардан басты ерекшеліктері мынада: инвестициялардың қайнар көздерін, көлемі мен объектілерін инвестордың өзі анықтайды, ал мемлекет инвестордың құқықтарын мүмкін болатын, оның ішінде мемлекеттік органдар тарапынан қолсұғұшылықтан қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде инвестициялар туралы заң жекеменшік инвестициялармен байланысты қатынастарды реттейді.

Таяудағы уақытқа дейін инвестициялардың заңды түрде барынша реттелген түрлері – *шетел инвестициялары* және *тікелей инвестициялар* (бұған шетел және ұлттық инвестициялар да ене алады). Шетел және ұлттық инвестициялар болып бөліністің жалпы танымал негізгі сол – инвестициялар инвестордың елінде әлде басқа мемлекетте жүзеге асырылуында. Біздің пікірімізше, бұл жерде әңгіме қай меншік (ұлттық жеке меншік немесе шетел мемлекеттерінің немесе халықаралық ұйымдардың меншігі) туралы болып отырғанында.

Қазіргі уақытта шетел және ұлттық инвестициялар арасында заңнамада шекара қойылмайды, демек қайнар көзінің қайдан шыққанына қарамастан, инвестициялардың бәрі ұлттық болып табылады.

Нарықтық жағдайларда шетел инвестицияларынсыз мүмкін емес, өйткені осы заманғы талаптарға сай келетін, жаңа технологияларды пайдаланып, ең алдымен тікелей инвестициялардың көмегімен өндіріс құруға болады. Мынаны да ұмытпаған жөн: шетел инвестицияларын қабылдайтын елдің хал-ахуалы ескерген абзал, өйткені оның экономикалық тәуелділігі ұлғайған сайын саяси тәуелділікке әкеп соғады, мұндайда мемлекеттің тәуелсіздігі мен еркіндігі жай ғана ұран сыпатында қалады. Сондықтан мемлекеттің экономикасында шетел және ұлттық капиталдың үйлесімді арақатынасы болу керек.

Сонымен, инвестициялаудың халықаралық теориясы мен практикасынан туындаған инвестициялардың шетелдік және ұлттық болып бөлінуі үлкен маңыз алады. Қазақстан Республикасында жаңа инвестициялық заңға сәйкес олардың

арасына шек қойылмайды, соның нәтижесінде заң тұрғысынан бір ғана топ – инвесторлар анықталады. Сонымен бірге, біздің пікірімізше, барлық шетелдік және ұлттық инвестициялардың бірыңғай құқықтық режимі туралы айту ертерек, инвестициялық қызметті реттейтін бұрын қабылданған, және шетел инвесторларының құқықтық мәртебесі белгілерін сақтап қалған нормативтік құқықтық актыларды (ең алдымен салық заңнамасын) инвестициялар туралы заңға сәйкестендіру жөнінде көп жұмыс атқаруға тура келеді. Шетел инвесторларымен инвестициялар туралы заңды қабылдап, іске қосқанға дейін жасалған келісімшарттар талаптарын қайта қарау қажет болар ма екен. Біріншіден, халықаралық шарттармен басқа да ережелер белгіленуі мүмкін; екіншіден, шетел инвесторларымен жасасқан келісімшартты елдің хал-ахуалын нұқсан келтіре отырып, қайта қараудың қажеті жоқ (қай инвестор өзінің құқықтық хал-ахуалын нашарлатуға көне қояр дейсіз); үшіншіден, мемлекет инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді (демек, шетел инвесторларының келісімшарттар мерзімі аяқталғанша, шарттарда қарастырылған жеңілдіктер мен преференциялар өзгеріссіз қалады). Шетел және ұлттық инвестициялардың құқықтық реттеуінде ерекшеліктерін сақтау шетел және ұлттық инвесторлардың құқықтық мәртебесіндегі ерекшеліктерді сақтауды қажет етеді.

Инвестициялардың мемлекеттік және жекеменшік, шетелдік және ұлттық болып бөлінуін, сұрыпталуын субъективтік белгілер бойынша анықтауға болады. Инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар инвестициялар қайтарынан шығарылып, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың инвестицияларына жатқызылады.

Инвестицияларды сұрыптау үшін инвестициялар объектісі тағы бір жеткілікті маңызды негіз болып саналады. Егер негізгі бөлініске орай (мысалы, инвестициялардың шетелдік және ұлттық болып бөліністері), принципінде бәрі мейлінше айқын, мұнда проблеманы шешуде әртүрлі көзқарас қалыптасуы мүмкін. Айтылған пікірлерді жинақтап, түйіндей келе мынадай қорытындыға келуге болады: инвестициялар нақты және қаржылық, немесе тікелей және профильдік, немесе бір мезгілде бірнешеу болуы мүмкін.

Нақты инвестициялар – нақты активтерге айналдырылған, материалдық өндіріс саласындағы инвестициялар, өйткені олар ғылыми-техникалық прогресті дамытуға, өндіріс тиімділігін көтеруге, жабдықтарды ауыстыруға бағытталады. *Қаржылық инвестициялар* – бағалы қағаздарға (оның ішінде мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарға айналдырылған) айналдырылған салымдар.

Әдебиетте тікелей және нақты инвестициялар, сондай-ақ профильдік және қаржылық инвестициялар түсініктері араластырылып жіберіледі, теңдестіріледі, мұнда негіз жоқ емес, өйткені олар өзара тығыз байланысты, өзінің мазмұны мен пайда болу нысандары бойынша үлесе береді. Ал инвестициялардың тікелей және портфельдік болып бөлінуі инвестициялау объектісімен ғана емес, инвестицияланған объектіге бақылау деңгейі мен инвестордың өз белсенділігінің деңгейіне байланысты.

Тиісінше, *тікелей инвестициялар* – инвестордың кәсіпкерлік қызмет объектілеріне қор немесе мүліктік құндылықтар түрінде активтерді талап ету құқын алу мақсатымен материалдық және материалдық емес құндылықтарды салуы.

Халықаралық Валюта Қорының анықтамасы бойынша шетелдік инвестициялар, егер шетелдік инвестордың меншігінде акционерлік қоғамның жарғылық қорының кемінде 25 пайызы болса, тікелей инвестициялар деп танылады. АҚШ-тың заңнамасы бойынша РФ жарғылық қорының кемінде 10 %, Европа Одағы елдерінің 20-25%, Канада, Австралия және Жаңа Зеландияның 50%-і шетел инвесторына қарауына жатады.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасында қандай инвестициялар *портфельдік* деп танылады деген тура нұсқау жоқ. Шетелдік инвестициялық заңнама мен оны қолдану практикасына жасалған талдау көрсеткеніндей, заңды тұлғаның капиталына тікелей инвестицияларға белгіленген мөлшерден үлесі төмен болып келетін капитал салымын портфельдік инвестициялар деп атауға мүмкіндік береді. Сондықтан инвестор осы заңды тұлғаның қызметіне бақылау жасау құқығын алмайды, бірақ кіріс (дивидендтер) алуға құқылы.

Қабылдаушы ел үшін тиімді болып саналатын тікелей инвестициялардан өзгешелігі сол – портфельдік инвестициялар шетел инвесторлардың өздеріне де анағұрлым пайдалы, бұл, ең

алдымен, шетел инвесторлары (оның ішінде трансұлттық корпорациялар) үшін портфельдік инвестицияларға ие болып, шетел кәсіпорындарына нақты бақылау жасау мүмкіндігімен түсіндіріледі. Сондай-ақ шетел инвесторы үшін тікелей инвестициялармен салыстырғанда, портфельдік инвестицияларға ден қоюшылықтың факторларының бірі қабылданушы елдің нарығынан неғұрлым тезірек шығу мүмкіндігі болып табылады. Американың әдебиетінде портфельдік инвестицияларды жанама инвестициялар деп атайды, оларға мынадай анықтама береді: портфельдік қаржылар салымы – бағалы қағаздар немесе құндылықтар жиынтығы; инвестициялық портфель бір немесе бірнеше мақсаттарға жетісу үшін тандап алынған қаржы аспаптарының жиынтығы деп түсіндіріледі.

Сонымен, инвестициялардың *тікелей және портфельдік, нақты және қаржылық* деп аталатын дербес түрлері бар деп сеніммен айта аламыз. Инвестициялардың нақты және қаржылық болып бөлінуінің негізі – инвестициялар объектісі (салым саласы), ал тікелей және портфельдік инвестициялар бөлінісінің негізі – инвестицияланған объектіге инвестордың белсенді немесе жанама түрде қатысуы. Әлемдік практикада тікелей және портфельдік инвестициялар түсінігіне ең алдымен инвестициялардың бағалы қағаздарға айналдырылуы деген түсінік қолдануға жақынырақ.

Атап айтқанда, *бағалы қағаздарға айналдырылған инвестициялар* капиталға меншік иесі (акцияларға ие болу) ретінде қатысу немесе қарыз міндеттемесінің (облигациялар алу) пайда болуы мүмкіндіктерін қарастырады. Опциондар қарыздық, үлестік бағалы қағаздарға жатпайды, өйткені бұлар инвесторға кейін басқа бағалы қағаздар немесе басқа да активтерді алдын-ала белгіленген (әдеттегідей, жеңілдік) бағамен сатып алуға құқық беретін бағалы қағаздар. Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық салымдардың мына түрлерін бөліп алуға болады: акциялар (меншік құқықтарына қатысу); облигациялар (қарыз міндеттемелері) және опциондар (қатысудың белгілі бір үлесін сату немесе сатып алудың заңды құқы).

Инвестициялардың түрлерге ажыратылуының практикада кеңінен тараған негізі – олардың ұзақтылығы, осы өлшемге сәйкес инвестициялар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді (кейде орта мерзімдік инвестициялар кездеседі). Қазақстан

Республикасының заңнамасымен инвестицияларды олардың ұзақтығына қарай жіктеу жүргізілмейді. Өтеу мерзімдері бойынша инвестициялық несиелер қысқа мерзімді (1 жылға дейін), орта мерзімді (1-5 жыл) және ұзақ мерзімді (5 жылдан әрі) болып келеді; мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар әрекет ету мерзіміне қарай қысқа мерзімді (1 жылға дейін); орташа мерзімді (1-10 жыл); ұзақ мерзімді (10 жылдан әрі) болып бөлінеді. Алайда көптеген дамушы елдердің заңнамасымен қысқа мерзімді инвестициялардың мерзімі бір жыл ішінде аяқталады, немесе басқа да бір мерзіммен шектелмеген.

Шетел мемлекеттерінің практикасында инвестициялар түрлерінің ықтималдық деңгейіне қарай тепе-теңдігі қалыптасқан. Инвестициялық ықтималдық ретінде оның мүмкіндігін ескеруге болады, яғни инвестициялық салымнан кірістің абсолютті немесе салыстырмалы шамасы күткен мөлшерден кем болуы мүмкін, немесе басқа сөзбен айтқанда, көңілдегідей нәтиже болмайтыны белгілі кезкелген инвестициялар коммерциялық немесе коммерциялық емес болсын тәуекелділікке бейімділікпен сыпатталады.

Осының нәтижесінде, инвестицияларда жоғары тәуекелділік немесе шағын тәуелділік болуы мүмкін.

Шағын немесе деңгейлі тәуелділікке бейім инвестициялар хауіпсіз деп саналады, өйткені өзінің кепілділігінің арқасында, белгілі бір деңгейде белгілі мөлшерде кіріс алу мүмкіндігі бар, дамыған елдерде мемлекеттік бағалы қағаздарға, жетекші және ортаң қол компаниялардың акцияларына айналдырылған бұл салымдар инвестициялардың басқа түрлеріне қарағанда шамалы кірісті инвестициялар. Жоғары тәуекелділікке бейім инвестициялардың алып сатарлық сыпаты бар. Оның белгілі бір табыс (пайда) алу мүмкіндігінің деңгейі өте-мөте төмен. Инвестициялау және алыпсатарлық инвестициялық қызмет мәнін анықтауда қарама-қайшы ұғым. Халықаралық практикада олардың арасындағы шектеушілік инвестициялық пайданы қаншалықты болжау мен күтуге байланысты: инвестициялау үрдісінде сатып алынған бағалы қағаздардың құны тұрақты және кіріс әкеледі деген толық сенім сақталады, ал алыпсатарлықта мұндай сенім болмайды. Әрине, алыпсатарлық инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде тәуекелділіктің деңгейі жоғары болған жағдайда, анағұрлым жоғары кіріс болуы да мүмкін.

Осы тұрғыдан Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы туралы айтар болсақ, республика кәсіпорындарының бағалы қағаздарына айналдырылған инвестициялау барынша жоғары тәуекелділікпен ерекшеленеді, азаматтардың отандық қаржы және экономика институттарына деген берік сенімсіздігін жою үшін адал да жемісті жұмыстар атқаруға тура келеді.

Әлемдік практика ғылыми-техникалық жобалар, жаңалықтар мен өнертапқыштық жасауды несиелеу мен қаржыландыруға байланысты венчурлық операциялар барынша тәуекелді болып саналады. Венчурлық бизнес көзжұмбайлық әрекеттердің жоғары деңгейіне қарамастан, шетелдерде ғылым мен техниканы дамытуға көмектеседі, негізінен іргелі ғылымды емес, қолданбалы ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді.

Қорытындылар жасай отырып, мынаны атап өтуге болады: инвестициялардың кезкелген түрлері (мемлекеттік және жеке меншіктік, шетелдік және ұлттық, т.б.) мына нысандарда жүзеге асырылады: *тура (тікелей) нысан* (инвестор инвестицияларды жүзеге асыруға тікелей қатысады); *жанама нысан* (инвестордан жеке басының белсене араласуы қажет етілмейді); несиелік нысан (қарыздар мен несиелер беру).

4 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

4.1. Инвестициялық құқықтық қатынастар түсінігі мен белгілері

Заң әдебиетінде құқықтық қатынастардың мынадай сыпатты белгілері бөлінеді: 1) құқықтық қатынас құқықтық нысанға айналдырылған қоғамдық қатынастардың бір түрі; 2) құқықтық қатынас құқықтық нормалар негізінде қалыптасады; 3) құқықтық қатынастардың субъектілері анықталған; 4) құқықтық қатынас қатысушылары қашан да болсын субъективтік құқықтарды пайдаланады және заңды міндеттерге жауапты; 5) құқықтық қатынас саналы-ерікті сыпат алады; 6) құқықтық қатынастарды мемлекет қорғайды (қажет жағдайларда күшпен қамтамасыз етіледі).

Инвестициялық құқықтық қатынастарға байланысты бұл белгілер былай ашылады: біріншіден, инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде толып жатқан қоғамдық қатынастар, ең алдымен, мүліктік сыпаттағы қатынастар пайда болады, олардың заңды нысанға айналғандары инвестициялық құқықтық қатынастар болып танылады. Екіншіден, инвестициялық қатынастар құқықтық нормалар негізінде қалыптасады, құқықтық қатынастар болып табылады, бұған келісімшарт негізінде пайда болған құқықтық қатынастарды да қосуға болады, өйткені заң құқықтық қатынастар субъектілеріне келісім шарттар жасауға, оларда заңда тура көрсетілмеген және тыйым салынбаған құқықтар мен міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, инвестициялық құқықтық қатынастарда субъектілер нақты анықталады (инвесторлар және инвестициялаушылар). Төртіншіден, инвестициялық құқықтық қарым-қатынас тараптары өзара (корреспонденттік) құқықтар мен міндеттер алады. Бесіншіден, жекеленген индивидтің еркінен тыс және объективті түрде қалыптасатын экономикалық қатынастардан өзгешелігі сол – инвестициялық қатынастар әрдайым саналы-ерікті сыпат алады, өйткені инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілер құқық нормаларымен белгілеген өздерінің құқықтары мен міндеттерін еркін және саналы әрекеттер арқылы жүзеге асырады. Алтыншыдан, мемлекет құқықтық нормаларды толық жүзеге асыруға қажетті жағдайларды жасайды, әдеттегідей, субъективті

құқықтар, көп жағдайда заңды міндеттер де мемлекеттің күштеуінсіз атқарылады. Бірақ қажет бола қалған жағдайда, мұндай шаралар қолданылады да (мысалы, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда).

Құқықтық қатынастың өзін құқық нормалары негізінде қалыптасқан қоғамдық қатынас ретінде сыпаттауға болады, оның қатысушылары (субъектілері) мемлекет қамтамасыз еткен және қорғаған субъективті құқықтарға ие болады және заңды міндеттер алады. Тиісінше, жалпы нысанда инвестициялық құқықтық қатынас – инвестициялық-құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынас. Солай бола тұрса да, мұндай тұжырым азаматтық-құқықтық қатынастардың түрлері болып табылатын және олармен жалпы белгілерге ие болып отырған инвестициялық құқықтық қатынастардың мүліктік немесе мүліктік емес сыпатын, өзара еркіндік және қатынастарға қатысушылардың еріктілігі сияқты сыпаттық белгілері мен ерекшеліктерін аша алмайды. Сондай-ақ инвестициялық қатынастар әкімшілік-құқықтық және қаржылық-құқықтық қатынастар болуы да мүмкін, тиісінше, жалпылама-құқықтық қатынастардың бәріне тән белгілері болады. Инвестициялық қатынастар құқықтық әртүрлі салаларының (азаматтық, әкімшілік, қаржы т.б.) нормаларымен реттеледі, солай бола тұрса да, құқықтың кешенді саласы – инвестициялық құқықпен реттелетін қатынастардың бір тобына бірігеді.

Инвестициялық құқықтық қатынас – кешенді құқықтық қатынас, онда бір мезгілде жеке меншіктік – құқықтық және жалпылама – құқықтық бастамалар қатысады, мұндайда өзіндік ерекшелігі ерекше субъектілік құрамымен және ерекше жүзеге асырылатын қызметтің ерекше саласымен айқындалады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, инвестициялық құқықтық қатынас түсінігін былай тұжырымдауға болады: *инвестициялық құқықтық қатынас* – инвестордың кәсіпкерлік және қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне кіріс (пайда) алу және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жетісу үшін материалдық және материалдық емес игіліктерге байланысты туған құқықтық қатынас.

4.2. Инвестициялық құқықтық қатынастардың түрлері

Құқықтық жалпы теориясында құқықтық қатынастардың түрлерін сұрыптау әртүрлі негіздер бойынша жүргізіледі. Ең көп тараған бөлініс *құқықтық қатынастардың салалық*

мақсаткерлігі, сондай-ақ құқықтық нормалардың азаматтық-құқықтық, конституциялық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық т.б. бөлінісі. Осы бөліністің негізіне нормалардың салаларға қатыстылығы, солардың негізінде құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді және жойылады. Біздің пікірімізше, мұндай өлшем, әңгіме құқықтың көмекші салалары мен кешенді салалары, сондай-ақ құқық институттары туралы болып отырғанда ғана қолданылады. Тиісінше, банктік құқық қатынастарын, инвестициялық құқық қатынастарын, жалгерлік қатынастар, т.б. қатынастарды бөліп алуға болады. Бұл жерде мынаны ескерген жөн: инвестициялық қатынастар бір мезгілде құқықтың негізгі салалары ретінде, сондай-ақ құқықтың кешенді саласы – инвестициялық құқықпен реттелетін азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және басқа да құқықтық қатынастар болып қала береді.

Құқықтық қатынастардың оған қатысушы тараптардың саны мен олардың арасындағы құқықтар мен міндеттердің бөліну сипаты қарай сұрыпталуы жеткілікті танымал және тараған. Негізінен екі тәсіл қалыптасқан: *біржақты және екі жақты (көп тарапты) құқықтық қатынастар*. Біржақты құқықтық қатынастар қатысушылардың бірі екіншісіне немесе құқықтар, немесе міндеттер алуымен сыпатталады. Әрине, әңгіме азаматтық-құқықтық қатынастар туралы, дәлелдеп айтқанда, біржақты шарттар жайында болады. Өйткені азаматтық – құқықтық әдебиетте әңгіме біржақты және екі жақты құқықтық қатынастар туралы болса, шарттар-құқықтық қатынастар мен сауда-саттық-құқықтық қатынастар арасында айқын шек қойылған. Өйткені мұндай сұрыптау шарттар-құқықтық қатынастар тұрғысында ғана бола алады. Құқықтық қатынастардың едәуір бөлігі – екі жақты құқықтық қатынастар, олардың әр тарабы екіншісіне құқықтар мен міндеттер алады. Көпжақты (көп тарапты) құқықтық қатынас ерекше белгісі – екі және одан да көп жақты қатынастарға қатысуы болып табылады, әр тарапта өзара құқықтар мен міндеттер болады. Инвестициялық құқықтық қатынастар осы сұрыптауға сәйкес бір жақты құқықтық қатынастар (мысалы, бағалы қағаздарды сыйға тарту жөніндегі шарт бойынша туындаған қатынастар) және екі жақты құқықтық қатынастар (инвестициялық қатынастар) болуы мүмкін.

Құқықтық қатынастар мазмұн сыпатына **қарай реттеушілік** және **қорғанымдылық**, немесе жалпыреттеушілік, реттеушілік, қорғанымдылық болып бөлінеді. Жалпыреттеушілік құқықтық қатынастар – ешбір шарттарсыз бірыңғай құқықтармен немесе міндеттері бар адресаттардың бәрінде қалыптасқан заң нормалары негізінде пайда болған қатынастар (мұнда қатынастарға конституциялық қатынастар жатады); реттеушілік құқықтық қатынастар тараптардың субъективтік құқықтары мен міндеттерін белгілеумен және оларды орындаумен байланысты (мысалы, азаматтық-құқықтық қатынастар); қорғанымдық құқықтық қатынастар тараптардың субъективтік құқықтары мен міндеттері бұзылған жағдайда пайда болады, олардың қалпына келтірілуіне көмектеседі (мысалы, қылмыстық-құқықтық қатынастар). Солай бола тұрса да, реттеушілік және қорғанымдық қатынастарды әбден қалыптасқан деуге болады, өйткені жалпыреттеушілік қатынастардың өзі де – реттеушілік қатынастар, мұнда тек жалпы құқықтық реттеумен салалық реттеу арасына шек қойылды. Осы айтылғанды ескере отырып, қорытынды жасауға болады: инвестициялық құқықтық қатынастардың өзі де реттеушілік құқықтық қатынастар, өйткені инвестициялық нормалар барлық адресаттарда бірыңғай құқықтық-субъективтік мүмкіндіктер туғызады, сонымен бірге қорғанымдық құқықтық қатынастар белгіленген құқықтар мен міндеттер бұзылған жағдайда пайда болады.

Құқықтық қатынастарды салалық табиғатына қарай бөлуде оларды **материалдық-құқықтық** және **іс жүргізу қатынастарына** ажырату белгілі бір маңыз алады. Материалдық қатынастар материалдық құқық нормалары негізінде пайда болып, қоғамдық қатынастарды субъектілерге құқықтар мен міндеттер беру жолымен реттейді, ал қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастары да қылмыстық іс жүргізу нормалары негізінде пайда болады, ұйымдастыру, басқару сыпаты болады, өйткені, субъектілердің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру процедурасын қарастырады. Бұл жерде тиісті құқықтық нормалардың материалдық немесе қылмыстық іс қозғау құқығына тиістілігі бой көтереді. Осы сұрыптаудан қорытынды жасай отырып, мынадай түйін жасауға болады: инвестициялық құқықтық қатынастар, негізінен, материалдық құқықтық қатынастар болып табылады (халықаралық коммерциялық төрелік сотта немесе аралық сотта инвестициялық даудамайларды шешуде инвестициялық іс қозғау қатынастардың пайда болуы да мүмкін).

Тараптардың өзара байланыстарының құрылымы бойынша **қарапайым және күрделі құқықтық қатынастар** бар. Қарапайым құқықтық қатынас құқық және міндеттің бір ғана өзара байланысымен тәмамдалады (қарапайым бөлшек сауда-сатып алу, сату шарты, сыйға тарту шарты т.б.), ал күрделі құқықтық қатынас-тараптар құқықтар мен міндеттердің екі және одан да көп «шоғырымен» байланысқан (шаруашылық, отбасы құқықтық қатынастар т.б.) қатынас. Тиісінше, екі және көп жақты құқықтық қатынастар бір тарапты қатынастарға қарағанда, күрделі болып табылады, тараптардың өзара байланыстар құрылымы қандай да болсын құқықтық қатынаста осылай анықталады.

Біздің пікірімізше, маңызды мәселе – құқықтық қатынастардың **жекеменшік-құқықтық және жалпылама-құқықтық қатынастарға** бөлінуі. Құқықтық қатынастардың осылайша бөлінісі құқықтық қатынастардың тепе-теңдігіне байланысты. Бірақ құқықтық қатынастардың бұлайша сұрыпталуы ең алдымен жеке меншік құқыққа қатысты. Жалпылама құқықтық қатынастарда бір тарапты және екі тарапты қатынастар бөлінбейді, сондықтан көп жағдайда құқықтық қатынастар бір тарапта ерік білдіруден туындайды. Инвестициялық құқықтық қатынастар жеке меншіктік-құқықтық қатынастар да (келісімшарттық инвестициялық қатынастар), жалпылама-құқықтық инвестициялық қатынастар да (мысалы, лицензияларды тоқтатуға немесе шақыртып алуға байланысты туған қатынастар) болуы мүмкін. Сондықтан инвестициялық құқықтық қатынастардың жекеменшіктік-құқықтық және жалпылама құқықтық болып бөлінуі теория мен практиканың мүдделеріне сай келеді.

Азаматтық құқық теориясында құқықтық қатынастарды мүліктік және мүліктік емес, заттық және міндеттілік, абсолюттік және салыстырмалылық болып бөлінуі жалпыға таныл. Осыған байланысты, азаматтық құқықтық қатынастардың мүліктік және мүліктік және мүліктік емес болып бөлінуі – мүліктік қатынастар белгілі бір экономикалық мазмұнға негізделеді, ал мүліктік емес қатынастарда мұндай мазмұн жоқ, жеке тұлғаның кейбір материалдық емес мүдделерін (есімін, бедел – атағын, т.б.) қамтамасыз етеді. Мүліктік құқықтық қатынастары өз тарапынан **заттық және міндеттілік қатынастарға** бөлінеді. Жалпы тұрғыдан олардың арасындағы айырмашылықтарының мәні

мынада: заттық құқықтардың мәні – зат, абсолюттік сыпатта, затпен байланысты болғандықтан, соның соңынан ілеседі, ең соңында құқық жеткізушінің белсенділігін ұсынады, сонымен бірге өзіне қарсы тұрғандардың баяулығын танытады.

Инвестициялық құқықтық қатынастар мүліктік қатынастардың түрі ретінде **абсолютті және салыстырмалы қатынастар** болып бөлінеді. Құқықтың жалпы теориясында абсолютті құқықтық қатынастар түсінігі былай айқындалған: басқару – өкілетті тұлғаның құқына қандай да болсын нақты тұлғаның міндеті ғана емес, барлық үшінші тұлғаның міндеті қарсы тұрады, бұл міндет абсолютті құқыққа нұсқан келтіретін кезкелген әрекеттерге бармауды ұсынады. Осыған қарама-қайшы ретінде, салыстырмалық құқықтық қатынастардың абсолюттік қатынастардан өзгешелігі сол – мұнда басқарушы – өкілетті тұлғаның құқықтары нақты субъектілердің міндеттеріне қарсы тұрады, сонымен бірге салыстырмалы құқық үшінші тұлғалардың іс-әрекетіне ықпал жасай алмайды, өйткені ол құқықтық қатынастардың нақты қатысушыларының белсенді әрекеттерге баруын қалайды.

Инвестициялық мүліктік қатынастар, әдеттегідей, салыстырмалы құқықтық қатынастар болып табылады. Инвестициялық қатынастар ретінде тануға болады: инвестициялық шарттар (келісімшарттар) жасау, оны бұзу немесе тоқтату жөніндегі қатынастар; инвестицияларға мемлекеттік қолдау жасау жөніндегі қатынастар; инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жөніндегі қатынастар; инвестициялық дау-дамайды шешуге байланысты қатынастар. Сонымен бірге инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде қалыптасқан абсолюттік құқықтық қатынастардың (мысалы, жер қойнауы мен басқа да табиғат ресурстарына мемлекеттік қатынастар бойынша).

Инвестициялық құқықтық қатынастарды **абсолюттік және салыстырмалылық** деп сұрыптаудың инвестициялық қызмет саласында қалыптасқан әртүрлі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің өзгешелігімен тұжырымдалған маңызы бар. Сонымен бірге оның екінші деңгейлі немесе қолданбалы сыпатын мойындаған жөн, өйткені осы сұрыптау инвестициялық қатынастардың барлық түрлерін бөлу үшін жеткіліксіз.

Аталған дәлелге қосарымыз мынау: инвестициялық құқықтық қатынастардың жекеленген түрлерінің сыпатты

белгілері мен айырмалық ерекшеліктерін көрсету үшін олардың сұрыптамасын басқа да негіздер бойынша атап айтқанда, инвестициялық құқықтық қатынастардың мазмұны бойынша жүргізуге болады, жүргізу керек. Осыған байланысты В.С.Мартемьянов мынадай бөліністі ұсынады: инвестициялық қатынастары өздері және инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі қатынастар; құқықтық қатынастардың осы топтарының елеулі айырмашылықтары мынада: әуелгі жағдайда инвестициялық қатынастар инвестициялық шарт жасамай-ақ қалыптасуы мүмкін; екінші жағдайда инвестициялық шарт жасау қажет, өйткені бұл құқықтық қатынастар инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысушылардың барлығымен арадағы қатынастар осы шарт негізінде пайда болады.

Құқықтық қатынастардың мазмұнын құқықтық қатынастарда барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері мен инвестициялық құқықтық қатынастарды **келісімшарттық** және **келісімшарттан тыс инвестициялық қатынастарға** бөлуге болады. Құқықтық қатынастардың осындай бөлінісі үшін мына жағдай маңызды: олардың субъектілері шарт қатынастарында тұра ма, жоқ па?; шарт инвестициялық қатынастардың пайда болуының, өзгеруінің немесе тоқтатылуының негізі ретінде әрекет жасай ма, жоқ па? Жалпы ереже бойынша азаматтық-құқықтық міндеттемелер шарт және басқа құқықтық әрекеттерден туындайды, бірақ басқа, көбінесе құқықтық емес әрекеттердің салдарынан пайда болатын міндеттемелердің басқа да тобы бар. Бұл міндеттемелер шарттардан тыс болып келеді, бұған нұсқан келтіруден туған және негізсіз жолмен баюдан туған (заңды емес, заңсыз әрекеттер – бір жақты өзара мәмілелер шарттан тыс міндеттемелер туғызады) міндеттемелер жатады. Инвестициялар туралы заңға сәйкес инвестор мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заң актыларына сәйкес келмейтін актыларын шығару, сондай-ақ азаматтық заңнамаға сәйкес (4 бап 2 тармақ) осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (бейқамдығы) нәтижесінде келтірілген зиян орнын толтыруға құқылы. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі орнын толтыруға жататын зияндарды ажыратып береді: 1) мемлекеттік органдардың қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес келмейтін (акт шығарған органдар мен лауазымды тұлғалардың кінәсына қарамастан, сот шешімі негізінде зиян орнын толтыруға жататын)

актылар шығаруы нәтижесінде келтірілген зиян; 2) жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды тұлғалары келтірілген зиян (жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды тұлғалары келтірілген зиян үшін сот тәртібімен жауап береді); 3) әкімшілік басқару саласында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (бейқамдығы) нәтижесінде келтірілген зиян (жалпы негізде осы органдардың қолындағы ақша есебінен өтеледі) (ҚР Азаматтық Кодексі 922 бап).

Бұл арада өте маңызды сәттерді атап өткен жөн: біріншіден, мемлекеттік органдардың қолданылып жүрген заң актыларына сәйкес келмейтін актыларын шығару, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (бейқамсыздығы) нәтижесінде келтірілген зиянды инвестордың орнына келтіру туралы ережені заң шығарушы инвестордың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктеріне жатқызған, сөз жоқ, оның маңыздылығын атап көрсеткен; екіншіден, мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ лауазымды тұлғаларының әрекеттері жалпылама-құқықтық сыпат алады, бұл азаматтық – құқықтық (жеке меншік – құқықтық қатынастардың табиғатына сәйкес келмейді, үшіншіден, әңгіме тек лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы болып отыр. Біз ажырасқан ерекшеліктер шарттан тыс инвестициялық қатынастардың өзіндік сыпатын анықтайды.

Сонымен бірге, инвестициялық құқықтық қатынастардың бөліну өлшемдері ретінде инвестициялау **объектісі, мақсаты және мерзімдері** ажыратылады. Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастар инвестициялау объектісіне қарай меншіктің заттық құқына байланысты құқықтық қатынастар, мүліктік құқықтарға инвестициялар қосуға байланысты қатынастар, зияткерлік меншікке байланысты құқықтық қатынастар болып бөлінеді. Н.Н.Литягин инвестициялау мақсатына байланысты құқықтық қатынастарды былай бөлінеді: инвестициялық қызметтен жеке табыс алумен байланысты құқықтық қатынастар; инвестициялық қызметтен оң әлеуметтік тиімділікке жетісумен байланысты қатынастар. Ең соңында, инвестициялау мерзімдеріне байланысты қатынастар: бір дүркіндік (бағалы қағаздардың сатып алу) және ұзақ мерзімдік (қандайда болсын объектінің құрылысы) инвестициялық құқықтық қатынастар.

Негізінде, инвестициялық құқықтық қатынастарды сұрыптаудың осы тәсілін стандартты деп атауға болады, онда Ресей заңнамасында бекітілген инвестициялардың негізгі белгілері көрініс алған. Алайда, құқықтық қатынастардың инвестициялық қызметтен кіріс (пайда) алуға байланысты құқықтарға бөлінісі, біздіңше сәтті бөлініс дей алмаймыз. Шын мәнінде, инвестор қашанда болсын, бір мақсаты – кіріс (пайда) алуды көздейді, егер жоғарыда аталғанды ескерсек, кіріс алуға байланысты құқықтық қатынастар бар, олардан бөлек тек оң әлеуметтік тиімділікке жетуді ғана көздейтін құқықтық қатынастар бар болып шығады. Байқалғанындай, инвестициялық қатынастардың көпшілігі кіріс (пайда) алуға бағыт ұстайды және оң әлеуметтік тиімділікке жетісуді көздейді (өйткені, сайып келгенде, инвестицияларды жүзеге асыру экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатын көтеруге жеткізеді); оң әлеуметтік тиімділікке жетісуді көздейтін инвестициялық құқықтық қатынастар (зияткерлік инвестициялар) кіріс алумен (білім несиесі бойынша төленген сомаларды қайтару) байланысты болуы мүмкін: демек, бірінің екіншісіне қажеттілігі бар. Инвестициялардың мерзімдері туралы айтқанда, мынаны атап өту керек: бағалы қағаздарды сатып алу бір дүркіндік инвестицияларға жатады, егер инвестор оларды дереу сатса, онда қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді, тіпті мерзіммен шектелмеген инвестициялау болуы мүмкін. Демек, осы өлшемге орай **қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді** (мерзіммен шектелмеген) **инвестициялық қатынастарға** бөлуге болады, ал жалпы «бір дүркіндік» терминін инвестицияларға және инвестициялық құқықтық қатынастарға қолдануға болар ма екен.

Инвесторлардың инвестициялық құқықтық қатынастарға қатысушылар ретінде құқықтық қабілетінің сыпатына қарай *инвестицияларды мемлекеттік қолдау туған қатынастар мен тиесілі қатынастарға* бөлуге болады. Инвестордың қандай да болсын *мемлекетке тиесілілігіне байланысты шетел инвесторларының қатысуымен шетел инвесторларының қатысуымен болған инвестициялық қатынастар және ұлттық инвесторлардың қатысуымен болған инвестициялық қатынастар*. Шетелдік және ұлттық инвестициялар болып бөлінуінің негізіне меншік қатынастары алынған деген пікір әдебиетте кедесіп қалады. Бірақ бұл дұрыс емес, меншік қатынастары құқықтық

категория ретінде инвестициялардың түсінігінің өзінде айқындаушы өлшем болып табылады. Мұнда олардың құқықтық режимі шешуші режим болады, инвестициялар үшін емес, инвестициялық қатынастар субъектілерінің (қатысушыларының) байланысы үшін белгіленеді.

Меншік нысаны – басқа мәселе, мұнда инвестициялардың түрлерге бөлінуі былайша жүреді: **мемлекеттік** және **жеке меншіктік** (инвестициялар кімнің меншігінде? – бұл ең бастысы). Мемлекет инвестор болып қатысатын инвестициялық қатынастар бас түрлерден жоспарлылығының жоғары деңгейімен ерекшеленеді, мемлекет өзінің органдары арқылы қатаң бақылайды. Олар екі деңгейде: жалпымемлекеттік (орталық) және жергілікті деңгейде жүзеге асырылады.

Қаржыландыру көздеріне қарай мемлекеттік (бюджеттік) инвестициялар мемлекеттік қаржылар есебінен жүзеге асырылатын (мемлекеттік немесе жергілікті бюджет) және жұмылдырылған қаржылар есебінен (мемлекеттік несиелер және қарыздар) жүзеге асатын инвестициялар болып бөлінеді. Жекеменшік инвестициялар өзіне тиесілі қаржылар немесе жұмылдырылған қаржылар есебінен (оның ішінде мемлекеттік) жүзеге асырылуы мүмкін. Инвестор мемлекеттік қаржыларды жұмылдырылған жағдайда, мемлекетте меншік құқы жоқ, тек талап ету құқы (міндеттілік құқы) ғана бар, сондықтан инвестициялардың осы түрі жеке меншік инвестицияларына жатады.

Мұндайда туындаған барлық инвестициялық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері мен өздеріне тән белгілері бар. Мысалы, өз қаржылары есебінен заңды немесе жеке тұлғалар жүзеге асыратын инвестициялар басқа инвестициялардан инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда барынша еркіндігімен және ашықтығымен ерекшеленеді, өйткені инвесторлар объектілерді қаржыландыру көлемін өзі анықтайды. Әріптестерді өздері таңдайды, бүкіл инвестициялық үрдісті ұйымдастырады және бақылайды, сонымен бірге инвестициялық қызметке қатысушылармен өзара қатынастардың міндеттері мен кезкелген басқа да шарттарын анықтайды. Егер инвестициялар жұмылдырылған немесе қарыз қаржыларының есебінен жүзеге асырылатын болса, онда инвестициялық қатынастар барынша күрделене түседі, тәуекелділік жоғары, кірістілігі мейлінше төмен болады.

Жоғарыда айтылып, өткеніндей, инвестициялық қатынастарды жүзеге асыру мақсаты бойынша *кіріс алуға бағытталған және оң әлеуметтік тиімділікке жетуге бағытталған* инвестициялар деп бөлуге болады. Бірақ нақты өмірде, практикада инвестициялардың негізгі мақсаты – кіріс немесе пайда алу. Сондықтан болар, қолданылып жүрген заңнамада инвестициялар үшін басқа мақсат бекітілмеген, бұл мақсат болмауы керек деген емес. Инвестициялық жобаларды немесе бағдарламаларды жүзеге асыру тек кіріс алуды ғана емес, экономика үшін, елдің жекеленген азаматтары үшін белгілі бір оң тиімділікті көздеуі керек.

Инвестициялық құқықтық қатынастарды тепе-теңдендіруді басқа өлшемдерге сүйене отырып жүргізуге болады. Мысалы, **инвестициялау объектісі**. Мұнда екі негізгі блокты атауға болады – материалдық активтер және материалдық емес активтер. Инвестициялық қатынастардың **бірінші тобына** объектілері өндірістік инфрақұрылым; ауыл шаруашылығы; көлік; құрылыс; табиғат ресурстары (оның ішінде жер қойнауы); т.б. болатын инвестициялық қатынастар жатады. Екінші тобына объектілері бағалы қағаздар, қызметтер, зияткерлік меншік; меншік құқы және басқа да заттық құқықтар, т.б. болып табылатын қатынастардың аталған қосымша топтарының әрқайсысында қатынастардың, салыстырмалы дербес түрлері бірігіп кеткен. Атап айтқанда, өндірістік инфрақұрылым. Мұнда өндірістің көптеген салалары бойынша да мынадай өлшемдер бойынша да сұрыптаулар жасауда болады: меншікті немесе меншіктік емес өндіріске арналған инвестициялар; өз өндірісінің тиімділігін көтеруге немесе өндірісті ұлғайтуға арналған инвестициялар, өзінің жаңа өндірісін жасауға немесе жаңа технолоияларды өз өндірісінде пайдалануға бағытталған инвестициялар, т.б.

Сонымен инвестициялық қатынастарды, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың кезкелген басқа да түрлері сияқты сұрыптауды әртүрлі негіздер бойынша жүрізуге болады. Мұнда ең бастысы – реттеудің тұтастығымен бірлігін бұзбай бөліністің негізіне алынған өлшемнің мөлдірлігін қамтамасыз ету керек. Сонда ғана инвестициялық құқықтық қатынастардың бүкіл жүйесін онан әрі дамытуға және жетілдіруге болады.

5 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

5.1. Инвестициялық құқықтық қатынас субъектісінің түсінігі және түрлері

Құқықтық қатынастардың субъектілері өзара (корреспонденттік) құқықтары мен міндеттемелері бар құқықтық қатынастарға қатысушылар болып табылады. Құқықтық субъектілік объективтік құқық көмегімен ғана азаматтардың немесе ұйымдардың еркі мен тілегіне қарамастан, пайда болады, өзгереді әрекетін тоқтады. Құқық субъектілік құқықабілеттілік (құқық пен міндеттер ие болу, қабілеттілігі) пен әрекетқабілеттілікті құқық пен міндеттерді атқару қабілеттілігі) құрайды.

Құқық теориясында құқықтық қабілеттіліктің үш негізгі түрі бөлінеді: жалпы (мемлекеттің тұлғаны немесе ұйымды құқық субъектісі ретінде тануы); салалық (тұлғаның немесе ұйымның құқықтың қандай болсын бір саласының субъектісі болуының заңдық қабілеттілігі); арнаулы (тұлғаның белгілі бір лауазымдық қызметтер атқаруына немесе құқық субъектілерінің белгілі бір категорияларына қатыстылығына байланысты құқықтық қатынастардың қатысушысы болу қабілеті). Жеке тұлғалардың азаматтық құқықтық қабілеттілігі жалпы сыпат алады, ал заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігіне сыпаттама бергенде жалпы (әмбебап) және арнаулы (шектеулі) құқықтық қабілеттілікті бөлуге болады.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастың субъектісі құқықтық субъектілігі бар тұлға бола алады, басқаша айтқанда, субъективтің құқықтар мен заңдық міндеттерді алып жүре алатын тұлға.

Құқықтық қатынастар субъектілерінің мынадай негізгі түрлері бар: **жеке субъектілер** және **ұжымдық субъектілер**. Бұрын кеңестік құқық теориясында жеке субъектілерге азаматтар (жеке тұлға), ал ұжымдық субъектілерге, әдеттегідей, заңды тұлғалар жатқызылды, ал қазір және тұлғалар ұжымдық субъектілер болып та құқықтық қатынастарға қатысады (мысалы, серіктестік немесе шаруа қожалығы (фермерлік). Ю.Г.Басиннің айтуынша, бұрынғы Азаматтық Кодекс бұл ережені өзгертті және бір ғана қатысушыдан тұратын кейбір заңды тұлғалардың бірігуі

мүмкіндігін таныды (жауапкершілігі шектеулі серіктестік, акционерлік қоғам). Демек, осы кезеңде заңды тұлғалар ұйымдар немесе азаматтардың ұжымы (ұжымдық субъектілер) ретінде қарастырылмайды, өйткені қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бір тұлғадан компания құруға болады.

Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері немесе қатысушылары инвестициялық қызметті жүзеге асырушы жеке не заңды тұлғалар болып табылады (оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар). Мемлекет өзінің органдары арқылы инвестициялық қатынастарға қосыла алады. Ал мемлекет құқықтық қатынастардың басқа субъектілеріне қарағанда, едәуір басқа жағдайда болады, оның құқықтық субъектілігінің құқықтың басқа субъектілерінің құқықтық субъектілігімен салыстырғанда, елеулі ерекшеліктері бар, өйткені мемлекет қана инвестициялық қызметтің негіздерін және жүзеге асырудың тәртібін заң жүзінде бекітеді, инвесторлардың құқықтық өкілеттілігінің көлемін анықтайды, олар үшін белгілі міндеттерді белгілейді.

Жабық үлгідегі экономика жағдайында мемлекет бірден-бір және бөлінбейтін меншік иесі болды, соның нәтижесінде құқықтың басқа субъектілерімен бір қатарға қоюға болмайтын, ал нарық жағдайында мемлекет нарықтық қатынастардың басқа да қатысушылары сияқты субъект болып отыр. Демек, инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу нарық заңдарының жұмыс істеуі үшін ықтимал және барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталуға тиіс. Нарықтық объективтік заңдарын бұзушылық келеңсіз зардаптарға әкеп соғуы мүмкін, сондықтан тұтас алғанда, экономикалық саясат және инвестициялық саясат, жеке алғанда, ашық экономиканың негізгі принциптеріне негізделуге тиіс, объективтік заңдылықтарды ескеріп, қоғам дамуының осы заманғы талаптарына сай келуі керек.

Қазіргі жағдайда мемлекет жалпылама-құқықтық қатынастардың негізгі және сөзсіз субъектісі бола тұрып, жекеменшіктік-құқықтық қатынастарға да қатыса алады. Азаматтық заңнама мемлекеттің азаматтық-құқықтық (жеке меншіктік-құқықтық) қатынастарға бұл қатынастардың басқа қатысушыларымен тең бастауларда қатысатын белгілейді. Мемлекет пен жекеменшіктік-құқықтық қатынастардың басқа да

мүшелерінің заңмен бекітілген теңдігі Қазақстан Республикасының өзінің ішкі істеріне иелік етуінен толық бастартуы болып табылмайды, ендеше мемлекет инвестициялық қатынастар субъектілері арасында ерекше орын алады.

Инвестициялық қатынастардың қатысушысы немесе субъектісі – инвестор. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңымен инвесторлар арасында қандай да болсын тепе-теңдік қарастырылмаған: барлық инвесторлар бір топқа біріктірілген, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асырушы инвесторларды құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне қарсы жеке топқа бөлуге болады. Сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыларды – қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жеке немесе заңды тұлғаларды инвесторлардың дербес тобына біріктіруге болады. Осылайша инвесторлардың басқа да топтарын (мысалы, құрылыс немесе ауыл шаруашылығы саласындағы, т.б. инвесторлар) бөліп алуға болады. Біздің ойымызша, заң шығарушының инвесторларға қатынасы шетелдік және отандық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық реттеліктің белгілеуімен және инвесторларды шетелдік және ұлттық деп бөлуден тиісті бас тартумен түсіндіріледі.

Әуелде (бұрын) ұлттық инвесторларға байланысты арнаулы заңнамада олардың құқықтық мәртебесіне арналған бірде-бір норма болған жоқ. Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңнамалық және қосымша заңнамалық актыларда бекітілген құқықтардың барлық кешенін пайдаланады делінсе де, белгіленген құқықтық нормаларды сақтауға міндетті. Ұлттық инвесторлармен тең құқылы танылса да, шетел инвесторларына олардың өз қызметін жүзеге асыруына қосымша кепілдіктер, оның ішінде заңнаманы өзгертуден, күшпен тартып алудан, мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен қорғау, кірістерді, өзіне тиесілі валюта қаржыларын пайдалану, мемлекеттік тексеру кезіндегі кепілдіктер берілген. (Шетел инвестициялар туралы заң 2 тарау).

Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасымен шетел инвесторларымен бірге бекітілген инвесторлар деп аталатын инвесторлар (экономиканың басым секторларына инвестициялар жөніндегі Комитетпен тікелей инвестицияларды жүзеге асыру

жөнінде келісімшарт жасасқан инвесторлар) ерекше құқықтық мәртебе берілген: инвестициялық қызмет жүргізуді қамтамасыз етуіне заң түрінде кепілдіктер жасалған. Күшін жойған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңға сәйкес Қазақстан Республикасы тарапынан елеулі кепілдіктер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгерістері мен қосымшаларынан қорғау және инвестициялық жобаны жүзеге асыруға байланысты қызметте жариялылықты қамтамасыз ету кепілдіктерін берді. Мұндай ережелер арнаулы нормативтік актыларда да қарастырылған, онда экономиканың басым секторларында қызметті жүзеге асыратын бекітілген инвесторлардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері бекітілген. Осы кепілдіктер ұлттық, сондай-ақ шетелдік инвесторларға да берілуі керек еді. Алайда, экономиканың басым секторлары мен әлеуметтік салада шетел инвестициялары үшін қосымша жеңілдіктер белгіленсе де болар едң, бұл шетел инвестициялары туралы заңнамада қарастырылған-ды.

Қазір **шетелдік және ұлттық инвесторлардың** құқықтық жағынан теңдестірілгеніне қарамастан, белгілі бір ерекшеліктер қала береді, бұл өзгешеліктер әуелбастан инвестициялардың құқықтың реттелуімен емес, олардың ұлттық немесе шетелдік инвесторға қатыстылығымен белгілі болады. Басқа сөзбен айтқанда, шетелдік жекеменшік пен Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының жеке меншігі арасында ерекшеліктер бар және бола береді. Бұрын шетел инвестициялары туралы заңнамамен шетел инвестициялар үшін ұлттық реттедікпен бірге барынша қолайлы хал-ахуал туындату реттелігі белгіленген еді, ал жаңа инвестициялық заңнама бірыңғай ұлттық реттелік белгіледі. Бұл арада мынаны атап өтуі керек: Қазақстан Республикасының заңнамасы шектеулі иммунитет принципінде (шектеулі егемендік докторинасы мемлекеттік билік ету актысы жасауда иммунитетті пайдаланады, егер әңгіме мемлекеттің жеке тұлға ретіндегі іс-әрекеті туралы болса, онда иммунитет пайдаланылмайды). Сондықтан, мемлекет Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңы күшіне кіргенге дейін жасалған шетелдік инвестициялар үшін жасалған Келісімшартпен белгіленген жеңілдіктерді сол Келісімшарттарда белгіленген мерзімге дейін сақтайды.

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Қазақстанның құрылтайшылары құрған заңды тұлғалар және шетелдік құрылтайшылар құрған заңды тұлғалар өздігінен немесе Қазақстан құрылтайшыларымен бірге Қазақстанның заңды тұлғалары болып табылады, өйткені олардың бәрі тіркеуден кейін Қазақстанның заңды тұлғасының құқықтық мәртебесін алады.

5.2. Инвестордың құқықтық мәртебесі

Инвестициялар туралы заң қабылданған соң, инвесторлардың құқықтық мәртебесі айқындалды (ұлттық немесе шетелдік инвестор екеніне қарамастан). Инвестициялық заңнамаға сәйкес, инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады. Инвестор құқылы: 1) Заңнама актыларында қарастырылған жағдайдан басқа, кәсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілерінде инвестицияларды жүзеге асыру; 2) Қазақстан Республикасының заң актыларына сәйкес келмейтін мемлекеттік органдардың заң актыларын шығару нәтижесінде, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген зиян орнын толтыру; 3) Өз қызметінен алған кірісті, салықтармен басқа да міндетті өтемдерді төлегеннен кейін өзінің қалауынша пайдалану; 4) Қазақстан Республикасының аумағында банктерде ұлттық валютамен немесе шетел валютасымен валюта заңнамасына сәйкес банк есепшоттарын ашу («Инвестициялар туралы» заңның 4,5 баптары).

Сонымен бірге, инвесторлар заңды тұлғалардың тіркелуі, олардың жарғылары, жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу, сондай-ақ берілген лицензиялар туралы ақпараттар алуға ерікті, ал коммерциялық құпия сыпатындағы ақпарат заңмен қорғалады. Мемлекет инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында жасалған шарттардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, шарттардың өзгерістері тараптардың келісімімен енгізіледі. Бұл кепілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер және күшіне енуіне немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының өзгерістеріне жатпайды, осы заңнамалармен импорт, өндіріс, көмекші акциздік товарларды өткізу тәртібі мен шарттары өзгереді, ұлттық және экологиялық қауіпсіздік, денсаулық, ізгілікті қамтамасыз ету мақсатымен

заңнамалар актыларына енгізіледі. (Инвестициялар туралы заңның 4 бабы). Бұл ережелерді инвестицияларды, алдымен шетелдік инвестициялардың құқылық реттіліктегі шектеулері ретінде қарастыруға болады. екінші бір шектеулік-ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын инвестициялық қызмет шектелетін немесе оған тыйым салынатын аумақта немесе қызмет түрлерін заңды түрде анықтау мүмкіндігі.

Осы арада мынаны ерекше атап өту керек: күшін жойған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңда тура айтылған – инвесторға преференциялар беру үшін ол инвестор ретінде танылып бекітілген болуы керек, ал инвестициялар жөнінде бұлай айтылмайды, инвестордың жалпы анықтамасы бар: Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға. Заң шығарушы бір ғана топты – инвесторларды (инвестициялық қызметті атқарушы шетелдік және ұлттық инвесторлар, олар тең құқықтық және қабілетсіздікті пайдаланады) қарастырған. Солай бола тұрса да, заң ережелерінің мазмұнын талдау инвестициялық преференциялар беру жөніндегі келісімшарт жасасқан инвесторлардың құқықтық елеулі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Демек, Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңында «бекітілген» инвестор термині пайдаланылмайды, бірақ қосымша жеңілдіктер мен преференциялар (кепілдіктер) беруді көздейтін ерекше құқықтық мәртебе сақталған.

Сонымен, бірге инвестициялық салық жеңілдіктері; кедендік баж салығынан босату; мемлекеттік мүліктік гранттар беріледі. Мемлекеттік гранттар ретінде жер тәлімдері, ғимараттар, үйлер, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшегіш және реттегіш аспаптар мен қондырғылар, көлік құралдары (жеңіл көліктер басқасы), өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар беріледі (Инвесторлар туралы заң 18-2 бап).

Жоғарыда айтылғандар, басқа инвесторларға қарағанда, ерекше құқықтық мәртебеге ие болатын инвесторлардың жеке тобы барлығын дәлелдейді. Оларды заңды түрінде дәл анықтау мақсатымен терминологиялық жағынан белгілеу қажет. Біздіңше, заң шығару «Қазақстан Республикасының келісімшарт жасасқан заңды тұлға» деген тұжырымдаманы пайдаланған, бірақ мұны сәтті аталған тұжырым деген болмас, өйткені осы заңды

тұлғаларды басқа инвесторлардан бөліп қана шығарады. Ал, шынында да, бұлай емес – олар да – инвесторлар, жеңілдіктер мен преференциялар алуда ерекше мәртебесі бар. Сонымен, преференциялар туралы келісімшарт жасасқан инвесторлар мен Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар бар болып шығады. Сондықтан Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңының 1 бабына қосымша енгізіп, «бекітілген инвестор» деген түсінік қосқан жөн, бұл инвестициялық қызметтің осы қатысушысының құқықтық хал-ахуалын барынша толық анықтайды.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, **инвестордың құқықтық мәртебесінің** мынадай ерекшеліктерін бөлуге болады: 1) инвестициялар ретінде қолдануға болатын мүліктік және зияткерлік құндылықтарының болуы; 2) инвестициялардың объектісін, нысаны мен көлемін дербес анықтау құқы; 3) шешімдер қабылдауды еріктілік пен тәуелсіздік; 4) инвестициялық қызметті жүргізу үшін инвестордың мүмкіндіктері мен қабілеттерінің болуы; 5) дербес мүліктік жауапкершілік.

5.3. Инвестициялық қатынастардың бағалы қағаздар нарығындағы субъектілері және олардың құқықтық хал-ахуалы

Халықаралық құқықтық практикада шетелдік және ұлттық инвесторлар болып бөлінуімен бірге мыналар да болады: бағалы қағаздар эмитенттері; жеке инвесторлар, конституциялық инвесторлар. Бұл арада бірден мынаны айтып кету керек: эмитенттерді инвесторға қосу сенімсіз. Эмитенттер инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері (бір тараптан – эмитенттер қатысады, екінші жағынан – жеке, конституциялық инвесторлар) болып қатысады десек, дұрысырақ болады.

Эмитенттер ретінде заңды тұлғалар және мемлекет өзінің органдары арқылы қатысады, органдар өз атынан бағалы қағаздар иелері алдында олардың осы бағалы қағаздарда бекітілген құқықтарын жүзеге асыру жөнінде жауапкершілік алады. Эмиссиялардың екі түрі қалыптасқан: бағалы қағаздар эмиссиясы және ақша эмиссиясы. Бағалы қағаздар эмиссиясы айналымға акциялар, облигациялар мен басқа да аспаптарды шығару

жолымен жүзеге асырылады (эмиссиялық бағалы қағаздар деп жалпы атаумен аталады). Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдар да, мемлекеттік органдар да жүргізе алады; ақша эмиссиясын оның барлық нысандарында мемлекет жүргізеді.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасында эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға деген анықтама берілген. Мұнда сонымен бірге жеке және құқықтық инвесторлар, бағалы қағаздар жарығының кәсіби қатысушылары, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, өзін-өзі реттеуші ұйымдар бағалы қағаздар нарығының субъектілері бола алатыны белгіленген. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы жаңа заңы **жеке және институциялық инвесторларды** былайша орналастырады: жеке инвесторлар эмиссиялық бағалы қағаздарға инвестицияларды өздігінен немесе бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларының (делдалдық-дилерлік қызмет немесе портфельдік инвестицияларды басқару жөніндегі қызмет лицензиялары бар) қызметін пайдалану арқылы жүзеге асырады; конституциялық инвесторлар инвестицияларды бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушыларының (инвестициялық портфельді немесе зейнеткерлік активтерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар) қызметтерін пайдалану арқылы жүзеге асырады (5 бап).

Инвесторларды жеке және институциональды деп бөлу негізгі болып саналғанымен, жалғыз деп есептелмейді. Инвестициялау мақсатына қарай стратегиялық және портфельдік инвесторлардың бөлуге болады. Стратегиялық инвестор меншікке ие болып, акционерлік қоғамға бақылау құқын алып, осы меншікті пайдаланудан акцияларға қарапайым иелік етуден асып түсетін кіріс алуды көздейді; портфельдік инвестор өзіне тиесілі бағалы қағаздардан ғана пайда алуды мақсат етеді. Инвесторды топтарға бөлудің осы тәсілінде анықтаушы өлшем инвестициялау мақсаты емес, инвестордың белсенділік деңгейі немесе оның қатысу нысаны (инвестордың белсенді немесе баяу қатысуы) алынған, өйткені инвестор инвестициялық қызметке қатысудың белгілі бір нысанын таңдап алады.

Әдебиетте сондай-ақ инвесторлардың негізгі үлгілері де анықталған, атап айтқанда: консервативті инвесторлар (басты мақсаты – салымдардың қауіпсіздігі); орташа өршіл инвесторлар (олардың мақсаты – салымдардың қауіпсіздігі салымдарды қайтарып алу мүмкіндігі); мақсаткер инвесторлар (олардың мақсаты – кірістілік салымдардың өсімі), тәжірибелі инвесторлар (олардың мақсаты кірістілік – салымдар өсімі және салымдарды қайтарып алу); кәнігі инвесторлар (олардың мақсаты – мейлінше кіріс алу).

Инвесторларға байланысты сұрыптама жүргізу инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілері – бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпкер қатысушыларға да қатысы бар. Оларды екі топқа бөлуге болады: қорлар делдалдары (эмитенттері мен инвесторларды жалғастырушы бағалы қағаздарды сату-сатып алуға қатысушылар) және бағалы қағаздар нарығы қызмет көрсеткен ұйымдар (бағалы қағаздарды сату-сатып алудан басқа, бағалы қағаздар нарығында барлық функцияларды атқарушы ұйымдар). Осылай сұрыптама жасаудың маңызы бар, өйткені, соның нәтижесінде ұжымдық инвесторлар (қорлар делдалдары – брокері; дилер; бағалы қағаздар портфелі басқарушы) мен бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушылары бағалы қағаздар жөнінде клирингті жүзеге асыратын ұйым; депозитарийлер; бағалы қағаздар йелерінің тізімі ұстаушы (тіркеуші), қор биржасы арасында айқын шекара қояды.

Инвестициялық қатынастардың жоғарыда аталған қатысушыларының құқықтары мен міндеттері қолданылып жүрген заңнамамен реттелген, бірақ ұжымдық инвесторлардың бір тобы – **инвестициялық кеңесшілері** назардан тыс қалған. Шетелдерде инвестициялық кеңесшілер институты жеткілікті дамыған. Инвестициялық кеңесшілер инвестициялық қызмет саласында (бағалы қағаздарды шығару және айналымға өткізу; инвестордың өзінің қаржы ресурстарын инвестициялаудың барынша пәрменді тәсілдерін таңдап алу) ақыл-кеңестер береді. Нарық қорында олардың өзіндік хал-ахуалымен түсіндіріледі. Мысалы; АҚШ-та 1940 жылы инвестициялық кеңесшілер туралы арнаулы заң актысы қабылданды, осы заңнама бойынша инвестициялық кеңесші түсінігі мен мәртебесі анықталған: олардың өз қызметін жүргізудің негізгі бастаулар белгіленген және жеке инвестициялық

кеңесшілер тарапынан мүмкін болатын асыра сілтеушілікті болдырмау, жеке инвесторлардың құқықтарын қорғау мақсатымен жеке инвесторлардың қызметіндегі шектеулер айқын көрсетілген; тіркеу, есеп-қисапты тұрақты түсіру, жабық аппаратты пайдалану, келісімшарттар жасау және тоқтату, инвестициялық кеңесшілердің қызметін бақылау мен қадағалау мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылған. Қазақстан Республикасының заңнамасында «инвестициялық кеңесші» түсінігі қарастырылмаған, бірақ тиісті функцияларды, атап айтқанда, инвестициялық қорларды басқарушылар және зейнеткерлік активтерді басқару жөніндегі басқарушылар функцияларды жүзеге асыру қарастырылған, қазіргі уақытта инвестициялық кеңесшілердің бірқатар функцияларын брокерлер мен дилерлер кеңселері атқарып жүр.

Сонымен, бағалы қағаздар эмитенттері, жеке және ұжымдық инвесторлар, кәсіпкер қатысушылар, бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қызмет атқаратын субъектілер тобын, инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерінің жеке тобын құрайды.

6 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

6.1. Инвестициялық құқықтық қатынас объектісінің түсінігі

Құқықтық қатынас неге байланысты туындады немесе неге бағытталып тұр, соны құқықтық қатынас объектісі деп атаймыз. Құқықтық қатынас объектісі болып нақты игіліктер танылады.

Инвестициялық құқықтық қатынас объектісі туралы мәселе азаматтық құқықтық қатынас объектісінің проблемасымен тікелей байланыстары (бұл жерде мынаны ерекше атап өткен жөн: Азаматтық құқықтық қатынас объектісін бір мағынада анықтаудың күрделілігі осы проблеманы шешуде қалыптасқан және көрініп жүрген жалпытеориялық әртүрлі пікірлермен ұштасады. Құқықтар объектілер қатарына әрекеттер, жеке материалдық емес игіліктер, заттар және басқа да құндылықтар жатады деген үстем көзқараспен бірге, азаматтық құқықтық қатынас объектісі ретінде субъектілердің іс-әрекеті туралы әзірше көп танымал бола қоймаған екінші бір көзқарас бар. Соның нәтижесінде бірнеше бағыттар пайда болған: 1) объект – бұл игілік; 2) объект – бұл іс-әрекет.

Сонымен, субъективтік құқықтық объектісі деп құқық субъектісінің іс-әрекетке бейімділігін айту керек. Субъектілердің ықпал – әсеріне заттар да (материалдық дүние заттары) және іс-әрекеттер де (жұмыстар, қызметтер) ұшырайды, бірақ құқықтық қатынас шегінен шығып кеткен, оның құрылымдық элементі болып табылмайтын субъектілердің іс-әрекеті емес.

Азаматтық құқық объектілері: 1) заттар (ақша және бағалы қағаздарды қоса есептегенде); 2) қызмет көрсетулер (әрекеттер, жұмыс); 3) шығармашылық қызмет нәтижелері; 4) жеке мүліктік емес игіліктер. Бұл сұрыптама барынша жалпы сыпат алады және сол себептен азаматтық құқықтардың негізгі түрлерін қамтиды.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен азаматтық құқық объектілері екі топқа бөлінеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 115-бабына сәйкес азаматтық құқықтар объектілері мыналар бола алады: 1) мүліктік игіліктер мен құқықтар (заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, бағалы қағаздар, жұмыстар, қызметтер, шығармашылық

қызметтің объектіленген нәтижелері, фирмалық атаулар, товар белгілері, бұйымдарды жекелендірудің басқа да құралдары, мүліктік құқықтар мен басқа мүлік); 2) жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар (өмір, денсаулық, жеке бастық лайықтылығы, абырой, жеке және отбасылық құпия, есім құқы, авторлық құқық, шығарманың қолсұғылмаушылық құқы және басқа да материалдық емес игіліктер мен құқықтар). Мұнда «мүлік» түсінігі мүліктік игіліктер мен құқықтарды қамтиды.

ҚР азаматтық заңнамасында мүлік құрылымы мынадай сипатталған: заттар (ақша, бағалы қағаздарды қоса алғанда); жұмыстар және қызметтер; шығармашылық қызмет нәтижесі; мүліктік құқықтар (талап ету құқығы); міндеттемелер (борыш).

«Мүлік» түсінік заң тұрғысынан анықтаудың сараптамасында белгілі бір мәселелер туындайды. Азаматтық құқық теориясының тұрғысынан қарағанда, «мүлік» құрамына жұмыстар мен қызметтер, сондай-ақ шығармашылық қызмет нәтижелері енгенімен келісу қиын. Жұмыстар мен қызметтер өздігінен мүлік болып таныла алмайды (жұмыстарға қарағанда, қызмет көрсету затқа айналдырылған нәтиже бермейді). Басқаша айтқанда, заң шығарушы азаматтық құқықтар объектілерге белгілі бір іс-әрекеттердің аяқталуын жатқызады – жұмыстар атқару мен қызметтер көрсету, дәлірек айтқанда мүлікке олардың нәтижелері емес, іс-әрекеттерін алға тартады. Бұл жерде осы іс-әрекеттердің заттандырылған нәтижелері туралы сөз болуы керек еді. Шығармашылық қызмет нәтижелері немесе зияткерлік меншік азаматтық құқықтардың мүліктік емес объектілері болып табылады, осының нәтижесінде оларды мүлікке қосуға бола ма? Заң ғылымы мүліктің мынадай түсінігін жасаған: мүлік- тұлғаға тиесілі заттар, талап құқықтары мен міндеттер (борыштар) жиынтығы. Қажетті және жеткілікті белгілері жоқ элементтерді енгізу есебінен ұғымды кеңейту қаншалықты қажет? Осы проблеманы шешу нұсқаларының бірі – «игілік» терминін қолдану болар еді (бұл арада материалдық немесе материалдық емес игілік). Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен «игілік» түсінігі «мүлік» пен «игілік» категорияларының басқа арақатынасында қолданылады. Инвестициялық құқықтық қатынастар мүліктік қатынастар бола отырып, заттық немесе міндеттілік құқықтық қатынастар бола алады, объектілері – заттар (материалдық дүние заттары), мүліктік құқықтар мен міндеттер, іс-

әрекеттер (әрекетсіздіктер). Инвестициялық мүлiктiк емес қатынастардың объектiлерi – рухани шығармашылық өнiмдерi, мүлiктiк емес құқытар мен мiндеттер, iс-әрекеттер (әрекеттер нәтижелерi).

Сонымен, **инвестициялық құқықтық қатынас объектiсi** – қатысушылардың (субъектiлердiң) құқықтары мен мiндеттерi пайдалану немесе қорғауға бағытталған нақты игiлiк. Нақты игiлiктiң айрықша белгiлерiн инвестициялық қатынастардың құқықтары мен мiндеттемелерiнiң сыпаты анықтайды: бағалы қағаздардың қосалқы табиғаты (оларға инвестициялар ретiнде және инвестициялар объектiсi ретiнде қатысуға мүмкiндiк бередi) бағалы қағаздар нарығында инвестициялық қатынастар қатысушыларының ерекше құқықтық мәртебесiн анықтайды; инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектiсi ретiнде жер қойнауының құқықтық табиғаты инвестициялық қатынастардың субъектiлерi – жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен мiндеттерiне ықпал жасайды. Соның нәтижесiнде инвестициялық қатынастар объектiлерiн, олардың айрықша белгiлерi мен сыпатты нысандарын зерттеу ерекше маңыздылық пен көкейтестiлiкке ие болады.

6.2. Инвестициялық құқықтық қатынас объектiлерiнiң түрлерi

Заңнама деңгейiнде инвестициялық құқықтық қатынастардың объектiлерi туралы мәселе шешiмiн таппаған күйiнде қалды. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы Заңында «Инвестициялық қызмет объектiлерi» деп аталатын жеке бап бар. Алайда, осы объектiлер кәсiпкерлiк қызмет объектiлерiмен (3 бап) теңестiрiлген. Қазақстан Республикасының 2006 жылы 31 қаңтарда қабылданған «Жеке кәсiпкерлiк туралы» жаңа Заңына сәйкес «Жеке кәсiпкерлiк – жеке кәсiпкерлiк субъектiлерiнiң жеке кәсiпкерлiк субъектiлерiнiң өздерiнiң меншiгiне негiзделген, жеке кәсiпкерлiк субъектiлерi атынан олардың мүлiктiк жауапкершiлiгiмен атқарылатын кiрiс алуға бағытталған бастамашыл қызметi» делiнген. Бұл анықтамада кәсiпкерлiк қызметтiң белгiлерi көрiнiс алған, бiрақ кәсiпкерлiк қызметтiң объектiлерi туралы (тиiсiнше инвестициялық қызметтiң объектiлерi туралы) мәселе ашық қалған.

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы Заңында инвестициялық қызмет – коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу жөніндегі немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау және ұлғайту жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың қызметі делінген (1 баптың, 2-ші тармағы). Бір қарағанда, айқын сияқты, инвестициялық қызмет жарғылық капиталға, немесе нақтыланған активтерді жасау мен ұлғайтуға қатысуды білдіреді. Бірақ инвестициялық қызмет объектісін анықтау әрекеті елеулі қарама-қайшылықтың шығуына әкеп соғады. Инвестициялар туралы заңда инвестиция объектісінің анықтамасы айтылмағанына қарамастан, «Инвестициялар» түсінігінің өзін талдай келіп, заңды тұлғаның жарғылық капиталы немесе кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау және ұлғайту ретінде олардың объектісін анықтауға болады (1 бап, 1-ші тармақ); осы Заңның 3-бабында инвестор кәсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілері мен түрлерінде жүзеге асыруға құқылы делінген. Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес инвестициялық қызметтің объектілері, бір жағынан, жарғылық капитал немесе нақтыланған активтерді ұлғайту, екінші жағынан – кәсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілері бола алады.

Инвестициялық қызметтің объектісінің заң жағынан тұжырымдаудың айқынсыздығын ескере отырып, бұл объектілерді сұрыптау мейлінше күрделірек. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасына жасалған талдау инвестициялық қызмет объектілері ретінде, ең алдымен, мемлекет көтермелейтін инвестициялау қызметтің қай саласын қамтиды, соны анықтауға мүмкіндік береді. Әуелде бұлар экономиканың басым секторлары болды – заңнамалық тәртіппен инвестициялар тартудың бес басым секторы анықталды (оның ішінде өндірістік инфрақұрылым; ұқсатушы өнеркәсіп; Астана қаласының объектілері; тұрғын үй; әлеуметтік сала және туризм объектілері; ауыл шаруашылығы). Кейін экономикалық қызметтің биік деңгейдегі басым салаларына құйылған инвестицияларға жеңілдіктер мен кепілдіктер берілді (оның ішінде, ауыл шаруашылығы, аң шаруашылығы – орман шаруашылығы, балық шаруашылығы; балық аулау; азық-түлік; сусындар өндірісі; тоқыма өндірісі; киім өндірісі, былғары өңдеу, бояу, т.б. бұл шараларға қызметтер ұсынылды. Барлығы 35 қызмет түрі).

Әлемнің ірі деген компанияларының салалық бағдарлығы туралы айта келіп, мынаны атап көруге болады: ірі деген 100 қаржылық емес трансұлттық корпорациялар мына салаларға шоғырландырылған: автомобиль өнеркәсібі, электротехника, электр жабдығы өндірісі, мұнай өнеркәсібі, химия/фармацевтика өнеркәсібі; ал ірі деген 50 қаржылық емес трансұлттық корпорациялар дамушы елдерде база құрып, экономиканың мынадай секторларына шоғырланған: – азық-түлік және сусын өндірісі, мұнай өнеркәсібі, құрылыс және диверсификацияланған операциялар. Дамыған және дамушы елдердің компаниялары үшін экономиканың әртүрлі салаларының тартымдылығындағы елеулі өзгешеліктерге қарамастан, олардың бәріне ортақтық – экономиканың мұнай өнеркәсібі сияқты секторының инвестициялық тартымдылығы.

Қазақстан Республикасы бұл салада жалғыз болған жоқ, экономиканың осы саласы барынша даму алды және осы уақытқа дейін ұлттық инвесторлар үшін де, шетел инвесторлары үшін де инвестициялық тартымдылығын сақтап отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы сәтінен инвестициялық қатынастар (алдымен, шетел инвесторларының қатысуымен) жер қойнауын игеруге байланысты. Тек **жер қойнауы** мемлекеттік меншік құқықты өзіндік объектісі ретінде жер қойнауын пайдалануға байланысты барлық қатынастарды – кен, инвестициялық құқықтық қатынастарды біріктіріп отыр.

Инвестициялардың объектілерін сұрыптауда негізгі өлшем – инвестициялар жүзеге асырылып жатқан материалдық өндіріс, саласы. Сонымен бірге шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, инвестициялар объектілерін сұрыптау басқа да негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін. Мысалы, АҚШ-та инвестициялардың барлық объектілері екі топқа бөлінеді: **материалдық активтер** және **материалдық емес активтер**. Материалдық активтер – жылжымайтын мүлік, энергетикалық ресурстар (мұнай, газ, көмір); алтын және басқа да бағалы металдар (платина, күміс); стратегиялық металдар (кадмий, селен, титан, ванадий); бағалы тастар (алмас, жақұт, зұбаржат); жинақ дүниелері (күміс ақшалар, почта маркалары, өнер туындылары, антиквариаттар). Материалдық активтерге айналдырылған инвестициялар танымал, кірісті, жоғары инфляция жағдайының өзінде аса тартымды емес,

ал инфляция төмендегенде, пайдалы. Қазіргі уақытта қаржы активтеріне материалдық емес айналдырылған инвестициялар мейлінше тиімді. Бұған нақтыланған кірісі бар бағалы қағаздар (облигациялар, депозиттік сертификаттар, вексельдер); нақтыланбаған кірісі бар бағалы қағаздар (АҚ-дардың акциялары, акциялар сертификаттары, т.б.) және аралас нысандар (опциондар, фьючерстер, т.б. жатады).

Бұрын Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы Заңымен бағалы қағаздар инвестициялар объектісі емес, инвестициялар түрі ретінде (1 бап) анықталды. Бірақ бұл осы құбылыстың мәнін өзгертпейді, өйткені инвестициялар объектерінде де, инвестициялық аспаптың өзі ретінде де шығуы мүмкін. Мысалы, еркін ақша қаржылары бағалы қағаздарға айналдырылғанда, олар инвестициялар объектілері болып табылады, ал оларды бұдан әрі орналастырғанда, бағалы қағаздар инвестициялық кіріс алу мақсатымен салынған инвестициялар болады. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңына сәйкес бағалы қағаздар нарығының объектілері: Қазақстан Республикасының резидент-ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары; Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары; халықаралық қаржы ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздары; мемлекеттік эмиссиялық қағаздар; шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, топтастырылған бағалы қағаздар мен басқа да қаржы аспаптары (4 бап).

Қорытындылар шығара отырып, мынаны атап өтуге болады: инвестициялық қатынастар өз табиғатына қарай азаматтық құқықтық қатынастар болып табылады, мүлік салымына қарай қалыптасады, оның ішінде барынша көбірек таралған түрі – **заттар**. Осы айтылғандарды ескере отырып, табиғаттан бастау **алған заттар (құндылықтар)** және **адамның еңбегімен жасалған**, азаматтық құқықтар объектілері ретінде әрекеттерге қабілетті **заттар** бар деген ұйғарым жасауға болады. Басқаша айтқанда, қоғамның сыртқы әлемі адам еңбегінсіз-ақ өмір сүретін материалдық құндылықтардан (дүниелерден), сондай-ақ қолы тиген заттардан құралады. Оның алғашқысына жер, жер қойнауы, орман, сулар және табиғаттың басқа да объектілері екіншісіне – товар қасиеттеріне ие материалдық құндылықтар жатады. Сөз жоқ,

товар-материалдық құндылықтардың құқықтық реттілігі табиғат объектілерінің құқықтық реттелуінен ерекшеленеді. Мұның өзі табиғат ресурстарының басқа материалдық құндылықтармен салыстырғанда ерекше экономикалық маңыз алуына байланысты. Тауар – материалдық құндылықтардың меншік иесі мүлікке иелік ету, пайдалану және жұмсау жөніндегі өзінің құқықтарын жүзеге асыру нысандары мен әдістерін еркін таңдайды және өзінің өкілеттіліктерін жүзеге асырады; ал табиғат пайдалану жөнінде операцияларды жүзеге асыру құқына иелік ететін заңды және жеке тұлғаларда мұндай кең көлемдегі құқықтарға ие емес.

Сондай-ақ мынаны ерекше атап көрсеткен жөн. Табиғат объектілерінің маңыздылығы құқықтық өкілеттіліктің сондай көлемін бұрынырақ анықтап бергенімен, ол жеке азаматтарды классикалық мағынада меншік иелеріне айналдыра алмайды. Өйткені дамыған экономикасы бар елдердің өзінде жерге және басқа да табиғат байлықтарына жеке меншік құқы абсолютті және шексіз болып табылмайды, өйткені құқық қоғамның (мемлекеттің) мүдделеріне жегілген, белгілі бір, топ елеулі шектеулер жағдайында жүзеге асырылады. Мысалы, бұл салада мемлекеттік шараларының арасында мыналарды бөлуге болады: әртүрлі салық реттілігін (оның ішінде жеңілдік) белгілеу; жерді қоғамдық мақсаттарға қайтарып алу, меншік иесіне өтемдерді қайтару; артында мұрагері жоқ, дүние салған меншік иесінің жерінің мемлекет меншігіне өтуі; табиғат объектілерін меншік иесінің өзбетінше өзгертуіне жауапкершілік белгілеу, т.б. Екінші жағынан, табиғат объектілерінің айрықша ерекшеліктері азаматтық-құқықтық мағынада бұлар заттар болып табылады деп айтуға әлі де болсын жеткіліксіз.

Табиғат ресурстары қатынастарын реттеу мен көпшілік – құқықтық реттеудің осы заманғы арақатынасы мынаған әкеп соқты, көпшілік құқықтың дәстүрлі салалары – жер, су, орман, тау-кен құқықтар жекеменшік құқықтың ықпалына көбірек түседі. Бұл, атап айтқанда, Рим құқы заманынан бергі заттардың жылжымалы және жылжымайтын болып бөлінісінде көрініс алған, бұлар азаматтық құқықтар объектілерінің қасиеттерімен әйгіленеді. Жылжымайтын заттар үнемі бір орында тұрады, жеке белгілері бар, ауыстырылмайды; басқа сөзбен айтқанда жылжымайтын мүлік объектілері басым көпшілігіне тән белгі олардың жермен ажырамас байланысы, соның нәтижесінде әдетте көтеріңкі құнға ие болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар, мүліктер) жермен байланысты жер тәлімдері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық жасыл желектер және басқа да мүлік жатады, бұл объектілердің орнын ауыстырып, жылжыту орнын толтыру онайға түспейтін нұқсандар келтіреді (117 бап). Ресей азаматтық заңнамасы бойынша жылжымайтын мүлікке жер қойнауының тәлімдері және жекеленген су объектілері жатады (РФ АК 130 бап).

Тиісінше, шек-аражікті ашу төмендегідей жүргізіледі: жер қойнауы және су мемлекеттік меншікте болады, пайдалануға жер қойнауының тәлімі (кең аумағы) және су үстінің тәлімі (су объектісінің бөлігі) берілуі мүмкін, су объектілері мемлекеттік, сондай-ақ муниципалдық меншікте болады. Сондай-ақ, «жер» және «жер тәлімі» түсініктерінің аражігін былай бөледі: азаматтық құқық объектілері – жер емес, жер тәлімдері болып табылады.

Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілері саналуан және әртүрлі, олардың жекеленген түрлері ғана қарастырылды. Инвестициялық қатынастар өте жылдам дамуда, мазмұны, пайда болу нысандары жағынан күрделіленіп барады. Соның салдарынан инвестициялық қызметтің көптеген негіздері тиісті заңды бекітілуін алған жоқ. Мынадай келеңсіз сәттерді атап кетуге болады: Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында инвестициялық құқықтық қатынастар объектілеріне арналған нормалар, инвестициялық қызмет және инвестициялар объектілерін анықтауда айқындылық жоқ, жылжымайтын мүлікке байланысты бірыңғай тұғырнама жасалмаған, атап айтқанда жер қойнауы және жабық (жекеленген) су объектілері жылжымайтын мүлікке жата ма? – мұнда да айқындық жоқ. Сондықтан инвестициялық қызмет туралы жаңа заңның қабылданғанына қарамастан, инвестициялық қатынастарды реттеудегі оның тиімділігі мен маңызын арттыру жолында әлі де көп шаруалар атқарылуы қажет.

6.3. Инвестициялық құқықтық қатынастың мазмұны

Күрделі құбылыс ретінде құқықтық қатынас үш элементтен құралады: субъект, объект және құқықтық қатынас мазмұны. Бір-бірінен ажырамас осы элемент құқықтық қатынас құрылымын құрайды.

«Мазмұн» түсінігін тар мағынада да (бұл жерде оның заңдық мазмұны ескеріліп отыр) және кең мағынада да (нақты мазмұнды қоса) қарастыруға болады. Бірақ тағы да осының өзі қажет пе деген мәселе көтеріледі: заңдық мазмұн нақты мазмұнды анықтайды, басқаша айтқанда, құқықтық қатынас нақты қоғамдық қатынастың заңды нысаны ретінде көрінеді. Құқықтар мен міндеттерді құқықтық қатынас құрылымының дербес элементтері ретінде қарастыру жалпы белгілі факт болып табылады, дәлелдеуді қажет етпейді. Субъективтік құқықтар мен міндеттердің ажырамас байланысы ғана құқықтық қатынас мазмұнын құрайды. Егер, мемлекет азаматтардың іс-әрекетіне тікелей, объективтік құқықтық нормаларының көмегімен, заңмен белгіленген міндеттерді оларға жүктеумен реттейтін болса, онда бұл міндеттер мемлекеттің алдында орындауға тиіс; іс-әрекет құқықтық нормалармен тікелей, сондай-ақ субъективтік құқықтардың көмегімен реттелмесе, онда анықталған іс-әрекетті міндеттенген тұлғалардан талап ету құқын, ең алдымен, мемлекеттен емес, субъективтік құқықтар берілген тұлғадан талап ету керек.

Субъективтік заңды құқық – бұл қандай да болсын – іс-әрекеттің нақты мүмкіндігі ғана емес, іс-әрекеттің мемлекеттік қорғаған мүмкіндігі, өйткені субъективтік құқық анықталған іс-әрекеттерді міндеттенген тараптан талап ету құқын, тиісті мемлекеттік органға өзін қорғау жөнінде өтіну құқын, бұрмаланған құқын өзінің қорғауына мүмкіндік береді іс-әрекет еркіндігін беретін субъективтік құқыққа сай заңды міндет субъективтік құқыққа сәйкес келуі керек, субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер өзара байланысы көріне еді.

Сонымен, инвестициялық құқықтық қатынастың **мазмұны** осы құқықтық қатынастардың субъектілерінің (қатысушыларының) субъективтік құқықтары мен заңды міндеттерінің жиынтығын құрайды.

7 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

7.1. Инвестициялық қызмет (ұғымы, белгілер, түрлері)

«Инвестициялық қызмет» және «инвестициялау» ұғымдарының арақатынасы туралы мәселеге қайта оралып, инвестициялық қызмет инвестициялауды (инвестициялар салымы деп ұғыну керек) және инвестицияларды (оларды жүзеге асырудың практикалық іс-әрекеттердің жиынтығы) жүзеге асыруды қамтиды. Демек, **инвестициялық қызмет** инвестициялар салымы және инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет ретінде сыпатталады.

Инвестициялар жөніндегі заңға сәйкес инвестициялық қызмет жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын нақтыланған активтерді жасау немесе ұлғайту жөніндегі қызметті көрсетеді (1 бап 2 тармақ). Көрсетілген анықтамада Инвестициялық қызмет ұғымы мейлінше тарылған: біріншіден, инвестициялық қызмет субъектілерінің шеңбері шектелген (мемлекет және халықаралық ұйымдар алынып тасталған); екіншіден, инвестициялық қызмет коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу жөніндегі қызметпен шектелген; үшіншіден, қызмет кәсіпкерлік қызмет үшін нақтыланған активтерді пайдалану немесе ұлғайту қызметімен шектелген.

Біздіңше, инвестициялық қызмет коммерциялық (кәсіпкерлік) қызмет түрінде ғана емес, коммерциялық емес қызмет түрінде де танылуға тиіс. Сондықтан инвестициялық қызметке кәсіпкерліктің мынадай белгілері тән: дербестілік, бастамашылық, тәуекелдік сыпат. Бірақ сонымен бірге инвестициялық қызмет материалдық немесе рухани игіліктерді (инвестициялық қызмет объектісі) жасауға бағдарлығымен сыпатталады және бір мақсатты кіріс (пайда) алу немесе оң әлеуметтік тиімділікке жетуді көздейді.

Инвестициялық қызметті инвестициялық қызмет объектісін жасау жөніндегі үрдіс (инвестицияларды тікелей нысанада) ретінде қарастыра отырып, екі негізгі сатыны бөлуге болады: 1) инвестициялау алдындағы саты (инвестициялар салымы); 2) инвестициялық кеңістік сатысы (инвестициялық қызмет объектісін жасау-

дан кейін басталады, инвестордың объектіні пайдалану, немесе сатуы, жолға беру, т.б., басқаша айтқанда, инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты тағдырын анықтау). Инвестициялау алдындағы саты бірқатар дәйектілікпен аяқталатын іс-әрекеттерден құралады – инвестордың инвестициялық қызметті атқару жөнінде шешім қабылдауы; инвестицияланатын объектіні таңдап алу; инвестициялық жоба жасау; инвестициялық шарт жасау (инвестициялық келісімшарт талаптарын келісу). Инвестициялық кеңістік сатысы, негізінен, инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты тағдырын анықтауға бағытталады.

Өз тарапынан, инвестициялық қызмет объектісін жасаумен байланысты емес инвестициялық қызмет (инвестицияларды жанама және несие нысанада жүзеге асыру), сондай-ақ біршама басқа мазмұндағы екі сатыны қамтиды; 1) Инвестициялау алдындағы саты (инвестициялар салу, оның ішінде инвестициялық қызметті жүзеге асыру туралы шешім қабылдау, инвестициялық шарт талаптарын келісу және оны жасау); 2) Инвестициялық кеңістік сатысы (инвестициялардан кіріс (пайда) алу.

Инвестициялық қызмет **түрлерін** инвестициялау инвестициялар салымы мен жүзеге асыру саласына қарай сұрыптауға болады – жер қойнауын пайдалану, құрылыс саласы, бағалы қағаздар нарығы, банк саласы, коммерциялық емес сала, т.б.; субъектісіне орай жеке тұлғалардың инвестициялық қызметі (оның ішінде, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар), заңды тұлғалар, мемлекет (оның ішінде шетел мемлекеттері), халықаралық ұйымдардың инвестициялық қызметі, мемлекеттік қолдауға байланысты шетелдік инвестициялық жеңілдіктерсіз жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет, инвестициялық преференциялар беру туралы келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының инвестициялық қызметі, т.б.

7.2. Инвестициялық қызметті мемлекеттік басқару және реттеу

Мемлекет инвестициялық қатынастарды реттей отырып, инвестициялық қызмет субъектілерінің іс-әрекетіне ықпал етудің әртүрлі нысандары мен әдеттерін қолданады, мемлекеттік меншік

объектілерінің иесі, мемлекеттік меншікте жатпайтын объектілер бойынша инвестициялық қатынастардың реттеушісі болады. Әдеттегідей, алғашқы жағдайда әңгіме мемлекеттік басқару туралы, екіншісінде инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу туралы болады.

Мемлекеттік басқару – мемлекеттік меншік институтымен тікелей байланысты құқықтық институт, өйткені басқару меншік қатынастарын көрсететін әдіс. Мемлекеттік меншік объектілерін мемлекеттік басқару тиісті мемлекеттік органдар, заңды және тұлғалар – басқару субъектілері арқылы жүзеге асырылады. Бір жағынан, жер қойнауын басқару жөніндегі қоғамдық қатынастар жүйе жер қойнауын пайдаланушылар (қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге құқылы жеке немесе заңды тұлғалар); екінші жағынан мемлекеттік басқарудың тиісті органдары (министрліктер, комитеттер, т.б.). Мұндайда қоғамдық қатынастар аталған субъектілер арасында қалыптасады, жоғарыдан төмен басқарушылық құқықтық қатынастар бола алады, тұтасымен және толық билік пен бағыныштылық тұғырда (мысалы, жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау саласында), сондай-ақ көлбей бағыттағы қоғамдық қатынастар (мұнда қандай да болсын, бағыныштылық жоқ) қалыптасады.

Мемлекет, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатыса отырып, жеке құқық субъектісі ретінде әрекет етеді, мұндайда мемлекет мемлекеттік және әлеуметтік мүдделерді, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтық мүдделерін қорғауға бағытталған өзінің көпшілік функцияларын жүзеге асыруды сақтайды; мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу проблемасын шешуде осы кешенді қатынастарды құқықтық реттеудің жеке-құқықтық және көпшілік-құқықтық әдістердің айқын тұғырнамалық негізделген аражігін анықтау – басты мақсат. Сондықтан таяудағы жылдары заңнамалық нысанда мемлекеттің коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалармен қатынасқа ену проблемасын шешу керек.

Мемлекеттік басқарудың жүйесін қайта құрудың нәтижесінде инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың орталық атқару органы ҚР Индустрия және сауда министрлігі болды. Министрліктің бұл саладағы стратегиялық функциялары мыналар:

Қазақстан Республикасында инвестициялық хал-ахуалды жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс; жеке меншік секторы инвестицияларын мемлекеттік қолдау шараларының пәрменділігінің бағасын қамтамасыз ету; жеке меншік секторының инвестициялық белсенділігін ынталандыру, Қазақстан Республикасында инвестициялық хал-ахуалды жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыруды үйлестіру; инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласында инвестициялық хал-ахуалды жақсарту жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; сондай-ақ инвестициялық кепілдіктер беру үшін қызметтің басым түрлерінің тізбесін анықтау; инвестициялық міндеттемелердің орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөнінде шаралар жасау.

Қазақстан Республикасында Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі Комитеті Республикасының инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында – салааралық үйлестіруді, арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын министрліктің ведомствосы болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы Қаулысымен бекітілген инвестициялар жөніндегі Комитет туралы Ережеге сәйкес Комитеттің негізгі міндеттері ретінде екі міндет көрсетілген: 1) Инвестицияларға мемлекеттік қолдау шараларын келісімшарт жасау арқылы көрсету; 2) Қазақстан Республикасының шикізат емес секторына ірі шетел компанияларын тарту. Шын мәнінде бұл міндеттер емес, Инвестициялар жөніндегі Комитет қызметінің анағұрлым маңызды және басым бағыттары.

Қолданылып жүрген заңнамаға жасалған сараптама инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде пайда болған қатынастарды реттеудің мына ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Инвестициялық қатынастарды **мемлекеттік реттеу** дегеніміз инвестициялық құқық институты, оның екіге бөлінеді: **тікелей мемлекеттік реттеу** мемлекеттік **инвестициялар саласында**; жер қойнауын пайдалану және табиғат пайдаланудың басқа да түрлері саласында; мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру саласында, т.б. жүзеге асырады. Екінші құрамдас бөлігі – елдегі инвестициялық

үрдістерді **жанама реттеу**, бұл мемлекеттің инвесторлар құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуін, экономиканың басым секторларында қызмет атқаратын инвесторларға мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтиды (инвестициялық салық жеңілдіктерін беру, кедендік баж салығынан босату, мемлекеттік заттай гранттар беру жолымен). Тиісінше, тікелей мемлекеттік реттеу әкімшілік шаралар мен ықпал ету тәсілдерімен, жанама реттеу ынталандыру сипатындағы экономикалық шараларды басымырақ қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, жанама реттеудің дамуы инвестициялық қызметке мемлекеттің қатысуымен толық бас тарту болмайды. Әлемдік практикада мемлекеттің экономикалық проблемаларға араласатыны дәлелденген. Мысалы, Францияда нарықтық экономиканың стратегиялық сараптамасы жүргізіледі, мемлекет барлық қажетті жағдайларда компаниялар мен корпорациялардың қызмет жоспарларына түзетулер енгізеді. Шынында да, мұндай практика басқа да елдерде де қалыптасқан. Соғыстан кейінгі уақытта дамыған елдерде президенттік биліктің күрт күшейгені байқалады, мемлекет басшысының қолына функциялар шоғырланды, министрліктер мен орталық ведомстволар санын ұлғайту есебінен мемлекеттік аппарат өсті. (1963 жылы Англияда – 42 министрлік пен 60-қа жуық ведомство болды, бұл аппаратты қысқартуға әкеп соқты, 1970 жылы министрлік саны 14-ке дейін қысқартылды). Еркін коммерцияның қамалы болған АҚШ-тың өзінде экономиканың осы заманғы даму деңгейін тек нарықтық заңдарының ықпалымен ғана болды деуге болмас, федеральдық және штаттар деңгейінде бизнеске (оның ішінде шағын, орта бизнеске) мемлекеттік қолдау жасауға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеудің объективтілік шарттылығы туралы айтуға болады, бұл инвестициялық салада толық көрініс алады.

7.3. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің әдістері мен бағыттары

Қазіргі жағдайда мемлекет субъект ретінде инвестициялық қатынастарға көпшілік – құқық реттеу (мемлекеттік

инвестицияларды тікелей басқара отырып) және жекешелік-құқықтық реттеу (келісімшарт қатынастарына – азаматтық-құқықтық қатынастарға қатыса келіп) арқылы әсер етеді. Мұндайда жалпы (көпшілік) – құқықтық реттеу саласында тікелей (орталықтандырылған әкімшілік) және тікелей емес (ең алдымен, ынталандыру) ықпалын бөлуге болады. Демек, инвестициялық қатынастарға ықпал етудің негізгі екі тәсілі бар: жекешелік-құқықтық (диспозитивтік) және көпшілік-құқықтық (императивтік). Аталған әдістер жалпы болып табылады, сонда инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің арнаулы тілдері қолданылады – инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер, шетел инвесторларына ұлттық реттілік, инвестициялық салада салық жүйесін жетілдіру, инвесторлардың құқын қорғау т.б.

Инвестицияларды мемлекеттік реттеу бағыттарының бірі – **республикалық және жергілікті инвестициялық бюджеттік жобалар (бағдарламалар) жасап, қабылдау және жүзеге асыру.** Бюджеттік инвестициялар бюджеттік инвестициялық жобалар мен бюджеттік инвестициялық бағдарламалар арқылы, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық қорын қалыптастырып, ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылады. Шешілетін мәселелердің маңыздылық деңгейіне қарай бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) болып бөлінеді: 1) бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) мүліктің меншік құқының (республикалық немесе коммуналдық) туындарына байланысты республикалық немесе жергілікті екенін анықтайтын меншік түрі бойынша өлшемі; 2) бюджеттік инвестициялық жобаның бағдарламаның республикалық екенін анықтайтын өлшем – егер бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) жүзеге асырушылар – субъектілер екі, одан да көп облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан болса, - республикалық; егер бюджеттік инвестициялық бюджеттік жобаны (бағдарламаны) орындаудан экономикалық пайда табушылар, бір облыс, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан болса – жергілікті болады (Бюджет кодексінің 47 бабы). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы Қаулысымен бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қараудың Ережелеріне сәйкес республикалық

бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады, республикалық бюджет қаржылары есебінен қаржыландырылады; жергілікті бюджеттік инвестициялық (жобаларды бағдарламаларды) жергілікті атқару органдары жүзеге асырады, жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

Инвестициялық қызметті реттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылатын - **жекешелендіру туралы** сөз қозғасақ, артық болмас. Ұлыбританияның бұл саласындағы табысты тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік өндірістің барлық салаларына шектен асқан бақылауы экономиканың дамуына теріс әсер етеді. Мемлекет меншігіне алғанға дейін экономиканың көмір, болат құю, газбен жабдықтау өнеркәсібі энергиясын өндіру, телекоммуникация, авиация, кеме жасау өнеркәсібі сияқты салаларында еңбек өнімділігі төмен, шығын жоғары болды, ресурстар тиімсіз пайдаланылды, қызмет көрсету сапасы ойдағыдай болды. Ұлыбританияда жүргізілген жекешелендіру бұрын мемлекет меншігіне алынған салаларда еңбек өнімділігін жақсартты, мемлекеттің меншік иесі емес, реттеуші ретінде рөлінің маңызын дәлелдеп берді.

Алайда мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру Кеңес Одағының бұрынғы республикаларында ойдағыдай өтті деуге болмады, халық арасында мемлекеттік мүлкін «жымқыру» деген теріс атағымен ел есінде қалды. Ресейдегі инвестициялық дағдарыстың негізгі себептерінің арасында мынадай кемшіліктер болды: жекешелендіру қате жүргізілді; ойланыстырылған өнеркәсіп саясаты болмады, оның ішінде мемлекеттік жоспардың айқын басымдылығы сезілмеді, конверсияның бірыңғай тұғырнамасы болмады, т.б. Қазақстанда жекешелендірудің бастапқы кезеңдеріндегі қорытындыларды жинақтай келіп, мынадай тұжырым жасайды: бұл үрдіс мемлекеттік емес сектордың пәрменді қызмет етуіне жеткізетін нарықтық механизмдер кешенін қалыптастыру және институттарының пайда болуы жолымен жүрмеді, жекешелендірілетін мүлікті талан-таражыға салуға және тым арзанға сатуға әкеп соқты.

Осының бәрі мынаған үйретеді: дамыған елдердің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алуға болмайды, бір кездерде үлгі ретінде ұсынылған көптеген дамушы елдер (мысалы, Аргентина,

Оңтүстік – Шығыс Азия елдері) жіберген қателіктерді қайталамау керек, шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, және қоғамдық дамудың экономикалық заңдылықтарын ескеріп, экономикалық даму теориясына өзіндік тұғырнамалар жасап, америкалық, немістік немесе француздық емес, өзінің экономикалық моделін жасау қажет.

Тұрақты экономикалық өсуге жетісу елде инвестициялық белсенділікті көтермейінше мүмкін емес. Өз тарапынан, инвестициялық белсенділікті шетелдік және ұлттық инвесторлар үшін **тартымды инвестициялық хал-ахуал** қалыптастыруды қамтамасыз ету керек. Инвестициялық салада инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдігі заңмен бекітілді: шетелдік және ұлттық инвесторларға тең дәрежеде Қазақстан Республикасының Конституциясымен, инвестициялар туралы заңмен, басқа да нормативтік құқықтық актылармен, сондай-ақ ҚР бекіткен халықаралық шарттармен инвесторлар толық және сөзсіз қорғалады (ҚР инвестициялар туралы Заңының 4 бабы).

Біздің еліміз жер астындағы пайдалы қазбалар қорымен белгілі және басты міндет мынада: оларды ұқыпты және тиімді пайдалану. Дж.Стиглиц атап көрсеткеніндей табиғат ресурстарына бай бірқатар елдер мұндай ресурстарға ие болмай отырған елдерге қарағанда, өсудің жоғары қарқынымен немесе басқа да экономикалық жетістіктерімен мақтана алмайды, (мұнайға бай Нигерия мұнайдан түскен триллион табыстың төрттен бір бөлігін шығындады, қазір қарызға батқан, Венесуэла халқының үштен екі бөлігі – кедей). Сондықтан табиғат берген байлықты қазіргі және ертеңгі ұрпақ мүдделері үшін ұқыпты пайдалануымыз керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, инвестицияларды мемлекеттік реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттарын былай тұжырымдауға болады: инвестицияларды құқықтық реттеуді жетілдіру; қолданылып жүрген салық жүйесін салық салмағын төмендеуге (жеңілдетуге) қарай реформалау; экономиканың басым секторларында жүзеге асырылатын инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын онан әрі дамыту және жетілдіру; отандық эмитенттердің бағалы қағаздарының тартымдылығын көтеру; бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғау жүйесін жасау; халықтың инвестициялық белсенділігін көтеру.

8 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

8.1. Инвестициялық-құқықтық жауапкершілік

Инвестициялық құқықта заң жауапкершілігінің институты меншік институтымен бірге салааралық құқықтық институттар қатарына қосылса да, әлі де болсын, қалыптасу сатысында. Бұған теориялық, практикалық сыпат ретінде бірқатар себептер бар. Осы уақытқа дейін құқық теориясында екі негізгі мәселеге бір текті жауаптар берілмеген: позитивті заң жауапкершілігі және заң жауапкершілігінің мамандырылған түрлері.

Социалистік құқық теориясында келеңсіз – ретроспективтік тұрғыдағы жауапкершілікпен бірге жауапкершіліктің позитивтік – перспективалық нысаны кең тараған. **Оң жауапкершілік** заң жауапкершілігіне кең ұғым тудырады, осыған сәйкес құқықты бұзғаны үшін жауапкершілікпен бірге осы жағдайдың және уақыт мұраттарының объективті талаптарына сай келетіні оң іс-әрекеттер жасағаны үшін жауапкершілік те болады. Оң жауапкершілікті жақтаушылардан қарсылары көбірек. Бұл тегін емес. Өйткені оң жауапкершілік мемлекеттің құқықтық ережелерді және заңда қарастырылған тиісті тыйым салуларды орындамағанын айыптауы ретінде жауапкершіліктің заңдық мәнінің өзін теріске шығарады. Жалпы, осы болжам біршама (ойдан шығарылған) сыпат ала дамыған социализм мен коммунистік қоғам орнату заманының лебі мен ұмтылысын танытады.

Ал бастапқы мәселе, біздіңше, қазіргі жағдайда өзінің көкейтестілігін жоғалтса, онда екінші мәселе нарықтық қатынастар мен оның дамуына өту маңыздырақ бола бастайды. Шынында да, бүгінгі таңда заң алдындағы жауапкершіліктің классикалық түрлері ретінде танылған жауапкершілік (азаматтық, материалдық, тәртіптілік, әкімшілік және қылмыстық) қолданылып жүрген заңнаманы бұзушыларға ықпал етудің қолда бар әдістерін түгел қамти алмайды. Сондай-ақ, сөзсіз, салалық белгілер бойынша жауапкершілік түрлерінің ажыратылуы (бөлінісі) шындап келгенде, құқықтық салалық құрылымымен (құқық салалары жауапкершілік түрлерінен көп; материалдық және тәртіптілік жауапкершілік құқықтың бір саласына еңбек

құқына тән; заң жауапкершілігінің бір түрі құқықтың әртүрлі нормаларын бұзғаны үшін қолданыла алады) үйлесе бермейді. Ең соңында, жауапкершіліктің түрлерінің салалық болып бөлінуі дәстүрге айналған, бұл құқықтың іргелі салалары болып танылған азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқықтың әбден зерттеліп, кеңінен қарастырылғанын көрсетеді.

Заң жауапкершілігі түрлерінің көптілігі – заңды құбылыс, заң әдебиетінде жауапкершіліктің мамандырылған түрлерінің мәнін ашып анықтауға әлденеше рет әрекеттер жасалған.

Біздіңше, тау-кен, жер, су, орман және экологиялық құқықта табиғатты пайдалану саласында арнаулы (өзіндік) түрлерінің пайда болғаны туралы тұжырымдар анағұрлым негізді болып табылады. Тиісінше, заң жауапкершілігінің салалық (дәстүрлі) түрлерімен бірге тау-кен – құқықтық, жер-құқықтық, су-құқықтық, орман-құқықтық және экология-құқықтық жауапкершілік бөлініп шығады. Мысалы, жер қойнауын пайдалану құқын тоқтату, жер қойнауын пайдалы қазбаларды барлау немесе шығару кезінде геологиялық зерттеу кезінде ұсынылған талаптарды бұзуда жұмысты тоқтата тұру немесе мүлдем тоқтату, т.б. жағдайларда, ықпал шаралері ретінде әкімшілік-құқықтық тәртіпте көрініс алып жүрсе де, тау-кен – құқық жауапкершілігі қолданылады.

Тұтас алғанда, заң шығарушы инвестициялық заңнаманың пәрменділігін көтерудің әдістері ретінде заң жауапкершілігінің ролі мен маңызын жете бағаламайтынын атап өту керек. Мысалы, инвестициялар туралы Заңда Қазақстан Республикасының салықтардың өтелмеген сомасын және қолданылып жүрген заңмен қарастырылған тиісті айыппұл санкцияларын қолданып инвестициялық кепілдіктер шарты бойынша кеден баж салықтарын қайтару жөнінде келісім шарт жасасқан заңды тұлғасының жауапкершілігі жалпы нысанада белгіленген. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамадағы бағалы қағаздар нарығына кәсіпкер қатысушылардың жауапкершілігі туралы нормалар айқын еместігі соншалық, оларды практикада жүзеге асыру мүмкін емес, немесе формалды. Мысалы, кәсіби қатысушы қызметтің белгіленген ережелерін бұзуға жол берсе, тіпті өрсекел жағдайдың өзінде-ақ бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия оған берген лицензияларды тоқтата тұрады, ал анықталған бұзушылықты жойғаннан кейін лицензияның іс-әрекеті қалпына келтіріледі, соның нәтижесінде жауапкершілік бұзушы ешқандай материалдық жауапкершілік алмайды.

Демек, заң шығарушы инвесторлар мен инвестициялық қызметтің басқа да субъектілері үшін шартты және шарттан тыс жауапкершілігінің іске кірісу мүмкіндігін алға тартады. Бастапқы сәтте жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жауапкершілік туындайды, басқаша айтқанда, әңгіме азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы болып отыр, ал белгіленген санкциялар әкімшілік – құқықтық сыпат алады, сонымен бір мезгілде айыппұл санкциялары қолданылады. Қазақстан Республикасының 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінде жаңа 134-1 («Мемлекеттік нақты гранттарды қайтарудың мерзімдерін бұзушылық») бап пайда болды, онда мемлекеттік таза гранттарды қайтару мерзімдерін бұзушылық үшін жауапкершілік қарастырылған: шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалар үшін бес жүзден мың айлық есеп-айырысу көрсеткіштерге дейін; ірі кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар үшін бір мыңнан екі мың айлық есеп көрсеткіштеріне дейін айыппұл. Сонымен бірге мынаны атап көрсеткен дұрыс: заң шығарушы ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитетіне Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі Кодекстің 134-1 бабында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істер қарау және әкімшілік жазалар белгілеу жөнінде өкілеттіліктер берген. Бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер қатысушылары әкімшілік немесе материалдық деп тануға болмайтын жауапкершілік алады, өйткені әкімшілік заңнама лицензиялардың әрекетін қалпына келтіру сияқты жаза түрлерін білмейді, ал келтірілген нұқсан үшін материалдық және азаматтық құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылуы да мүмкін. Сондықтан, заң жауапкершілігінің жаңа арнаулы түрі – инвестициялық-құқықтық жауапкершіліктің пайда болды деген қорытынды шығаруға болады.

Жер қойнауын пайдалану саласында инвестордың заң алдында жауапкершілігі өзгешелігі мынадан көрінеді: жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөніндегі Заңда құқық бұзушылықтардың нақты түрлері мен солар үшін жауапкершілік шараларын қарастыратын нормалар көрсетілмеген. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы белгілеген жалпы принцип әрекет етеді, соған сәйкес қоршаған

органы қорғау туралы заңнаманы бұзушылыққа жол берген кінәлі – жеке және заңды тұлғалар ҚР Заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады. Демек, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту арнаулы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады (сол сияқты табиғат ресурстарын пайдалануды реттейтін заңнама нормаларын бұзушылық осылай шешіледі).

8.2. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін заңи жауаптылық түрлері

Нарықтық қатынастар жағдайында жер қойнауын пайдаланудың тиімділігіне елеулі түрде әсер етуге қабілетті заң жауапкершілігінің түрлеріне азаматтық-құқықтық жауапкершілік жатады. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізгі белгілері ретінде мынаны бөліп қарастырады: 1) азаматтық-құқықтық жауапкершілік құқық бұзушыға мемлекеттік-құқықтық ықпал нысандарының бірі; 2) азаматтық-құқықтық жауапкершілік мүліктік сыпатта, құқық бұзушыға мүліктік ықпал етудің сыпатында; 3) азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтарды немесе міндеттерді бұзушылыққа жол берген тұлғаға мүліктік зардаптары жүктеу; 4) азаматтық-құқықтық жауапкершілік санкциялар қолданумен байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді бұзушыға мүліктік тиісті зардаптары жүктеу. Сонымен бірге азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің өзіндік белгілері арасында оның мүліктік – қалпына келтіру сыпатын атауға болады.

Міндеттемелерді бұзушылық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік мына нысанада көрінеді: шығындардың орнын толтыру; тұрақсыздықты төлеу; аманатты жоғалту немесе аманаттың қайтарылған сомасынан тыс аманат сомасын қосымша төлеу; қылмыстық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған ымыра бойынша алынғанның бәрін мемлекет кірісіне тәркілеу, аманатқа салынған мүлікке меншіктену құқынан айырылу; сондай-ақ пайдалану құқымен ұстап отырған мүлікке деген құқықты жоғалту, т.б.; мұнда неғұрлым көп тараған, міндеттемелерді бұзушылық үшін жауапкершіліктің бірден-бір нысандары болмаса да – шығындардың орнын толтыру және айыппұл төлету.

Мынаны мойындауға тура келеді: табиғатты пайдалану саласындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік, тұтас алғанда, жер қойнауын пайдаланудағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік, жеке алғанда, әлі де болсын, жеткілікті түрде пәрменді емес. Азаматтық-құқықтық қатынастар саласында даулы мәселелерді шешу үрдісінде мемлекеттің, мемлекеттік қызметінің өктемдігі болмауға тиіс. Алайда, мұндай фактылар әлі де болсын орын алуда, сондықтан, біздің ойымызша, мемлекеттік органдардың тарапынан озбырлық пен заңдылықты болдырмауға қабілетті барлық тұтқаларды барынша пәрменді пайдалану керек. Азаматтық заңнаманың пәрменділігін көтеруге елеулі ықпал жасай алатын маңызды сәт – азаматтық айналымға қатысушылардың келісімшарт тәртібін сақтау маңызды. Осыған байланысты төрелік соттар институттарын (оның ішінде халықаралық коммерциялық төрелік сот) енгізу оң әсер етуге тиіс.

Материалдық жауапкершілік жөнінде мынаны еске салуға болады: ол азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен жақын байланысты, материалдық жауапкершілікте болсын, азаматтық-құқықтық жауапкершілікте болсын, әңгіме материалдық зиян орнын толтыру жайында.

Материалдық жауапкершілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік – заң жауапкершілігінің дербес түрлері және құқықтың әртүрлі салаларының институттары (тиісінше еңбек және азаматтық). Заң жауапкершілігінің осы түрлері арасындағы дәстүрлі ерекшеліктерден басқа мынаны атауға болады: азаматтық-құқықтық жауапкершілік нақты зиян мен жоғалған табысты қалпына келтіруді қаласа, материалдық жауапкершілік тікелей нақты нұқсанның мөлшерімен шектеледі, материалдық жауапкершілікке қарағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілік моральдық шығын орнын толтыруды көздейді.

Демек, азаматтық-құқықтық жауапкершілік келтірілген зиян орнын толық қалпына келтіруге негізделген, ал материалдық жауапкершілік шектеулі болады. Қолданылып жүрген заңға сәйкес қызметкерлер өздерінің кінасынан келтірілген зиянды толық мөлшерде өтеуге материалдық мына жағдайда жауапкершілік алады: 1) қызметкер мен жұмыс берушінің арасында қызметкерге берілген мүлік пен басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін толық материалдық жауапкершілік

қабылдағаны жөнінде жазбаша келісімшарт жасалса; 2) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жұмыс берушіге еңбек міндеттерін орындауда келтірілген шығын үшін толық материалдық жауапкершілік жүктелген; 3) мүлік пен басқа да құндылықтарды қызметкер бір дүркін немесе бірнеше дүркіндік құжаттар бойынша қабылдап алған; 4) қызметкер мас, наша тарту немесе токсикомандық күйде болғанда, зиян келтірсе; 5) зиян материалдардың жартылай фабрикаттардың, бұйымдардың (өнімдердің), кем болуынан, қысқаша жою немесе әдейі білдіруден, оның ішінде оларды дайындау кезінде білдіруден, сондай-ақ, өлшегіш аспаптар, құрал-саймандар, арнаулы киім, тағы басқа заттардың сақталмағанынан келтірілсе; 6) коммерциялық құпияны жария етудің салдарынан келген зиян; 7) қылмыстық тәртіппен қудаланатын әрекеттері бар қызметкер келтірген зиян. Осы тізбе жабық болып келеді, басқа қалған жағдайларда қызметкердің материалдық жауапкершілігі шектеулі болады.

Қазіргі жағдайда жер қойнауын ұқыпты және кешенді пайдалануды қамтамасыз етудің құралы ретінде материалдық жауапкершіліктің маңызын бағаламау әділетсіздік болады. Нарық жағдайында жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық жауапкершілігі, сондай-ақ тәртіптілік жауапкершілігі заң жауапкершілігінің басқа түрлеріне қарағанда анағұрлым пәрменді болуға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы **тәртіптілік жауапкершілік** жер қойнауы жөніндегі қатынастар саласында тәртіптілік әрекеттер жасағаны үшін қолданылады. Дәл осы жағдайда тәртіптілік әрекетке қызметкерлердің (жұмысшылар немесе қызметшілердің) өздерінің жер қойнауын ұқыпты және кешенді пайдалануды, сондай-ақ оларды қорғауды қамтамасыз етуге байланысты еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны жатады. Еңбек заңнамасымен тәртіптілік жазалардың мынадай түрлері белгіленген: ескерту; сөгіс; қатаң сөгіс; жеке еңбек шартын бұзу (жұмыстан босату). Тұтас алғанда, тәртіптілік жауапкершілік мемлекеттік кәсіпорындарда да, мемлекеттік емес кәсіпорындарда да (оның ішінде шетелдік қатысуы бар кәсіпорындарда), жасалған еңбек шарты мен келісімшарт бойынша лауазымды тұлғаларға (басшыларға), сондай-ақ қызметкерлердің басқа да категорияларына (жұмысшылар мен қызметшілер) қолданылады.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы заң жауапкершілігінің бір түрі – **әкімшілік-құқықтық жауапкершілік** Әкімшілік-құқықтық жауаптылық әкімшілік-құқық бұзушылық жасалғанда көрінеді, мемлекеттік, қоғамдық құрылысқа, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғуға бағытталған, құқыққа қарсы, кінәлы (әдейі немесе байқаусызда) іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасалғанда, әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінде (259, 275 баптары) жер қойнауын пайдалану және қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың он алты құралы бекітілген. Атап айтқанда, келісімшартсыз жер қойнауын геологиялық зерттеу жөнінде жұмыстар жүргізу; жер қойнауын геологиялық зерттеу құқын бұзу; өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдаланылған суды ағызу ережелерін бұзу; минералдық шикізатты өндіру және өңдеу жөніндегі ұйымдар жобаларын жасау ережелерін бұзу; минералдық шикізатты шығару және өңдеу ұйымдарын салу және пайдалануға беруде жер қойнауын қорғау ережелерін қамтамасыз етпеген; жер қойнауын пайдалану мен минералдық шикізатты өңдеуде экологиялық нормаларды бұзу, т.б.

Әкімшілік жауаптылыққа сыпаттама бере келіп, мынадай ерекшеліктерін атауға болады: 1) жоғары деңгейде қоғамдық қауіптілік келтірмейтін құқықтық бұзушылық үшін Әкімшілік жауапкершілік қолданылады; 2) жеке немесе заңды тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан әкімшілік құқық алдындағы жауапкершілігі; 3) әкімшілік жауапкершілік жекеменшік-құқықтық мүдделер емес жалпымемлекеттік мүдделер саласында құқықтық бұзушылықтар бұзылғанда әрекет етеді. Біздіңше, әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің ерекшеліктеріне мынаны қосуға болады, ол оперативті сыпат алады; бұл әртүрлі өкілетті органдар, мемлекеттік органдар (олардың лауазымды тұлғалары) қолданатын шаралар; әкімшілік заңнама нормаларына сәйкес әрекет етіп, сақтандыру, ескерту сыпатын алады.

Жер қойнауын ұлттық және шетелдік инвесторлардың дұрыс пайдалануын қамтамасыз етудің ерекше әдісі **қылмыстық-құқықтық жауапкершілік** болып табылады. Қылмыстық жауапкершілік мемлекеттік көндірумен астасып жатады және құқық бұзушыға ықпал етудің ең қатал шарасы ретінде

қабылданады. Сонымен бірге, қылмыстық жауапкершілік бойынша кінәлі белгілі игіліктерден айырылады, яғни, қылмыскер келтірген зиянына сәйкес мемлекет тарапынан жазаланады.

Қазақстан Республикасының Қылмыс кодексі (1997 жылы 16 шілдеде қабылданған) жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға арналған екі арнаулы құрамы бар: 245 бап (тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізуде хауіпсіздік ережелерін бұзу) және 286 бап (жер қойнауын пайдалану мен қорғау ережелерін бұзу). Жер қойнауын пайдалану және қорғау ережелерін бұзуға тікелей қатысы жоқ қылмыстар арасында оған белгілі бір қатысы бар тағы да үш құқық бұзушылықты атауға болады: шаруашылық және басқа қызметке экологиялық талаптарды бұзу (ҚРҚК 277 бап); теңіз саласын ластау (ҚРҚК 283 бап) және Қазақстан Республикасының құрғақтағы теңіз сілемдері туралы Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағы туралы (ҚРҚК 284 бап) заңнамасын бұзу.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қылмыстық жауапкершілік туралы айта келіп, мынаны есте ұстаған дұрыс: оның субъектілері – ұлттық инвесторлар ғана емес, шетелдік инвесторлар.

9 дәріс. ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

9.1. Шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеу

Шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеу инвестициялық қатынастарда маңызды роль атқарады. Негізінен шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеуде екі тәсіл қалыптасқан: дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция) шетел инвестициялары туралы арнайы заңдар жоқ; шетел инвесторларына ұлттық инвесторларға қолданылатын нормалар мен ережелер қолданылады. Экономикасы көп сатылы елдерде (Африка, Латин Америкасы, Азия елдері) шетел инвестициялары туралы арнайы заң бар (шетел инвестициялары туралы Кодекстерді немесе шетел инвестициялары туралы заңдарды, немесе басқа да инвестициялық заңдарды қамтиды). Тұтасымен алғанда, халықаралық көрсетіп отырғанындай, шетел инвестициялары саласында арнайы заңдар қабылдау елдің экономикасына шетел инвестицияларын тарту. Экономикалық даму қарқынына орай шетел инвесторлары үшін ерекше жағдайлар туғызу қажеттігі болмай, бұл саладағы арнаулы заңдар күшін жояды. Мысалы, Жапония соғыстан кейінгі алғашқы жылда шетел инвестициялары туралы арнайы заңнама қабылдады, кейін оны жойды. (өйткені экономиканың даму деңгейіне қол жетті). Тиісінше, әртүрлі елдердің шетел инвестициялары туралы ұлттық заңнаманың дамуында жалпы белгіні айыруға болады – экономиканың өсуі мен халықтың әл-ауқатының артуына жеткізетін инвестициялық саясатты дәйектілікпен жүргізу нәтижесінде шетелдік және ұлттық инвестициялардың құқықтық реттілігі арасында айырмашылықтардың жойылу үрдісі жүреді. Өз тарапынан, бұл мынаған жеткізеді: Шетел инвестициялары саласында арнаулы реттеу ұлттық заңнамамен қамтамасыз етілетін жалпы реттеумен (инвестициялық, азаматтық, т.б.) алмастырылады.

Қазақстан Республикасында шетел инвестициялары туралы арнайы заңнама 13 жыл бұрын бойы жұмыс істеді. Бұл саладағы алғашқы Заң 1990 жылы 7 желтоқсанда қабылданды, ол «Шетел инвестициялар туралы» Заң, бұдан кейін 1994 жылы 27 жел-

тоқсанда Қазақстан Республикасының «Шетел инвестиция-лары туралы» Заңы қабылданған соң, алғашқы Заң күшін жойды. 2003 жылы 8 қаңтарда қабылданған Заңнан кейін 1994 жылғы Заң күшін жойды. Бастапқы заңнама шетел инвестицияларына ұлттық реттілік пен қолайлы инвестициялық хал-ахуал туғызуды бекітті; шетел инвестицияларына тұтас жеңілдіктер кепілдіктерін берді, сондай-ақ шетел инвестициялары үшін экономиканың басым секторларында және әлеуметтік салада қосымша жеңілдіктер белгілеу мүмкіндіктері қарастырылды (4-13 баптар).

Сонымен бірге заңнамалық тәртіппен шектеулер енгізу мүмкіндігі де белгіленген. Біріншіден, шетел инвестициялары кезкелген объектілері мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызмет түрлеріне салынады; екіншіден, шетел инвесторлары немесе шетелдік қатысуы бар кәсіпорындар инвестициялық қызмет жүргізетін аумақтар, шектеулер мен тыйым салынатын тәлімдер қарастырылады, осыдан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі туындайды.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заңнама ҚР-ның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатымен, оның ішінде өнеркәсіп қуатын сақтау мен нығайту үшін мемлекет шетел инвесторларына берген кепілдіктерді сақтай отырып, Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдар мен шетел қатысуындағы ұйымдардың басқаруы мен меншігіндегі объектілерінің хал-ахуалына және пайдаланылуына бақылау жасайды. Сонымен бірге ұлттық қауіпсіздікті міндетті түрде қамтамасыз ету жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі келісімшарттарда, оларды орындау мен бақылау жасауда ескеріледі. Ең соңында, осы актыда мынадай ереже енгізілген: Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе оның тәуелсіздігін жоғалтуға әкеп соғатын және егемендік құқықтарын тарылтатын халықаралық келісімшарттар жасауға жол берілмейді. Шетел инвесторлары үшін белгіленген шектеулер стандартты болып табылады, әлемдік практикада кеңінен қолданылады.

9.2. Шетел инвестицияларының құқықтық режимі

Осы кезеңге дейін инвестициялық реттеліктердің мына нұсқалары қалыптасты: ұлттық реттілік, кемсітпеушілік реттілігі,

барынша қолайлылық туғызу реттілігі және кепілдіктер реттілігі. Шетел инвестицияларына ұлттық реттілік дегеніміз ұлттық (отандық) инвесторларға берілген құқықтармен бірдейлестіру, яғни бірыңғай реттілік белгілеу. Кемсітпеушілік реттілігі халықаралық құқық институтымен тығыз байланысты. Кемсітпеушілік реттілігінің мәні мынада: сауда-экономикалық қатынастар саласында шетел инвесторларына, олардың қай мемлекетке жататыны мен қай қоғамдық – саяси жүйеден екеніне қарамастан, кемсітпеушілікке жол бермеуге тиіс. Барынша қолайлылық реттілігімен шетел инвесторлары өзінің қызметін қабылдаушы мемлекет аумағында жүргізе отырып, басқа да шетел инвесторлары сияқты құқықтарға ие болады. Барынша қолайлылық реттілігі мемлекеттер – Әлемдік сауда ұйымының (ӘСҰ) мүшелері, Солтүстік Америка еркін сауда аймағына қатысушылар (НАФТА) (мұның құқықтық негіздері АҚШ, Канада және Мексика арасындағы еркін сауда аймағын жасау туралы 1992 жылғы Шартпен орныққан болатын) арасында өзара қарым-қатынастарды реттеудің негізі болды. Мұның жеңілдіктер саласындағы ерекшелігі сол – инвесторлардың жекеленген категорияларына мен жеңілдіктер беріледі. Бұл кейде ұлттық инвесторларға қарағанда, шетелдік инвесторлардың басымдық жағдайы қарастырылған, бірақ халықаралық инвестициялауда бұл реттілік кеңінен тарай қоймаған. Қазақстан Республикасында, жоғарыда атап өтілгендей, шетелдік инвестицияларға ұлттық реттілік берілген.

Біздіңше, шетелдік инвесторлардың қатысуындағы қызметті тиісінше құқықтық реттеудің проблемасы шетел инвестициялары үшін қолайлы хал-ахуал жасау мен оларды жүзеге асыру кепілдіктерін бекітуге ғана тіреліп қоймайды, қоғамдық (көпшілік) мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету бағытталған. Сондықтан мемлекет шетел инвестицияларын жүзеге асыруда белгілі бір шектеулер белгілей алады. Шетел капиталын жұмылдырудың қалыптасқан халықаралық практикасына сәйкес, шетелдік инвестицияларды орналастыруда шектеулерді алып тастау және сақтау шетел инвесторларының қызметін барынша толық ырыққа жіберу жағдайында мүмкін. Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы капитал салымдарын көтермелеу және өзара қорғау туралы Шартқа Қосымшада анықталғандай, шетелдік

инвестициялар үшін тыйым салынған болып саналады: ұлттық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мен егемендікті сақтауға байланысты өзекті салалар (әскери және өнім шығарушы өнеркәсіптің кейбір салалары, темір жол және әуе көлігі, өзен және теңіз кеме қозғалысы, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, балық аулау, бұқаралық ақпарат құралдары, банк және сақтандыру ісі, бағалы қағаздар нарығында делдалдық қызмет); жер, жер қойнауын және басқа да табиғат ресурстарын пайдалану, оның ішінде теңіз аймағында; мемлекеттік және мемлекет қатысуындағы жекеменшік монополия (почта, телеграф, телекоммуникациялар, электр энергиясын өндіру және жабдықтау, алкогольдік және темекі бұйымдарын өндіру және сату) салалары.

АҚШ-тың 1934 жылғы заң шетелдік тұлғаларға теле-радио станцияларын пайдалануға беруге тыйым салды; 1920 жылдан АҚШ-тың сауда жүзу кемесіне; ал 1958 жылдан әуе тасымалы жүйесіне тек АҚШ резиденттеріне, 1972 жылы шахталар туралы Заң бойынша бұл салада резиденттерге ғана рұқсат етілді; атом энергия туралы Заң атом энергиясын өндіру мен пайдалану және атом қондырғыларына иелік ету жөнінде лицензиялар тек АҚШ азаматтарына берілді; Федералдық байланыс құралдары туралы Заң телеграф компанияларын біріктіруге тыйым салады, сондықтан олардың акцияларының 20 пайыздан астамы шетелдіктердің қолында және бақылауында қалған; АҚШ-та шетелдіктер әуе кемесінде немесе ішкі су жолдары кемелерінде меншіктің 25 пайыздық үлесіне иелік етуге құқылы емес; 1990 жылғы тікелей инвестициялар туралы Заңмен АҚШ Конгресінде АҚШ-тағы шетел инвестициялармен жұмыс істейтін кәсіпорындардың қызметі туралы есепті үнемі талқылау қарастырылған.

Бұл мейлінше көп таралған практика, мемлекет ұлттық (отандық) инвесторлар мүддесін көздеп, экономиканың белгілі бір салалары мен буындарында оларды шетелдік бәсекелестіктен қорғауға тиіс. Дамыған экономикасы бар мемлекеттерге келетін болсақ, олар отандық өндірісшілерді ел экономикасы үшін стратегиялық маңызды салаларда шетелдік бәсекелестіктен қорғауға тырысады. Егер экономикасы дамымаған мемлекеттер туралы айтсақ, олар үшін шетелдік бәсекелестік қажет емес, өйткені ұлттық инвесторлар әлі де болсын шетел инвесторларымен тең жағдайда бәсекелесе алмайды. Демек, шектеу сыпатындағы

шаралар экономиканың жекеленген салаларында шетел инвесторларының монополиялау хаупі туғанда ғана қолданылуы мүмкін, бұл тұтас алғанда, бәсекеге қабілеттіліктің хал-ахуалына келеңсіз әсер етеді. Тиісінше, шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеудің маңызды бағыттары қатарына антимонополиялық реттеуді де қосуға болады.

Сонымен бірге, шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеу практикасында мемлекет өзінің ішкі құқығының аумақтан тыс әрекетін халықаралық инвестициялық салаға енгізуге тырысатын жағдайлар кездеседі. Атап айтқанда, АҚШ-та 1996 жылы наурызда қол қойылған Хелмс-Бэртон заңы әрекет етеді, оның негізгі мақсаты – Кубаны оқшау қалдыру. Осы заңның көмегімен үшінші бір елдердің жекеменшік тұлғаларына өздерінің инвестицияларын Кубаға салмау үшін қысым жасай алады. Хелмс-Бэртон заңымен АҚШ-тың жеке немесе заңды тұлғалары Кубада экспроприацияланған меншікпен сауда мәселелерін жасайтын кез келген шетелдік тұлғаға қарсы АҚШ-тың Федералдық сотына арыз түсіре алады, сондай-ақ Кубада тәркіленген меншікпен саудасаттық жасауды жүзеге асырушы кез келген тұлғаға рұқсат беруден бас тартуға құқылы. Әрине, бұл заң көптеген шет елдердің, сондай-ақ жекеленген мемлекеттердің (Европа Одағы, Канада, Мексика, т.б.) ғалым заңгерлері тарапынан қатаң сынға ілікті. Европа Одағының Комиссиясы 1996 жылы қарашада АҚШ-тың өз шекарасынан тыс әрекет ететін жоғарыда аталған заңы мен басқа да шетелдік ұқсас заңдарын бейтараптандыру жөнінде № 22713/06 арнаулы акт қабылдады; Европа Одағы АҚШ Үкіметіне егер аталған заң Европа Одағының азаматтары мен компанияларына қарсы қолданылатын болса, АҚШ-тың Европадағы активтерін тоқтататыны жөнінде ескерту жасады. Біздіңше, Хелмс-Бэртон заңының ережелерін басқа мемлекеттердің ішкі істеріне (мысалы, Куба) араласу, үшінші бір елдердің азаматтарының инвестицияларды жүзеге асыру құқықтарын, басқаша айтқанда, инвесторлардың реципиент – елді өздігінен таңдау құқын шектеу деп бағалау керек.

9.3. Шетел инвестицияларын мемлекеттік реттеудің арнаулы органдары

Шетел инвестицияларын басқару жөнінде арнаулы мемлекеттік реттеу органының қажеттігі туралы мәселе көтерілді,

халықаралық практика көрсетіп отырғандай, бірқатар елдерде мұндай органдар жоқ. Шынында да, мұндай арнаулы органдардың қажеттігін ТМД елдерінің практикасы дәлелдеп отыр. Беларусь Республикасында, 1985 жылғы Сеул конвенциясына сәйкес шетел инвестицияларының мәселелері бойынша Агенттік құрылды. Өзбекстан Республикасында Өзбекстан Республикасының Президенттің «Сыртқы экономикалық байланыстар, шетел инвестицияларын тарту саласында басқару жүйесін жетілдіру туралы». 2005 жылғы 21 шілдедегі Жарлығына сәйкес сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі Агенттік Өзбекстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар, инвестициялар және сауда Министрлігі болып қайта құрылды.

Ресей заң әдебиетінде бұл салада арнаулы мемлекеттік органның сақталуы қажет деп саналады. М.М.Богуславский мемлекеттің ролінің әлсіреуі жүріп жатқан жағдайында шетел инвестициялары саласында атқарушы және үйлестіруші орган құру қажеттігінің маңызын атап көрсетеді. Ресей Федерациясында мұндай арнаулы орган – РФ Қаржы министрлігінің жанында әуелде инвестициялар жөніндегі Комитет құрылды. Кейін бұл Комитет шетел инвестицияларын тартудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру мақсатымен құрылған халықаралық ынтымақтастық және дамытудың Ресей агенттігінің құрамына енді. Ресей атқарушы билігінің федералдық органдарының бүкіл құрылымын қайта құрудың нәтижесінде халықаралық ынтымақтастық Ресей агенттігі РФ Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің қарауына берілді. 1992 жылы құрылған инвестицияларға қолдау жасау жөніндегі Мемлекет ақпарат орталығы. 1994 жылы Мемлекеттік ақпарат орталығы РФ Экономика министрлігі және РФ мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекет Комитет жанындағы Мемлекеттік ақпарат орталығына айналды. 1994 жылы тағы бір орган – РФ Үкіметінің Төрағасының басшылығымен шетел инвестициялары жөнінде Консультативтік Кеңес құрамында инвестициялық хал-ахуалды жетілдіру және РФ Үкіметіне шетел инвесторларының қызметі үшін экономикалық жағдайды жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмысшы топтары құрылды.

Қазақстан Республикасында да осындай үрдістер өтті: 1992 жылы ҚР шетел инвестициялары жөнінде Ұлттық агенттік

құрылды, 1993 жылы ҚР Экономика министрлігі жанындағы шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттікке 1995 жылы ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі Комитетке айналды, сол 1995 жылы ҚР Қаржы министрлігі жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі Комитет болып қайта құрылды. 1997 жылы ҚР инвестициялар жөніндегі Мемлекеттік Комитеті құрылды, кейін ол 1999 жылы ҚР инвестициялар жөніндегі Агенттігі болып қайта құрылды, 2001 жылы ҚР Сыртқы істер министрлігі жанындағы инвестициялар жөніндегі Комитетке айналды, ең соңында, 2002 жылы **ҚР Индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар жөніндегі Комитет** болды. Инвестициялар жөніндегі Комитетті қайта құру және оның функциялары мен өкілеттіліктерін неғұрлым айқын анықтау Қазақстан Республикасында инвестициялық қатынастарды онан әрі дамыту және Комитет қызметінің пәрменділігін көтеруге жеткізуге тиіс.

Сонымен, ҚР Индустрия және сауда министрлігі және инвестициялар жөніндегі Комитет инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу саласындағы арнаулы органдар болып табылады. Мемлекеттің нарықтық қатынастардың орнығыуы мен дамуының осы заманғы жағдайында мемлекеттік басқарудан мемлекеттік реттеуге көшуі экономикаға мемлекеттік ықпал етуден толық бас тарту болып табылмайды, өйткені экономика толық өзін-өзі реттеумен жүзеге аспайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, нарықтық үлгідегі экономика жағдайында мемлекеттік реттеу қажеттігі туады, мемлекет өзінің органдары арқылы экономикалық қызметтің барлық нысандарына қатыса алады, қажет болған жағдайда кәсіпкерлік қызмет субъектілері мен тұтынушылар құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен белгілі бір деңгейде қызметті нақтылап, бағыттап отырады, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің жалпы мүдделерін қорғайды. Сондықтан шетел инвестициялары саласында мемлекеттік реттеуді онан әрі дамыту мен жетілдіру әкімшілік шаралардан гөрі экономикалық шаралардың басымдылығы арқылы жүзеге асады.

ҚР тікелей инвестициялар туралы Заңды қабылдау сәтінен (қазір күшін жойған) басталған өзгеріске ұшыраған инвестициялық саясат жағдайында, шетел инвесторларына олардың қызметін жүргізуі үшін қосымша кепілдіктер беру

қажеттігі туды. Соның нәтижесінде **Қазақстан Республикасы Президентінің жанында шетел инвесторларының Кеңесі** – консультативтік кеңесші орган құрылды. Кеңесті Қазақстан Республикасының Президенті басқарады – кеңестің қызметіне басшылық етеді, оның ішінде Кеңестің күн тәртібін белгілейді, мәжілістерінде төрағалық етеді. Кеңес құрамына Қазақстаннан лауазымына қарай ҚР Премьер-министрі, Ұлттық Банк төрағасы, ҚР Сыртқы істер министрі инвестициялар жөніндегі Комитеттің төрағасы, шетел инвесторларының өтініштер қарау жөніндегі ведомстволық комиссия төрағасы енеді. Кеңес құрамына халықаралық қаржы ұйымдарынан, шетел компанияларынан олардың бірінші басшылары (немесе) орынбасарлары деңгейіндегі өкілдері енеді. ҚР Президенті бекіткен Кеңес құрамына халықаралық ұйымдар мен шетел компанияларынан «Би Джи Групп» компаниясының атқарушы директоры, «Дойче банк» директорлар кеңесінің мүшесі. «Миттал Стил Ко» төрағасы және басқарушы директоры, «Кредит Свис Групп» компаниясының бас басқарушы директоры, «Самсунг» корпорациясының президенті, ЕҚДБ президенті Еуро-Азия өнеркәсіп ассоциациясының президенті, «Шеврон-Мексако» корпорациясының атқарушы вице-президенті, Европа бойынша басқарма бастығы және «Митсубиси Интернешнл» корпорациясының президенті, «Лукойл» ААҚ-ының президенті, т.б. енді.

Шетел инвесторларының Кеңесі елдің инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру үрдісіне жеткілікті түрде белсене араласып келеді. Өзінің консультативтік орган мәртебесіне қарамастан, Кеңестің болып жатқан инвестициялық үрдістерге ықпал етуге нақты мүмкіндігі бар және біздің мемлекеттің инвестициялық беделін жасауға оң әсер ете алады.

Шетел инвестициялары туралы арнаулы Заңнаманы жою жағдайында мұндай органның ролі маңызды әрі көкейтесті. Шетел және ұлттық инвесторлар үшін бірыңғай құқықтық мәртебені бекіткен жаңа инвестициялық заңның қабылдануымен, шетел инвесторларына тиісті қорғау мен кепілдіктерді сақтауды қамтамасыз ету проблемасы алға шығады. Осыған байланысты мынаны атап көрсеткен жөн: инвестициялар туралы Заң белгілі бір деңгейде шетел инвесторларының қатысуындағы қатынастарды реттеудің ерекшеліктерін сақтайды. Инвестициялар туралы Заңда,

егер шетел мемлекеті немесе ол өкілеттілік берген мемлекеттік орган ҚР аумағында жүзеге асырылатын инвестицияларға байланысты кепілдіктер (сақтандыру шартымен) бойынша инвестор пайдасына төлем жүргізсе, онда осы шетел мемлекеті мен өкілеттілік берген мемлекеттік органға аталған инвестицияларға инвестордың құқықтары (талаптар) өтеді, құқықтардың былайша өтуі Қазақстан Республикасында инвестор жүзеге асырып жатқан инвестициялар оның келісімшарттық міндеттемелерінде көрініс алған жағдайда құқылықты деп саналады (10 бап). Сөз жоқ, бұл арада әңгіме шетел инвесторлар жайында болып отыр. Бұдан әрі инвестициялар туралы Заңда мынадай айқындаушы ереже бар: егер Қазақстан Респбликасы бекіткен халықаралық шартпен басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттық ережелері қолданылады (2 бап 4 тармақ). Осы халықаралық шарттармен инвестицияларды жүзеге асырудың ерекше талаптары, саналуан кепілдіктері анықталады. Сондықтан ұлттық және шетел инвесторларының құқықтық реттелігінде өзгешеліктер жоқ деу ертерек.

10 дәріс. ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚПЕН РЕТТЕУ

10.1. Шетел инвестицияларын екі жақты халықаралық-құқықтық реттеу

Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу ұлттық-құқықтық реттеу сияқты XIX ғасырдың аяғында пайда болды, осы уақытқа дейін қалыптасып үлгірген және дәстүрлі атанған теңіз және сауда құқының нормалары мен институттарын пайдаланды. Шетел инвестицияларын реттеуде халықаралық сауда шарттарының ережелері қолданылды, бастапқыда, шетелдік инвестициялау саласында мемлекетаралық қатынастарды реттеудің нысаны сауда, теңіз қатынасы, концессиялар туралы екі жақты келісімшарттар болды. Мысалы, Қытай, Ұлыбритания (1842ж.), АҚШ (1844 ж.), Франция (1844 ж.), Ресей (1858 ж.), Германия (1861 ж.), Австро-Венгрия (1869 ж.) және Жапония (1871 ж.) сияқты мемлекеттермен екі жақты шарттар жасасты, бұл келісімшарттар көмір өнеркәсібі мен темір жол құрылысы саласында концессиялық қызмет барысында шетел кәсіпкерлерінің құқықтық реттілігін жүзеге асырды.

XX ғасырдың ортасынан бастап АҚШ және басқа капитал экспорттаушы елдер инвестициялық қатынастарды екі жақты негізде реттеу жөнінде арнаулы халықаралық шарттар мен келісімдер жасай бастады. Өткен ғасырдың 60-90 жылдары қалыптасқан инвестициялық қатынастарды екі жақты реттеудің екі негізгі бағытын бөліп қарауға болады: АҚШ инвестициялардың кепілдіктері туралы келісімдер жасасты; Германия шетел инвестицияларын көтермелеу, қолқабыс жасау және қорғау туралы шарттар жасасты. Егер алғашқы келісімдер қарапайым нұсқада жасаслса, екіншісі, керісінше, келіссөз және бекіту үрдістерін орындай отырып жасалды. АҚШ-тың келісімдерінде шетел инвестицияларын саяси әрекеттерден қорғау көзделсе, Германияның екі жақты шарттары қатынастардың барынша көп кешенін қамтиды, шетел капитал салымдарына кепілдіктер беру көзделді. Осы шарттардың бәрі арнаулы халықаралық келісімдер болды, шетел капиталын инвестициялауға байланысты қатынастарды реттеу – басты нысаны болды. 1980 жылдың

аяғында әлемде екі жақты инвестициялық келісімдердің саны 181-ге жетті, ал 1999 жылдың аяғына 1856-ға жетті, 1998 жылы жасалған 170 шарттың 40 пайызы дамушы елдермен жасалды. халықаралық инвестициялық жүйеде «орталық күштер» – АҚШ, Европа Одағы мемлекеттері және Жапония, бұлар негізгі инвесторлар және инвестициялар алушылар (көпшілік және жекешелік деңгейде), осы инвестициялық орталықтардың капиталдарының өзара жымдасуы әлемді тұтас алғандағыдан жылдам жүріп отыр.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған сәтінен **инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі жақты келісімдер** жасау үрдісіне батыл кірісті. Алдымен ҚР мен АҚШ арасында капитал салымдарын көтермелеу және өзара қорғау туралы шарт жасалып, бекітілді, содан кейін инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы Шарттар Қазақстан Республикасы мен: Түрік Республикасы (1993 жылғы 29 қаңтардағы); Германия Федеративтік Республикасы (1993 жылғы 29 қаңтардағы); Қытай Халық Республикасы (1994 жылғы 8 маусымдағы); Литва Республикасы (1995 жылғы 20 ақпандағы).

Аздаған бәсеңдіктен кейін халықаралық шарттарды бекіту 90-шы жылдардың аяғына қарай қайта жандана түсті: Украина Үкіметі (жылы 20 сәуірде); Испания Корольдігі (1995 жылы 26 сәуірде); Монғолия Үкіметі (1995 жылы 29 сәуірде); Венгер Үкіметі (1999 жылы 12 мамырда); Польша Үкіметі (1999 жылы 12 мамырда); Италиян Республикасы (1995 жылы 22 мамырда); Египет Араб Республикасы (1995 жылғы 15 қыркүйектегі); Иран Ислам Республикасы (1996 жылы 2 шілдеде); Израиль Мемлекеттің Республикасы (1996 жылы 12 шілдеде); Румыния Үкіметі (1996 жылы 22 қарашада); Ұлыбританияның Солтүстік Үкіметі (1996 жылы 22 қарашада); Корея Республикасы Үкіметі (1996 жылы 22 қарашада); Чех Республикасы Үкіметі (1997 жылғы 11 маусымдағы); Малайзия Үкіметі (1997 жылғы 11 маусымдағы); Қырғыз Республикасы Үкіметі (1997 жылғы 28 қазандағы); Финляндия Республикасы Үкіметі (1997 жылғы 30 қазандағы); Әзірбайжан Республикасы Үкіметі (1997 жылы 5 желтоқсанда); Грузия Үкіметі (1997 жылы 5 желтоқсанда); Үндістан Республикасы Үкіметі (1998 жылы 8 мамырда); Швейцария Федералдық Кеңесі (1998 жылы 8 мамырда); Ресей Федерациясы

Үкіметі (1998 жылы 11 желтоқсанда); Бельгия-Люксембург Экономикалық Одағы (1999 жылы 30 желтоқсанда); Француз Республикасы Үкіметі (2000 жылы 5 шілдеде); Кувейт Мемлекеті (2000 жылы 22 желтоқсанда); Болгария Республикасы Үкіметі (2001 жылы 15 мамырда); Тәжікстан Республикасы Үкіметі (2001 жылғы 17 қазандағы); Латвия Республикасы Үкіметі (2006 жылғы 17 наурыздағы); Швеция Корольдігі Үкіметі (2006 жылғы 17 наурыздағы); Пәкістан Ислам Республикасы Үкіметі (2006 жылғы 17 наурыздағы). Сонымен бірге Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 29 тамыздағы Қаулысымен бекітілген Келісімшарт, Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметімен сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдениет салаларындағы, сондай-ақ спорт және жастар істері жөніндегі Бас келісім жасалды.

Қазақстан Республикасы жасасқан инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Келісімдерде қатысушы-мемлекеттердің инвесторларына өзара негізде екі реттілік беріледі: барынша қолайлы реттілік немесе ұлттық реттілік Г.С.Сатарова мынаны атап көрсетеді: инвестор әрбір жақты жағдайда реттілікті таңдап алуға құқылы. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі және Грузия Үкіметі арасында жасалған инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Келісімдерде әр келісуші жақ өз аумағында екінші келісуші жақтың инвесторларының инвестицияларына бірдей қолайлы, әділ, тең реттілік жасауға тиіс. Осы ережеде бір еске алатын жайт: бұл реттіліктен келісуші жақтардың бірі кезкелген Кеден одағына немесе еркін сауданың экономикалық одағына немесе аймақтық ынтымақтастықтың басқа да нысандарына бірлесе қатысушы жекеленген елдердің инвесторларына беретін артықшылықтар, сондай-ақ келісуші шақтардың бірі жекеленген елдердің инвесторлары қосарланған салықтан, немесе салық мәселелері бойынша басқа да артықшылықтары пайдаланбайды. Мемлекетаралық келісімдерде қарастырылған құқықтық механизмдер елден тыс жерлерде ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы компаниялардың салық ауыртпалығын жеңілдетуге тиіс.

Қазақстан Республикасының екі жақты келісімдерінің басым көпшілігінде (АҚШ-пен жасалған Шарттан басқалары) шетел инвестициялары қабылдаушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатыны көзделген. Мұндай әдіс қабылдаушы мемлекетке экономиканың белгілі бір салаларында шетел инвестицияларын шектеуге немесе тыйым салуға, ұлттық инвесторларға шетел инвесторларына қарағанда қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беруге мүмкіндік жасайды. Оң сәттер қатарына мынаны қосуға болады: инвестор барынша қолайлылық реттілігін, немесе ұлттық реттілікті, нақты жағдайда өзіне барынша қолайлы сәтті еркін таңдай алады. Қазақстан – АҚШ арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Шартқа біршама өзгеше тәсіл бекітілген – мемлекеттер инвестицияларды жүзеге асырудың бастапқы кезеңінде (инвестициялаудың алдындағы), кезкелген уақытта (инвестицияларды жүзеге асыру барысында) мейлінше қолайлы немесе ұлттық реттілікті ұсынуға міндеттеледі.

Екі жақты келісімдердің негізгі мәні тәуелсіз және егеменді мемлекеттердің өздеріне өзара міндеттемелер қабылдауында, мұның өзі аймақтық немесе көпжақты келісімдердің жалпы және нұсқаулық сыпаттағы ережелеріне қарағанда жеткілікті айқын және нақты сыпат алады.

10.2. Шетел инвестицияларын аймақтық реттеу

Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларын аймақтық реттеу тәуелсіз мемлекеттердің ынтымақтастығы шеңберінде жүзеге асырылады. Сонымен тәуелсіз мемлекеттер Достастығының құрылғанынан бері бес жылда ұжымдық хауіпсіздікті бірге есептегенде, ынтымақтастық, өндірістік, әлеуметтік гуманитарлық салаларда 1300-ден астам келісім жасалды (атап айтқанда, «Достастыққа қатысушы – мемлекеттердің шаруашылық заңнамасын жақындастыру принциптері туралы» Келісім; «Өндірістік, Коммерциялық, Несие-Қаржы, сақтандыру және Трансұлттық бірлестіктер құруға және дамытуға көмектесу туралы» Келісім, т.б.).

Инвестициялық қызмет саласында Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз

Республикасы, Молдава Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы және Украинамен жасалған Келісім (Ашхабат, 1993 жылы 24 желтоқсанда) аймақтық өзара қимылдың деректі үлгісі бола алады. Осы келісімді онан әрі нығайту мемлекеттер басшыларының Кеңесі «Инвестор құқықтарын қорғау туралы» Конвенцияны мақұлдады. Конвенцияның мақсаты жалпы кепілдендірілген инвестициялық кеңістік жасау болып табылады. Ол 1997 жылы 28 наурызда Мәскеуде қабылданып қол қойылды. ҚР Заңымен 1999 жылы 30 желтоқсанда бекітілді Қазақстан үшін 2000 жылы 16 мамырда күшіне енді. Инвестордың құқықтарын қорғау туралы Конвенцияда қатысушы елдер аумақтарында тіркелген инвестициялардың санлауан түрлерін жүзеге асырудың құқықтық негіздері мен кепілдіктері және олардан алынатын кірістер анықталған. Жалпы алғанда, Конвенция қатысушы мемлекеттердің ұлттық экономикасына инвестициялар тартуға көмектесуге, инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты мәселелерді үйлестіріп шешуге жағдай жасауға бағытталған. Сонымен бірге 1998 жылы 6 наурызда қол қойылған трансұлттық корпорациялар туралы Конвенция және 1998 жылы 29 қарашада қол қойылған Мемлекетаралық лизинг туралы Конвенция да ТМД елдерін қамтиды.

Сондай-ақ ТМД шеңберінде интеграция үрдісі көп жағдайда формальды сыпатталады және объективтік және субъективтік факторлармен қиындай түседі. Амал қанша, әзірше ТМД елдері бірыңғай экономикалық кеңістік жасай алмай жатыр және басқа қауымдастықтарда (мысалы, Европа Қауымдастығы, мұнайлы елдер қауымдастығы, Анд тобыны елдері) инвестицияларды пәрменді аймақтық реттеу мүмкін болмай отыр, солай бола тұрса да, экономикалық мүдделер саяси үрдістерден басым түсіп, ТМД елдерінің ынтымақтастығы таяудағы уақытта жаңа деңгейге көтерілетін болады.

Аймақтық деңгейде интеграциялау ісінде Европалық одақ елдері анағұрлым жоғары нәтижелерге жетісті. 2005 жылға дейін Европа Одағының мүшелері: Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Дания, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Франция, Финляндия, Швеция, Кипр, Чехия, Эстония, Венгрия, Латвия, Мальта, Польша, Словения, Словакия, Литва. Европа одағының ақтық мақсаты

кеден, экономикалық және саяси одақтар құру болып табылады. Бұл бағыттарды қатысушы мемлекеттер өзара саудада баж салығын толық жоюға, бірыңғай сыртқы кеден тарифін белгілеуге; дамушы елдердің бірқатарымен өзара саудада шектеулер санын жоюға, шекарадан адамдардың, товарлар мен капиталдың еркін өтуіне, бірыңғай сауда саясатын жүргізуге, жалпы есеп айырысу бірлігі (экю) бар үйлестірілген валюта-қаржы жүйесін жасауға, халық үшін әлеуметтік құқықтарды жақындастыруға бірыңғай патенттік жүйе жасауға жетісті. Тұтас алғанда, Европа Одағының елдері егемендік пен тәуелсіздікті сақтай отырып, ортақ нарық жасауға жетісті.

10.3. Шетел инвестицияларын көп жақты халықаралық-құқықтық реттеу

Шетел инвестицияларын көп жақты халықаралық-құқықтық реттеу екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастады, бұл салада көп жақты Конвенциялар жасау әрекеттері ертерек басталған-ды. 1929 жылы Парижде Ұлттар Лигасының бастамасымен шетелдіктер мен олардың мүліктерінің айналымы жөнінде көпжақты халықаралық конвенция жасау мақсатымен конференция шақырылды. Жоба ережелерінің мәніне қарай шетелдіктер мен олардың меншігіне ұлттық құқықтық реттілікке қарағанда барынша қолайлы құқықтық реттілік тудырылуға тиіс болды. **1965 жылы** «Мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасында инвестициялық дау-дамайларды реттеу тәртібі туралы» **Вашингтон конвенциясы** қабылданды. Осыған сәйкес инвестициялық дау-дамайларды реттеу жөнінде Халықаралық орталық (ИКСИД) құрылды.

Вашингтон конвенциясы 1966 жылы 14 қазанда күшіне кірді, 2001 жылы қыркүйекке дейінгі жағдай бойынша 149 мемлекет (оның ішінде Қазақстан Республикасы, конвенция ҚР үшін 2000жылы 21 қазанда күшіне енді). 149 қол қойған мемлекеттің 134-і бұл шартты бекітті, 15 мемлекет қол қойғанымен, конвенциясы бекіткен жоқ (салыстырмалы ретінде мынадай цифрлар келтірейік: 1996 жылы Вашингтон конвенциясына 139 мемлекет қол қойды, оның 120-ы бұл шартты бекітті). Конвенция даулы мәселелерді шешу үшін тараптардың соттарына жүгінуді,

мемлекеттік егемендікке сілтеме жасауды жоққа шығарды. ИКСИД практикасында шетел инвесторының заттық құқықтарын қорғау автономиялық біліктілік нормаларын қолдану жолымен (ішкі құқықтық материалдық нормаларынан тәуелсіз әр алуан ұлттық жүйелердің ұғымдарын жинақтау негізінде) жүзеге асырылады. Мұндайда Конвенциямен әлемдік коммерциялық аралық сот практикасындағы ішкі бақылаудың бірегей жүйесі қарастырылған: ұтылған тарап ИКСИД-тің Бас хатшысына шешімді жою туралы өтініш жасауға құқылы (бұл талап қатаң белгілі бір негіздермен ұсынылуы керек, оны қарау үшін арнаулы комитет құрылады, ол шешімді жартылай немесе толық жоюға құқылы).

1985 жылы қарашада Халықаралық даму және қайта құру банкінің (МБРР) сессиясында, Сеулде «Инвестициялардың кепілдіктері жөніндегі Көптарапты агенттік құру туралы» Конвенцияға (**Сеул конвенциясы**) қол қойылды. Сеул конвенциясы инвестициялық салада халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарды сақтау кепілдіктерін қамтамасыз етуге тиіс болды. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Инвестициялардың кепілдіктері жөніндегі Көптарапты агенттік (МАГИ) заңды тұлға болып табылады және келісімшарт жасауға; жылжымайтын, жылжымалы мүлік алуға және сатуға құқылы. МАГИ-дің негізгі міндеті – мүше мемлекет арасында инвестициялар тасқынын әсіресе дамушы елдерге реттеу, сөйтіп МБРР, МФК және басқа да халықаралық қаржы мекемелерінің жұмысын толықтыра түседі. Осы мақсатқа жетісу үшін МАГИ: басқа мүше-елдерден қандай да болсын мүше елде жүзеге асырылып жатқан инвестициялардан коммерциялық емес шаралардан қайталама және бірлескен сақтандыруды бірге алғанда, кепілдіктер береді; дамушы мүше-елдерге және олардың арасында инвестициялардың тасқынына көмектесу жөнінде қосымша тиісті қызмет жүргізеді; белгілі мақсатқа жетуге қажетті басқа да қосымша өкілеттіліктерді пайдаланады. Сеул конвенциясы 1988 жылы сәуірде күшіне енді (21 мемлекет бекіткен соң және жарғылық капиталдың кемінде үштен бір-бөлігіндей мөлшерде қаржы енгізгеннен кейін) қазір МАГИ-ге 150-ге жуық мемлекет қатысады.

Шетел инвестицияларын реттейтін көптарапты шарттар арасында **1994 жылы Лиссабонда қол қойылған**

Энергетикалық Хартияға қосымша Шарт ерекше орын алады. Оның негізгі мақсаты – энергетика саласында инвестицияларды көтермелеу, энергетика нарықтарына еркін енуі және энергетикалық ресурстарды еркін тасымалдауды қамтамасыз етуге жағдайлар туғызу. Энергетикалық қауымдастық жасаумен және өзара іс-әрекетті қалыптастыру және әлемдік экономикаға интеграциялау үшін келісімшартқа қатысушы – ел бірқатар халықаралық ұйымдардың мүшесі болады. Отандық әдебиетте Энергетикалық хартияға Қосымша шартқа қол қойылуы Қазақстан Республикасының мүдделерімен толық үйлеседі, аздаған кемшілігі болғанымен инвесторлардың құқықтарын қорғауға толық бағытталған, қабылдаушы мемлекет ретінде Қазақстан өз құқықтарының біразынан бас тартып, өзін шектеуге дейін барды, атап айтқанда, сот билігінің тәуелсіздігінен бас тартты; сөйтіп мемлекеттік шенеуніктер тарапынан қолсұғушылықтан қорғау жолымен шетел инвесторларына кепілдіктерді күшейтті. Тиісінше, бұл Шарттың ерекшелігі сол – Қазақстан әуелбастан-ақ Шартқа қатысушы елдердің инвесторлары үшін қабылдаушы жақ ретінде шығады. Ресей әдебиетінде мына жайт атап өтілді: Еуропалық Энергетикалық Хартия бірте-бірте жапондық сыпат алып барады, Еуропа шегінен асып шықты – Ресей, Жапония, Австралия және Орта Азия елдері бұл үрдіске белсене араласуда, солай бола тұрса да толық ауқымды жаһандық өлшемге жете қойған жоқ, өйткені АҚШ пен Канада Энергетикалық Хартияға көмекші Шартқа қол қойғанымен, Шартқа қосылмай, Хартияның құрылу үрдісінде тек бақылаушылар ретінде қалып отыр.

Шетел инвестицияларын Дүниежүзілік (сауда Ұйымы (ДСҰ) шеңберінде халықаралық-құқықтық реттеу сонымен бірге көптарапты сыпат алып отыр (қазір ДСҰ-на әлемнің 140 елі мүше екенін ескргенде). Атап айтқанда, инвестициялық қызметті реттеу үш негізгі актымен жүзеге асырылады: *Сауда саласындағы инвестиция қатынастарындағы шаралар туралы Келісім (ТРИМС), қызметтер саудасы туралы Бас келісім (ГАТС) және саудаға қатысты зияткерлік меншік құқықтарының мәні туралы Келісім (ТРИПС)*. ТРИМС-тің негізгі маңызы мынада: ол шетел инвестицияларын жүзеге асыруға теріс әсер ететін, ұлттық реттілік принципіне және сандық шектеулерді тыю принципіне қайшы келетін сауда саясатының шараларын қолдануға тыйым салады.

Осындай шаралардың ішінен шетел қатысуындағы кәсіпорындарға қойылатын талаптарды өндірісте пайдалану және өндірілген өнімнің нақты бір бөлігін міндетті түрде экспортқа шығару талаптарын ерекше бөліп алуға болады. ТРИМС ережелеріне сәйкес осындай шараларды жою үшін дамыған және дамушы елдер үшін әртүрлі мерзімдер ұсынылады: дамыған елдер үшін ТРИМС-тің күшіне ену сәтінен екі жыл ішінде; дамушы елдер үшін 5 жыл. ТРИМС шын мәнінде тікелей шетел инвестицияларын орналастыру тәртібін реттейтін құқықтық нормалардың онан әрі дамуына негіз болып табылады.

1995 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйым (ОЭСР) – дамыған елдердің мүдделерін көздейтін және 1961 жылы құрылған халықаралық ұйым шеңберінде екі тұрақты Комитет құрылды: Халықаралық трансұлттық корпорациялар жөніндегі Комитет және Капитал қозғалысы мен жасырын операциялар қозғалысы жөніндегі Комитет. Инвестициялар бойынша Көп жақты Келісім жасау жөнінде келіссөздер басталды. 1995 жылдың қыркүйегінен 1997 жылдың басына дейін келіссөз үрдісі тек техникалық сыпатта болды; 1997 жылдан бастап осы Келісімнің ережелерін жасау үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да ынталы тараптардың толастамаған назарында болды. 1998 жылы Келісімнің жасалған жобасын Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі Ұйымға қатысушы елдердің министрлері бекітіп, талқылауға ұсынылды.

Инвестициялар жөніндегі Көп жақты келісім, оны жасаушылардың пікірі бойынша, инвестициялық реттеліктерді ырқына жіберу, инвестицияларды дау-дамайларды шешу принциптеріне негізделген халықаралық инвестициялық қатынастарды реттеудің көп жақты механизмін кеңірек бекітеді. Жоба шет инвесторларына және олардың инвестицияларына хауіпсіздікті қамтамасыз ететін, сондай-ақ олардың қызметін ықтимал реттеуді белгілейтін ережелерге негізделген, бұл өз тарапынан капитал салымдарының негізгі қатысушылары арасында құқықтық қатынастарды болжай білудің жоғары деңгейін енгізген болар еді. Осы жобаның жағымдылығының негіздеріне мынаны жатқызуға болады: 1) барлық инвесторларға келісім ережелері қарастырылмаған; 2) «Инвестицияның» ұғымы кеңінен жеткілікті анықталған және кезкелген шетелдік

жекеменшікті барлық көріністерінде қамтиды. Ұйғарым бойынша, Инвестициялар жөніндегі көп жақты Келісім Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі Ұйымға және Европа Одағына қатысушы мемлекеттердің бәріне, сондай-ақ аталған халықаралық ұйымдарға мүше болып табылмайтын, бірақ Келісімде қарастырылған міндеттерді орындауға әзір барлық ынталы мемлекеттердің кіруіне есік ашық. Негізгі ережелерді келісу үрдісі, содан кейін инвестициялар жөніндегі Көп жақты келісімді қабылдап, қатысушы мемлекеттердің қол қоюы ұзаққа созылатын іс болғанымен, бұл халықаралық инвестициялық қатынастарды жан-жақты реттеу ісіндегі елеулі қадам болып табылады.

Сонымен, шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу үш деңгейде: атап айтқанда, екі жақты, аймақтық және көп жақты реттеу арқылы жүзеге асырылады.

11 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШАРТ

11.1. Инвестициялық шарт ұғымы

Кезкелген құқықтық қатынастар сияқты инвестициялық құқықтық қатынастар өздігінен пайда бола бермейді. Инвестициялық қатынастардың пайда болуының, өзгеруі мен тоқталуының басты негізі шарт болып табылады. Практикада инвестициялық шарттардың мейлінше кең тарағанына қарамастан, ҚР Заңнамасында оның ұғымы туралы тікелей нұсқау жоқ, тым жалпы нұсқада инвестициялық келісімшарт – инвестициялық жеңілдіктер қарастырылған инвестицияларды жүзеге асыру Шарты (мұнда экономика басым секторларында қызметті жүзеге асыратын инвесторға көтермелеу шараларын көрсету туралы келісімшарттар ескеріліп отыр).

Инвестициялық келісімшарттардың заң жүзіндегі анықтама-сының болмауы мынада: шарттың ұғымы мен мәні толық көлемде азаматтық заңнамамен сыпатталады, онда Шарттар мен ымыралықтар арасында айқын шек жүргізілген. Әрбір шарт – ымыра, мәміле, келісім, бірақ әрбір ымыра шарт болып табылмайды. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) бір жақты мәмілелер үшін бір тараптың ерік білдіруі жеткілікті, оны шартқа жатқызуға болмайды, өйткені шарт жасасу үшін екі және одан да көп тараптың келісілген еркі міндетті түрде болуы керек (ҚР АҚ 148 бап). Басқаша айтқанда, екі-көп жақты мәмілелер шарт бола алады.

Инвестициялық шарттың мәнін анықтаудағы негізгі күрделілік мынада: азаматтық-құқықтық шарттар үлгілерінің қолданылып жүрген сұрыптауында кәсіпкерлік, сондай-ақ инвестициялық шарттарға орын берілмеген. Бұған қарамастан, кәсіпкерлік және инвестициялық шарттардың өздеріне тән бірқатар ерекшеліктері бар. Қосарланған жекешелік құқықтың қалыптасқан жүйесі бар елдерде азаматтық-құқықтық шартты сауда шарттарынан (кәсіпкерлік) айқын ажыратылған. Халықаралық практикада коммерциялық келісімшарттардың мынадай түрлері қалыптасқан: 1) коммерциялық қызметке қажетті (сауда келісімі) коммерсантпен келісім-шарттар; 2) аралас ымыра жөніндегі келісімшарттар; 3) азаматтық ымыралық келісімшарттар (коммерциялық қатынастарға қатысы жоқ).

Сонымен шарттарды қызмет түрлері және экономикалық салалар бойынша сұрыптауға болады. Экономикалық салаға байланысты шарттардың қатарына, ең алдымен, инвестициялық шарттарды қосуға болады.

Инвестициялық шарт – азаматтық-құқықтық шарттың ерекше түрі, ол қызмет түрлері бойынша емес, экономикалық салалар бойынша қалыптасады. Біздіңше, инвестициялық шарттарды (келісімшарттарды) реттеуді азаматтық заңнама (ең алдымен, азаматтық-құқықтық шарттар) нормаларына бағындыру мейлінше маңызды болып табылады. Сондай-ақ инвестициялық қызмет субъектілері үшін ерекше шарт нұсқасын заң актыларында бекіту де маңызды.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген инвестициялық заңнамасын онан әрі дамыту және жетілдіру мақсатымен, инвестициялық шарт (келісімшарт) ұғымын, шарт талаптарын, оны жасау және тоқтату нысаны мен тәртібін, сондай-ақ инвестициялық шарттардың жекеленген түрлерін, жалпы бастаулары мен ережелерін айқын анықтап алу керек.

11.2. Инвестициялық шарттың функциялары

Қандай да болсын шарттың ерекшеліктерін ажырату үшін осы шарттың функцияларын анықтау да маңызды болып табылады. Заң әдебиетінде шарттың функцияларының әртүрлі сұрыптамалары ұсынылады. Шарттың жалпы сұрыптамасынан бастап екі топқа бөлінеді: 1) бүкіл шарттар орындайтын; 2) шарттардың көптеген немесе жекеленген тобына тән шарттар функцияларының бірыңғай жүйесі туралы түсінікпен аяқталады. Сонымен, шарт функциялары шарт институтының тұтастығына орай бірыңғай жүйені құрайды, сондай-ақ олардың бөлінісі негізіне әртүрлі өлшемдер алынған (оның ішінде барлық шарттарға, немесе көптеген немесе жекеленген шарт түрлеріне функциялардың тән болуы).

Шарт функцияларының жүйесін былай саралауға болады:

- 1) азаматтық айналым (әдеттегідей, шарт функцияларының жүйесіндегі бастысы ретінде қарастырылады) субъектілері арасындағы заң түріндегі маңызды байланыстарды орнықтыру;
- 2) Келісімшартқа қатысушылар өзара байланысты қызметінің

мазмұнын анықтау функциясы (бұл кәсіпкерлік немесе басқа да коммерциялық қызметте барынша маңыз алады); 3) тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеу функциясы (бұл функция тараптардың әрекеттерін тәртіптеуге және келісімдердің орындалуына бақылауды әкімшілік-құқықтық құралдармен емес, азаматтық-құқықтық құралдармен жүзеге асыруға мүмкіндік береді); 4) нарықтық қатынастарды қалыптастыру функциясы (оның мәні мынада: шарт – ең икемді құқықтық реттеуші болып табылады, ол тараптарға өз мүдделерін мейлінше жүзеге асыруға және өзінің қажеттерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ нақты шарттың тараптары болып табылмайтын азаматтық айналымның басқа қатысушыларының мүдделерімен үйлестіруге мүмкіндік береді). Соңғы тұжырымда, сонымен бірге экономикалық қатынастардың реттеушілердің бірі ретінде шарттың маңызын тым асыра бағалау бар, ал қатынастарды реттеу оларды қалыптастыру емес. Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен онан әрі дамуы объективтік экономикалық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады, нарықтық қатынастар шарттық қатынастардың мазмұнын анықтайды.

Азаматтық-құқықтық шарт функцияларын анықтаудың басқа да тәсілі бар, соған сәйкес функциялар былай бөлінеді: 1) бастамалық; 2) бағдарламалық үйлестіру; 3) ақпараттық; 4) кепілдік (қамтамасыз ету); 5) қорғану. Соңғыда бірқатар азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі немесе қызметін тоқтатуының негіздері ретінде шарттың мақсаты мен мәнін барынша жіктеп көрсетуге әрекет жасалған, алайда, біздің ойымызша, шарттың бастамалық және ақпараттық функциялары бір-бірінен, сондай-ақ кепілдік және қорғаныс функциялары да қолдан ажыратылған.

Сонымен шарт функцияларының жүйесі мынаны қамтиды: 1) азаматтық айналым субъектілері арасында маңызды байланыстарды заңды орнықтыру; 2) келісімшарт қатысушыларының өзара байланысқан қызметінің және тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеу. Мынаны атап өткен жөн: осы функциялар барлық шарттарға, оның ішінде инвестициялық шарттарға да ортақ. Атап айтқанда, инвестициялық шарт тараптар арасында заңды байланыстарды белгілейді, инвестициялық қызметтің мазмұнын анықтайды, тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін нақтылайды.

Заң әдебиетінде шарт талаптарын белгілі топтарға біріктіру – қабылданған әдет. Талаптардың неғұрлым көбірек тараған үш тобы бар: елеулі, кәдімгі және кездейсоқ. Елеулі талаптар – Шарттың жасалуына жеткілікті және қажетті талаптар, бұдан кейін шартқа қол қойылған және тараптардың құқықтары мен міндеттерін тудыруға қабілетті саналады.

Шарт талаптарының заңды анықтамасының ерекшеліктері заңнамамен анықтауда байқалады. ҚР Азаматтық заңнамасымен жеке баппен анықталса, Ресейдің Азаматтық кодексінде (421 бап) бұл ережелер шарттың еркіндігін бекіткен бапқа енгізілген. Бұл тегін емес, өйткені тараптарға шарт талаптарын өз бетінше белгілеуге мүмкіндік беру шарт еркіндігінің негізгі көріністерінің бірі болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексінде (382 бап) және РФ Азаматтық кодексінде (421 бап) осындай ереже жазылған – шарт талаптары тараптардың ұйғарымына қарай анықталады. Шарт талабы нормамен қарастырылса, заңға сәйкес әрекет етеді, егер келісіммен басқаша қарастырылмаса (диспозитивтік норма), тараптар өз келісімімен оны қолданудан алып тастайды, немесе онда көрсетілгендегіде өзгеше талаппен ауыстырады, егер мұндай келісім болмағанда, шарт талабы диспозитивтік нормамен анықталады. Украинаның Азаматтық кодексінде (6 бап) егер тараптар үшін азаматтық заңнама актыларының ерелерінің міндеттілігі тараптар арасындағы қатынастардың мазмұны мен мәнінен туындаса, тараптар азаматтық заңнама актыларының ережелерінен кейін шегіне алмайтын ереже тура көрсетілген. Украина Азаматтық Кодексінің 6 бабының 3 бөлігінің ережелерін қолдану жекеленген жағдайларда азаматтық заңнама актыларының ықпалын реттеушілік ықпалын азаматтық қатынастарға қатысушылардың теріске шығаруына әкеп соғуы мүмкін. Украинаның Азаматтық заңнамасына қарағанда, ҚР мен РФ азаматтық заңнамасында шарт еркіндігін ережелер шарт еркіндігінің принципін едәуір жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, шарттың дербестігі мен еркіндігі мынада көрінеді: азаматтар мен заңды тұлғалар шарт жасауда еркін (жасағысы келе ме, келмей ме, мәжбүрлікпен зорлау деген болмайды); шарт талаптарын өздігінен анықтайды; шарттың контрагентін еркін

таңдай алады; Азаматтық кодексте қарастырылған, қарастырылмаған (атаулы немесе атаулы емес шарттар) шарт алады, немесе аралас элементтері болады. Сонымен бірге шарт еркіндігі тараптардың оның нысаны таңдау құқы деген сөз (ҚР АҚ 394 бап); тараптардың келісімімен шартты кезкелген уақытта өзгерту немесе тоқтату мүмкіндігі (ҚР АҚ 40 бап); тараптардың міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілін таңдау құқы (ҚР АҚ 18 тарау), т.б.

Шарт еркіндігінің қарастырылған принципінен алып тастаулардың мүмкіндігі мемлекеттің қоғамдық мүдделерді, азаматтар мен кәсіпкерлердің (тұтынушылардың) табиғи әсіресе экономиканың монополияларға жататын салаларында қорғауына, нарықта үстем жағдайларға жеткен ұйымдардан азаматтық құқықтардың бұзылуына жол бермеуіне негізделеді. «Шартта тараптардың теңсіздігі» проблемаларын шешудің мұндай тәсілдері халықаралық құқықтық практикада және әртүрлі елдерде кеңінен қолданылады. Шарттық қатынастарға мәжбүрлеп енгізуге АҚШ, Канада, Жапония және бірқатар Батыс Европа елдерінде заңмен жол берілді, бұл мемлекеттердің соттары мен әкімшілік органдары товарлар мен қызметтер көрсету жөнінде сұраныстарды қанағаттандырудан бас тартқан өнеркәсіп және сауда компанияларына санкциялар қолданады. Демек, заң жолымен шарт жасауға мәжбүрлеу нарықтық экономиканың дамуына мемлекеттік ықпал етудің әдістерінің бірі деп тануға болады.

Инвестициялық келісімшарт – мүліктік (материалдық) және зияткерлік (материалдық емес) құндылықтардың барлық түрлерін сондай-ақ оларға ие болу құқықтарын кәсіпкерлік және басқа да қызмет объектілерін кіріс (пайда) және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жету үшін салымдар туралы шарт. Анықтамадан көрініп тұрғанындай, инвестициялық келісімшарт – кәдімгі шарт емес. Ең алдымен, инвестициялық шарт мынадай талаптармен сипатталады: тараптар арасында мүліктік және зияткерлік құндылықтардың кезкелген түрлен, оларға деген құқықтарын салу туралы; контрагенттердің өзара қарым-қатынастары туралы; шартты өзгерту және тоқтату немесе күшін жою негіздері туралы; даулы мәселелерді шешу тәртібі туралы; тараптардың жауапкершілігі туралы келісімдер жасасу.

Инвестициялық келісім шарттың маңызды талаптарының қатарына орнылыктандыру ережелерін жатқызуға болады. Осыған байланысты М.Кеннет былай дейді: келісімшарттардың құқықтық реттілігінің орнықтылығы туралы ережелер инвесторды мемлекет тарапынан араласушылықтың екі түрінен қорғауға арналған: 1) мұндай жағдайда мемлекеттің келісімшартты біржақты жарамсыз деп тануына немесе инвестицияларды экспропорциялауына тыйым салу белгіленеді; 2) орнықтырушы ережелер ашық түрде мына көрсетуге тиіс – келісімшарт талаптары ішкі заңнамада қандай болмасын өзгерістердің болғанына қарамастан, өзінің күшін келісімшарт әрекетінің бүкіл мерзімі бойы сақтайды. Инвестициялық шарттың осы және басқа да ерекшеліктері қолданылып жүрген заңнамада көрініс табуға тиіс.

Мысалы ретінде Беларусь Республикасының Инвестициялық кодексінің 46 бабында көрсетілген инвестициялық шарттың міндеттілік талаптарының тізбесін келтіруге болады. Сонымен, осы бапқа сәйкес, инвестициялық шарт мынаны қамтуға тиіс: 1) инвестициялық шарт әрекетінің мерзімі; 2) инвестициялық қызмет объектісі мен көлемі; 3) инвестордың құқықтары мен міндеттері (оның ішінде қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану саласында заңнаманы, сондай-ақ еңбек заңнамасы мен хауіпсіздік техникасын сақтау); 4) осы жоба бойынша қосымша құқықтық кепілдіктер; 5) инвестициялық шарт талаптарын сақтамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі; 6) инвестициялық шарттан туындаған даулы мәселелерді қарау органы мен тәртібі (шетел инвесторы үшін халықаралық сотты қосу). В.Чигир осы талаптарды олардың міндеттілігі тұрғысынан талдай келіп, инвестициялық шартта инвестициялық шарттан туындайтын даулы мәселелерді қарау тәртібі мен орган туралы талаптың болмағанына күдіктенеді, соңғы талаптың шартқа енгізілмей қалуын мойындап, оны Беларусь Республикасының Инвестициялық Кодексінің 46 бабынан алып тастауды ұсынады.

Тұтас алғанда, оң факты ретінде мынаны атап өтуге болады: Беларусь Республикасының заңнамасында инвестициялық шарттың елеулі талаптары тура бекітілген, ал Қазақстан Республикасында инвестициялық шарттарды заң жүзінде реттеу проблемасы әлі шешімін тапқан жоқ.

11.3. Инвестициялық преференциялар беру туралы келісімшарт

Инвестициялар туралы Заңда инвестициялық келісімшарттың екі түрі қарастырылған: 1) келісімшарт – инвестициялық жеңілдіктер мен кепілдіктер беру туралы шарт; 2) нұсқалы (модельді) келісімшарт – ҚР Үкіметі бекітетін және келісімшарттар жасауда қолданылатын жобалық келісімшарт (жеңілдіктер мен кепілдіктер беруді көздейтін келісімшарттар ғана емес, жер қойнауын пайдалану саласындағы келісімшарттар). Инвестициялар туралы Заң нормалары мен басқа да қосалқы заң актыларын талдау негізінде инвестициялық жеңілдіктер мен кепілдіктерді қарастырған келісімшартты жасау, өзгерту және бұзу серпінін төмендегіше байқауға болады:

1. Бастапқы саты екі кезеңді қамтиды. **Бірінші кезең** – сұраныс беру, оны қабылдау және тіркеу. Заңнама сұраныс нысанына, сұраныс иесінің ұсынған құжаттарға арнаулы инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына арнаулы талаптар белгіленеді, осы талаптар сақталған жағдайда ғана сұраныс тіркеледі. Кері жағдайда сұраныс білдіруші сұранысты тіркеуден бастарылғаны жөнінде жауап жолданады (сұраныс білдіруші, егер ол сұранысты тіркеуден бастарту жөніндегі шешіммен келіспесе, өкілетті органның әрекеттеріне дай айтуға құқылы).

Екінші кезең – өкілетті органның сұранысты қарап, шешім қабылдауы. Инвестициялық жобаны қарауда өкілетті орган 1) инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына талдау жасайды; 2) қаржыландыру көздеріне, балансқа талдау жасайды; 3) жұмысшы бағдарламасына сәйкес нақтыланған активтерді алуға жұмсалған шығындарын растайтын құжаттарға талдау жүргізеді; 4) салық және бюджетке басқа да міндеттерді төлемдер бойынша мерзімі өткен қарыздарды, сондай-ақ жалақы жөніндегі ұзақ мерзімді қарыздарды (үш айдан асқан) анықтайды, жобаны қарауды қарыздарды өтегенше тоқтата тұрады; 5) инвестициялық мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, басқа да ұйымдармен өзара әрекет жасайды (келісілген); 6) сұранысты қарау нәтижелерін белгіленген нысанада қорытынды жасаумен аяқтайды; барлық есеп айырысуларды тенгемен көрсетеді.

Инвестициялар жөніндегі Комитет инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер беру жөнінде шешім қабылдап, сұраныс тіркелген сәтпен отыз жұмыс күні ішінде сұраныс иесіне жазбаша түрде жауап жолдайды.

2. Келісімшарт жасау және орындау. Бұл жерде үш кезеңді (инвестициялар туралы қолданылып жүрген заңнаманың ережелерін есепке ала отырып) бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең – келісімшартты қол қоюға әзірлеу. Өкілетті орган он жұмыс күні ішінде инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер беру туралы шешім қабылданған сәттен Модельдік (нұсқалық) келісімшарт ережелерін ескеріп, келісімшартты қол қоюға әзірлейді. ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы Қаулысымен инвестициялық жеңілдіктер көзделген инвестицияларды жүзеге асыруға Модельдік келісімшарт бекітілді, онда заң шеңберінде өзара қатынастарды белгілейтін өкілетті орган (инвестициялар жөніндегі Комитет) мен инвестор (ҚР-ның келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы) арасында шарт жасау қарастырылған.

Екінші кезең – келісімшартты тіркеу. Келісімшартты өкілетті орган қол қойылған сәттен бес жұмыс күні ішінде тіркейді, келісімшарт тіркелген сәттен күшіне енеді. Келісімшартты тіркеу туралы куәлік инвестициялар жөніндегі Комитет пен инвестор арасында жасалған келісімшартты тіркеу фактысын растайтын куәлік болып табылады.

Келісімшарттың мазмұны. Модельдік келісімшартпен инвестицияларды жүзеге асыруда инвестициялық кепілдіктер мен жеңілдіктер қарастырылған, онда тараптардың өзара құқықтары мен міндеттері анықталған. Атап айтқанда, инвестициялар жөніндегі Комитет құқылы: өзіне берілген өкілеттілік шеңберінде инвесторлармен келіссөздер жүргізгенде, Қазақстан Республикасының атынан әрекет жасайды; келісімшарттар жасау және оны тоқтату шарттары мен тәртібін белгілейді; келісімшарттар жасап, тіркейді; мониторинг және инвестициялық жобаны жүзеге асыруға бақылау жасау; басқа да құқықтарды жүзеге асыру. Өкілетті орган міндетті: келісімшарт талаптарына сәйкес инвестициялық кепілдіктер беру; инвестициялық даулы мәселелерді реттеуде көмек көрсету. Сондай-ақ Модельдік Келісімшартқа сәйкес инвесторларға құқық беріледі: 1) Инвес-

тициялық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы мен әрекеттер жасай алады; 2) қолданылып жүрген заңнама шеңберінде инвестициялық қызметті жүзеге асыруға қажетті жабдықтар мен басқа да материалдарды, активтерді импорттау; 3) белгіленген тәртіппен өкілетті органға келісімшартқа өзгерістер және (немесе) қосымшалар енгізу жөнінде ұсыныс енгізу. Сонымен бірге инвестор міндетті: 1) жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық қызметті жүзеге асырады, өндірікті қатарға қосады; 2) жұмысшы бағдарламасына сәйкес, келісімшартта көрсетілген инвестицияларды жүзеге асырады; 3) инвестициялық жобаны жүзеге асыруда ҚР қолданылып жүрген заңнамасы мен келісімшарт ережелерін сақтайды; 4) инвестициялық қызмет түрін өзгертпейді және инвестициялық жоба шарттарын бұзбайды; 5) жергілікті кадрларды үздіксіз оқыту жүйесін енгізу, олардың біліктілігінің деңгейін көтеру; 6) Қазақстан кадрларының біліктілігін көтеру жөнінде жұмыс жүргізу; 7) өкілетті орган сұраған инвестициялық жобаның орындалу барысы туралы ақпаратты беріп отыру, есеп-қисапты дер кезінде түсіру; 8) нақтыланған активтерге айналдырылған инвестицияларды жүзеге асыруға осы заманғы технологияларды қолдану; 9) келісімшарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес алынған нақтыланған активтерді келісімшарт мерзімі ішінде жалға бермеу.

Үшінші кезең – келісімшарттың орындалуы (инвестициялық жобаны жүзеге асыру). Бұл кезең, ең алдымен, өкілетті орган тарапынан қатаң бақылаумен сыпатталады, келісімшарттың талаптарын орындау мына нысанада жүзеге асады: 1) камеральдық бақылау (инвестор түсірген есеп-қисаптарды зерттеу, талдау негізінде бақылау); 2) инвестициялық қызмет объектісін аралау, оның ішінде жұмысшы бағдарлама мен келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарау.

Келісімшарттың жұмысшы бағдарламасының орындалмағаны немесе жеткілікті орындалмағаны жағдайында өкілетті орган инвестор талаптарды бұзушылықтарды көрсетіп жазбаша түрде ескерту жасап, кемшіліктерді кемінде үш мерзім ішінде жою мерзімін белгілейді (Инвестициялар туралы Заң, 21-1-6 бап).

3. Келісімшартты бұзу. Келісімшартты бұзудың жалпы ережелері инвестициялар туралы Заңда қарастырылған –

инвестициялық кепілдіктер әрекеті келісімшарт әрекетінің мерзімі аяқталған сәтте тоқтатылады: тараптардың келісіммен және біржақты тоқтатылады (22 бап). Келісімшартты бұзудың құқықтық зардаптары қандай жағдайда бұзылуына байланысты теңдестіріледі – инвестициялар жөніндегі Комитет бастамасымен бір жақты бұзу немесе инвестордың басамасымен, немесе тараптардың келісімімен. Бастапқы жағдайда инвестордың (келісімшарт жасасқан ҚР заңды тұлғасы) шығындардың орнын толтыру және салық, кеден баж салығының бүкіл төленбеген сомасын қайтару жөнінде жауапкершілігі басталады.

Инвестициялар жөніндегі Комитет, келісімшарт біржақты тәртіппен бұзылғанда, инвестордың (ҚР келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы) жазбаша хатпен осы жай туралы хабарлаған сәтінен үш ішінде: 1) сұраныс иесі түсірген деректерде бұрмалаушылық және инвестициялық кепілдіктерге ықпал еткен деректерді жасырып қалу байқалса; 2) инвестор келесі келісімшарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда; 3) инвестор немесе деректерді жасырып қалса, келісімшартты бұзуға құқылы. Инвестордың жауапкершілігі: оған инвестициялық жеңілдіктер берілуіне байланысты салықтар және кедендік баж салығының төленбеген сомаларын, заңнамамен қарастырылған айыппұл санкцияларын қолдануға байланысты төлемдерді өтеу.

Инвестордың бастамасымен келісімшартты бір жақты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда заңмен белгіленген тәртіппен инвестор салықтар мен кедендік баж салықтарын пайыздық мөлшердің есептеуімен төлейді. Мұндай құқықтық зардаптарды инвестор үшін келеңсіз факт деп есептеуге болады.

Тараптардың келісімімен келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда инвестор инвестициялық жеңілдіктер берілуіне байланысты төленбеген салық және кедендік баж сомаларын төлейді. Келісімшартты мерзімімен бұзу инвестордың өзіне мемлекеттік бастапқы грант ретінде берілген мүлікті қайтаруына негіз болады. Инвестор грантты мүлік күйінде, келісімшарт талаптарына сәйкес берген кезіндегі бастапқы құқымен қайтарады.

Заңды тұлға мемлекеттік мүліктік грантты белгіленген мерзімде қайтарудан бас тартса (инвестициялар жөніндегі Комитеттің келісімшарттарды мерзімінен бұрын тоқтату туралы

шешімі қабылданғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде), Инвестициялар жөніндегі Комитет заңнамамен белгіленген тәртіппен заңды тұлғаға (инвесторға) Әкімшілік құқық Кодексінің 134-1 бабына сәйкес мемлекеттік мүліктік грантты қайтару мерзімін бұзғаны әкімшілік айыппұл салады. Әкімшілік құқықты бұзу туралы істі қарап, Комитет басшысы немесе оның орынбасары мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: 1) әкімшілік айыппұл белгілеу; 2) істі жүргізуді тоқтату туралы; 3) айыппұл туралы қауылыны орындауға мәжбүрлеу туралы.

Мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен келісімшартты бұзу туралы ақпарат: мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуына бақылау жасайтын өкілетті мемлекеттік органға; қажет болған жағдайда тиісті шаралар қолдану үшін басқа да мемлекеттік органдарға; келісімшарттар бойынша мемлекеттік мүліктік гранттар берген мемлекеттік органға; мемлекет алдында салық міндеттемелерін орындауға бақылауды қамтамасыз ететін өкілетті мемлекеттік органға; мемлекеттік мүлік пен (немесе) жер ресурстарын басқару саласында мемлекеттік органдарға; сондай-ақ жергілікті атқару органдарына жолдайды.

Ең соңында мынаны атап өткен жөн, қолданылып жүрген заңнамамен инвестициялық келісімшартты жасау, орындау, өзгерту және тоқтатуға байланысты мәселелер реттеледі. Біздіңше, бұл мемлекеттің экономиканың басым секторларында инвестицияларды жүзеге асыруға ынталы екенін, ал инвестициялық келісімшарттың өзі маңызды екенін көрсетеді. Бірақ инвестициялар жөнінде Комитет жасасқан келісімшарт бойынша инвестициялық кепілдіктер көзделген келісімшартты Шарт деп тануға болмайды, өйткені онда Шарттың жекеленген элементтері ғана бар, өзінің мәніне қарай құзырлы мемлекеттің органның біржақты шешімі болып табылады.

Тұтас алғанда, «инвестициялық келісімшарт – Шарт, «инвестициялық жеңілдіктер беру жөніндегі келісімшарт» – шарт түрінде жасалған билік органының әкімшілік актысы түсініктерінің шегін айқындап алу керек. Бастапқы жағдайда әңгіме азаматтық-құқықтық шарт ретіндегі инвестициялық келісімшарт туралы болса, екіншіде – мемлекеттік билік органының инвесторға салық жеңілдіктерін, мемлекеттік мүліктік

гранттар беру немесе кедендік баж салығынан босату туралы шешімі. Осы екі әртүрлі ұғым араласып кеткен деген түсінікпен келісуге болмайды. Сондықтан келісімшарт – азаматтық-құқықтық шарт инвестициялық салық жеңілдіктерін беру туралы шешімге байланысты құбылыстың мәнін барынша дәл көрсете алатын басқа терминологияны (мысалы, акт, шешім, т.б.) қолдану керек.

Әрине, мемлекет экономиканың басым секторларын дамытуға мүдделі, сондықтан осы салаларда қызметті жүзеге асыратын инвесторларға едәуір жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі. Инвестициялық кепілдіктер беру туралы келісімшарттарды жасау, орындау, өзгерту, тоқтату тәртібі мен талаптары заңнамада түгел қарастырылған. Осының бәрі инвестициялық келісімшарттың маңыздығын дәлелдейді. Сонымен бірге, инвесторларға инвестициялық жеңілдіктер беру мен ынталандыру шараларын қолдану арқылы экономиканың нақты дамуына жетісуге болмайды. Экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған ынталандыру, бақылау және қорғаныс шараларын ойластыра және пәрменді пайдалану керек.

12 дәріс. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШАРТТАР ЖҮЙЕСІ

12.1. Инвестициялық шарттардың түрлері

Инвестициялық шарттар кезкелген азаматтық-құқықтық шарттар сияқты әртүрлі негіздер бойынша сұрыпталуы да мүмкін. Экономика салаларына орай инвестициялық шарттар екі негізгі топқа бөлінеді: материалдық өндіріс саласындағы шарттар және материалдық игіліктер емес өндірісі саласындағы шарттар. Өз тарапынан шарттардың осы түрлері қосалқы түрлер мен үлгілерге бөлінеді.

Егер инвестициялық шарттарды азаматтық құқықтар объектілеріне (азаматтық айналымдағы біртектілікті еместігімен сыпатталатын игіліктер) орай сұрыптасақ, онда *меншікке беру немесе мүлікті пайдалану жөніндегі шарттар; ерекше құқықтарды пайдалану жөніндегі шарттар; жұмыстар атқару жөніндегі шарттар, қызмет көрсету жөніндегі шарттар* болып бөлінеді. Бұлардың әрқайсысы жеке түрлерді біріктіреді; мысалы, бірінші топқа сатып алу-сату, жалгерлік, рента шарттары, т.б. жатады. Бұл арада осы нәтижелерге (нәтижелер бағыттылығына) орай дербес топқа әртүрлі ұйымдарды құру шарттары тиісінше, құрылтай шарттары деп аталатын ерекше топты құрайды.

Шарттардың жалпы сұрыпталуынан көрініп отырғанындай, инвестициялық шарт ымыралық, екі жақты (өзаралық) және қайтарымды болады. Сонымен бірге инвестициялық шарттарды оларды қолданудың экономикалық саласына орай теңдестіруге болады. Мысалы, инвестициялық шарттардың негізгі түрлерінің арасында жер қойнауын пайдалану саласындағы; сыртқы экономикалық; мемлекеттік қарыз; банк несиесі; лизинг; бағалы қағаздар нарығында жасалған ымыралық шарттар бөлінеді. Инвестициялық шарттардың жекеленген топтары, көлік, т.б. салалар бойынша шарттарды қамтиды.

12.2. Сыртқы экономикалық инвестициялық шарт

Шетел инвесторының қатысуындағы инвестициялық шарт түрі сыртқы экономикалық шарт болып табылады. Шарттың осы түрінің сыртқы экономикалық сипаты оның ерекшеліктері мен

өзгешелік белгілерін анықтайды, инвестициялық шарттардың теңдестірудің өлшемінің арқасында негізгі екі топ бөлініп шығады: 1) шетел инвесторларының қатысуындағы инвестициялық шарттар; 2) ұлттық инвесторлар қатысуындағы инвестициялық шарттар. Осы келісімнің тараптары әрдайым шетел инвесторы және реципиент ел болады деп атап көрсетеді Мұнда тараптарының бірі ретінде шетел элементтерінің қатысуы міндетті, екінші тарапта қабылдаушы мемлекет немесе оның заңды немесе жеке тұлғасы шығады, екі тарап та үшінші мемлекеттің аумағында қызмет жүзеге асырып жүрген шетел инвесторлары болуы мүмкін.

«Шетел элементі» ұғымына бірқатар нақты факторлар енеді: осы құқықтық қатынастың субъектісі – шетелдік (шетелдік заңды немесе жеке тұлға, тіпті шетел мемлекеті), немесе қатынас объектісі – шетелдегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік, зат; немесе шеттен тыс оқиға және әрекет.

Сонымен, сыртқы экономикалық инвестициялық шарт мына белгілерге жауап беруге тиіс: 1) шарт тараптарының әртүрлі мемлекетке қатыстылығы (бұл шарт контрагенттер арасында жасалуы керек, олардың негізгі қызмет орны тіркеу орны бойынша анықталатын әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасады); 2) шарт қатынастары шетел инвестицияларына байланысты туындайды (қызметінің мазмұны шетелден товар әкелу немесе шетелге товар шығару; немесе товарларды жеткізу мен сыртқа шығаруға байланысты қандай да болсын осыған ұқсас операциялар болып табылатын сыртқы сауда шарттарынан өзгеше). Алғашқы белгі шетел инвесторының қатысуындағы шарттың сыртқы экономикалық табиғатын аша түседі, ал екінші бір белгі сыртқы экономикалық шарт түрі ретінде сыпаттап қана қоймай, инвестициялық шарт ретінде ерекшеліктерін анықтайды. Шетел инвесторларының өз қызметін жүзеге асыру үрдісінде қалыптасқан құқықтық қатынастардың негізгі нысаны ретінде инвестициялық шарттың күрделілігі мен көп негізділігін көрсетеді.

Сыртқы экономикалық мәміленің кәдімгі шарттан өзгешелігі бар және мына шарттарды қамтиды: 3) өтемдерді алу және қамтамасыз етуге байланысты талаптары; 4) товарларды сақтандыру талаптары; 5) әр мемлекеттің заңымен қарастырылған кеден ережелерін орындау; 6) негізгі шартпен бірге тасымалдаушымен, банкпен, сақтандыру компаниясымен қосымша

келісімшарт жасасу; 7) коммерциялық емес (саяси) ықпалдардың шараптардың міндеттемелердің орындалмауына жауапкершілікті бөлу ережелері; 8) қолданылатын құқық талаптары; 9) даулы мәселелерді қарау тәртібі және ережелері; 10) халықаралық коммерциялық ымыралардың нысаны мен қол қою тәртібі.

Жоғарыдағы белгілер, мәміленің халықаралыққа жататынын сипаттайтын белгілер болып есептелмейді, өйткені, оны анықтауға екі негізгі мына белгілер жеткілікті: 1) ерекше субъектілік құрам (тараптар әртүрлі мемлекеттілікте немесе әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасуы); 2) ерекше объектілік құрам (шекарадан тыс жердегі товар, мемлекет аумағынан тыс жерлерде көрсетілген қызметтер, немесе шетел инвестициялары).

Халықаралық инвестициялық келісім – инвестициялық шарттың жеке (ерекше) түрі болып табылады (өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар), солай бола тұрса да, шарттың дербес түрі ретінде бөлініп шығуға жеткілікті белгілерге ие емес.

12.3. Мемлекеттік қарыз шарты

Жекешелік – құқықтық және көпшілік – құқықтық бастамаларды үйлестірген инвестициялық шарттар қатарына азаматтық-құқықтық шарттар арасында ерекше орын алатын мемлекеттік қарыз шартын да жатқызуға болады. Азаматтық заңнамаға сәйкес мемлекеттік қарыз шартының тараптары болып бір жағынан мемлекет, екінші жағынан – заңды немесе жеке тұлғалар қатысады. Бұл шарт қарыз алушының шығарылған мемлекеттік облигацияларды, сондай-ақ, қарыз алушының қарыз берушіден қарыз ақша алу құқын растайтын бағалы мемлекеттік қағаздар алу жолымен жасалады, қарыз, басқа да мүліктік эквиваленттің хал-ахуалына қарай, осы қарыздың айналымға шығару шарттарында қарастырылған басқа мүліктік құқықтар талаптарына сай жасалады. (ҚР АҚ-інің 726-3 бабы).

Азаматтық-құқықтық заңнан мемлекеттік қарыздың мынадай ерекшеліктерін шығаруға болады: 1) қарыз шарттарын мемлекет – қарыз беруші тиісті құқықтық акты нысанында белгілейді; азаматтық-құқықтық қарыз талаптары тараптардың келісімімен ғана анықталады; 2) мемлекет қарыз қатынастарына екі сапада бір мезгілде араласады: қарыз шартының тараптары да,

қарыз қатынастарын реттейтін саяси субъект ретінде; қарыздар азаматтық-құқықтық қатынастарын реттеуде мемлекет қарыз қатынасының субъектісі болып табылмайды және осы қатынастың субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттейді; 3) мемлекеттік қарызды конверсиялау (айналымға шығарылған қарыз шарттарын бір жақты өзгерту) мүмкіндігіне иелік етеді; қарыздың бастартуға немесе оның талаптарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді; 4) мемлекет қарызды өтеуден бас тартса, оның несиеленушілері (заңды және жеке тұлғалар) мемлекетті сотқа жүгіну арқылы жауапкершілікке тарта алады; қарыздың азаматтық-құқықтық шарты бойынша борышкер өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, қарыз берушілер сотпен одан қарыз соманы талап етуге құқылы; салған қаржыларын қайтарып беріп қана қоймай, шартпен белгіленген сыйақыларын алатынына сенімді болмаса, жеке немесе заңды тұлғалар мемлекеттік бағалы қағаздарды ала ала ма?

Қаржы қатынастары аясында шарттардың мынадай құрылымы қолданылуы мүмкін: 1) мемлекеттік қарыз шарты; 2) бюджеттік несиелеу шарты; 3) бюджеттен тыс арнаулы қорлардан несиелеу шарты; 4) мемлекеттік-банктік несиелеу шарты; 5) ведомстволық несиелеу шарты; 6) қаржы-ұйымдастыру шарты әртүрлі мемлекеттік органдар арасында жасалады, олардың қызметі мемлекеттік қаржыларды ұйымдастырумен байланысты мәселелер болып табылады.

12.4. Банк қарызының шарты

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру үрдісінде ақша қаражатын қажетсінушілікті қанағаттандырудың негізгі жолдарының бірі оларды шартпен алу болып табылады. Осыған байланысты банк немесе басқа несиеленуші ұйымы (несиеленуші) екінші жаққа ақша қаражатын немесе товар құндылықтарын (қызмет көрсету) шартта көрсетілген талаптар мен мөлшерде ұсынуға, екінші жақ (қарыз алушы) соманы қайтаруға және оған пайыздық үстемелерді төлеуге міндеттенеді.

ҚР Азаматтық заңнамасымен банк қарызы шартының ұғымы мен ерекшеліктері анықталған. Онда банк қарыз беруші, немесе ұлттық банктің қарызды ақша нысанада босатуға лицензиясына ие

болған заңды тұлға. Шарт мәні – ақша (бұл жағдайда шарт жасалу сәтінен күшіне енеді); шарт жазбаша түрде жасалуға тиіс (жазбаша нысаны сақталмаған жағдайда банк қарызының шарты жарамсыз деп саналады, басқа шарттардан өзгешелігі осында); қарызды мемлекеттік банктер немесе мемлекеттік ақша қорлары есебінен босатылғанда, оны босату тәртібі мен шарттары заң актыларымен, сондай-ақ өкілетті мемлекеттік органдардың актыларымен реттеледі, бұл жағдайда қарыз босату қарыз берушінің міндеті болып табылады, ал ол жасаған шарт аталған заң актыларымен және (несие) өкілетті органдардың актыларымен белгіленген ережелерге міндетті түрде сәйкес келуі керек; банк қарызының шартына қарыз берушінің келісімімен қарыз алушының міндеттемелері ақша қарызы шарты бойынша орындалуға тиіс деген ережелер қолданылмайды (ҚР АҚ 728б.).

Әлемдік практикада несие шарттар мен келісімдер жасау кеңінен қолданылады. Несиелік өзара қатынастардың қалыптасқан жүйесіне сәйкес, Н.Д.Эриашвили атап көрсеткендей, банктің несие ресурстары банктің өз қаржылары есебінен (ол алған негізгі қорлар, банктер мен басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үйлесіндегі салымдардың, басқа да жұмылдырылған қаржылардың өзіндік құнынан басқа); заңды тұлғалардың банктегі есеп шотындағы қаржыларынан; вексельдік қамтамасыз ету мақсатымен депозиттер нысанында жұмылдырылған қаржылардан; белгілі бір мерзімге жұмылдырылған жеке тұлғалардың салымдарынан, басқа банктерден алынған несиелерден; басқа да жұмылдырылған қаржылардан құралады.

Банктік шарт қатынастарын сипаттай келе, банк қызметінің практикасында осы шарт түрінің әртүрлі атаулары (банк несиесінің шарты, банк қарызының шарты, несие шарты, т.б.) болатынын атап көрсетеді, демек, ҚР азаматтық заңнамасымен банк қарызының шартының атауы біртектілінген. Қарыз қатынастары саласында жаңа шарт нысандарының пайда болуы жағдайында (мысалы, микронесие беру шарты) көкейтесті болып отыр. ҚР «Микронесиелік ұйымдар туралы» заңына сәйкес (2003 жылғы 6 наурыз), микронесиелер босату туралы шарт мынаны қамтиды: микронесиелік ұйым және қарыз алушы туралы деректер (микронесиелік ұйымның толық атауы және қарыз алушының

толық аты-жөні, тегі); микронесиенің мақсаты (мақсатты микронесие беруде); берілетін микронесиенің жалпы соммасы, микронесиені өтеу мерзімдері; өтеу әдісі (бір мезгілде, немесе бөлшектеп); шарт бойынша несие алушының міндеттемелердің орындауды қамтамасыз ету; үстеме өсім ставкасының мөлшері, оның ішінде шағын несие бойынша; тараптардың жауапкершілігі; қолданылып жүрген заңға сәйкес басқа да талаптар. Осы заңның ережелерін талдау шағын несие беру туралы шарт банк қарызының шартының бір екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді (азаматтық заңнамамен тікелей қарастырылмаған, бірақ несие беруші – банк қана емес, ҚР Ұлттық банкінің лицензиясын алған басқа да заңды тұлға, заңды тұлға қарыздарды ақша нысанында – шағын несиелі ұйымдарға босатады).

12.5. Лизинг шарты

Инвестициялық шарттың жеке түрі – лизинг шарты. Лизинг бойынша азаматтық заңнамаға сәйкес лизинг беруші сатып алушыдан лизинг алушы көрсеткен мүлікті меншікке алып, лизинг алушыға осы мүлікті уақытша иелік етіп, кәсіпкерлік мақсаттарға ақылы түрде пайдалануға болады. Лизингтік объектілері – үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, көлік құралдары, жер тәлімдері және кезкелген тұтынылмайтын заттар; бағалы қағаздар мен табиғат ресурстары бұған кірмейді (ҚР АҚ 565-566 баптар). Тиісінше, лизинг шарты мына төмендегі ерекшеліктермен сыпатталады: лизинг объектісі мен лизинг алушыға тиесілі; лизингтік мүлікті лизинг алушы тек кәсіпкерлік мақсатқа пайдаланады; лизингтік мүлікті лизинг беруші сатушыдан оны лизингалаушының лизингіне беру жағдайында алады; лизингтің бүкіл кезеңінде лизингтік төлемдердің сомасы лизингтік мүліктің ымыра жасалған сәттегі толық (оған шамалас) құнын қамтуға тиіс; шартқа сәйкес төлеуге жататын дүркіндік өтемдер шарт жасалған сәттегі мүлік құнының бүкіл немесе елеулі бөлігінің амортизациясы есепке алынып төленуге тиіс; лизинг шартында лизинг алушының лизингтік мүлікті шарттың мерзімі өткен соң, немесе аяқталғанға дейін сатып алу құқы қарастырылуы да мүмкін; сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды сатушының орындамағаны үшін лизинг беруші лизинг алушының

алдында жауап бермейді, сатушыны таңдау құқы лизинг берушіге берілсе, бұл жағдайда лизинг алушы сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды тең жауапкершілік беретін мүлік сатушысына да, лизинг берушіге өз қалауы бойынша талаптар ұсынуға құқылы.

Әлемдік практикада лизингтің түрлерін ажыратуда, ең алдымен, оларды сұрыптау белгілерінен шығу керек: жалға алынған мүлікке көзқарас; лизингтік операцияларды қаржыландыру үлгісі; лизингтік ымыраның қатысушылар құрамы; лизингке берілетін мүлік үлгісі; лизинг операциялары өткізілетін нарық секторы; салық, кеден және амортизациялық жеңілдіктер мен кепілдіктерге; лизингтік төлемдер тәртібі; лизинг берушінің тәуекелдік деңгейі. Сонымен бірге сұрыптаудың басқа да негіздері бар (мысалы, өлшем ретінде лизингке берілетін мүлік үлгісі, тиісінше, жылжымайтын мүлік лизингі, жылжымалы мүлік лизингі, т.б.).

Қызмет көрсету көлеміне қарай (жалға алынған мүлікке қатысты) лизингтер бөлінеді: 1) таза лизинг (мүлікке қызмет көрсету жөніндегі бар шығынды лизинг алушы өзіне қабылдайды; 2) толық (лизинг алушы мүлікке қызмет көрсету жөніндегі бар шығынды өзіне алса, әдеттегідей, мұндай лизингті жабдықты жасаушылардың өздері пайдаланады); 3) жартылай лизинг (лизинг берушіге мүлікке қызмет ету жөніндегі тек жекеленген функциялар жүктелсе, жартылай қызметтер көрсетіледі).

Осындай өлшемге орай қаржыландырудың үлгісі ретінде лизингті мерзімді деп бөледі. Мұнда мүлік бір дүркіндік жалға беріледі, лизинг шартының алғашқы мерзімі өтісімен лизинг гарты жаңартылады, келесі кезеңге мерзімге ұзартылады, онда лизинг объектілері белгілі бір уақыттан соң тозуына қарай және лизинг алушының ұйғаруы бойынша барынша жетілдірілген үлгілерге ауыстырылады, лизинг алушы жабдықты ауыстыру жөніндегі бар шығынды өзіне алады. Жаңартылған лизингтің бір түрі лизинг алушыға жаңа келісімшарт жасамай-ақ жалға жабдықтардың жаңа тобының тізімін толықтыруға мүмкіндік беретін бас лизинг болып табылады.

Мәміле қатысушыларының (тараптарының) құрамына қарай, лизингті мынадай түрлерге жіктеуге болады: тікелей лизинг (мұнда мүлік иесі (жеткізуші) объектіні өздігінен лизингтік

компаниясыз лизингке бере алады, басқаша айтқанда, бұл шартты лизингке жатқызуға болмайды, өйткені бұған лизингтік компания қатыспайды, оның үстіне қолданылып жүрген заңнамада бұл қарастырылмаған, шетелде жалпыға мәлім лизингтік ымырада бұл шарт дербес түрі ретінде бөлінеді; жанама лизинг (осы жағдайда классикалық лизинг туралы айтуға болады, өйткені бұған лизинг жеткізуші де, лизинг беруші де, лизинг алушы да қатысады); бөлек лизинг, немесе көп тарап қатысқан лизинг (лизингтің бұл түрі авиация техникасы, теңіз және өзен кемелері, т.б. сияқты күрделі, кең ауқымды объектілерді қаржыландыруда қолданылады).

Батыста қалыптасқан белгілі практикаға сәйкес қаржыларды жұмылдыратын лизинг берушінің бір немесе бірнеше несие берушілерден жалға берілетін активтердің 80 пайызына дейінгі сомасын ұзақ мерзімдік қарыз ретінде алуын қарастырады. Бұл арада банктер – несие берушілер, лизингтік төлемдер мен жабдықтардың өзі несиemen қамтамасыз етуге қызмет жасайды. Әдеттегідей, лизингтікті ымыраларды банктер былай жүзеге асырады: қарыз беру (банк лизингтік компанияға бір немесе бірнеше лизингтік операциялар атқаруға несие босатады); немесе міндеттемелер алу (банк лизинг берушіден оның клиенттерінің міндеттемелерін қайтарым талабының құқынсыз сатып алады, лизинг алушыларының қоғамдық беделі мен жобаның тиімділігін ескереді).

Лизингтің операциялар өткізілетін нарық секторына қарай, ішкі лизингті (барлық қатысушылар бір елден болса) және сыртқы (халықаралық) лизингті (тараптардың бірі әртүрлі елдерге жатса) бөліп қарастырады. Өз тарапынан, ішкі лизинг шетелдік тарабы лизинг беруші болып табылатын импорттық, шетелдік тарабы лизинг алушы болып табылатын экспорттық болып бөлінеді.

Лизингтік шарттарды сұрыптаудың келесі негізі – лизинг беруші мен лизинг алушының арасындағы есеп айырысулардың нысаны ретінде саналады. Сонымен, мынадай нысандар бөлінеді: ақша (барлық өтемдер ақша түрінде өткізілсе); өтемақылар (төлемдер лизингке берілген жабдықпен өндірілген товарларды жеткізу түрінде жүзеге асырылса, мұның өзі негізінде баспа-бас айырбас әдісі немесе лизинг беруші мен лизинг алушы бір-біріне көрсеткен қызметін есептеу жолымен); аралас (төлемнің ақшадай және өтемақы түрлері аралас қолданылса).

Ең соңында, лизинг берушінің жауапкершілік алуының деңгейіне қарай: қамтамасыз етілмеген лизинг, мұндайда лизинг алушы лизинг берушіге өзінің міндеттемелерін орындаудың ешқандай қосымша кепілдіктерді түсірмейді; жартылай қамтамасыз – етілген лизинг, несие ұйымының есеп шотында шарт мерзімінің аяғына және лизинг алушының өз міндеттемелерін толық орындалуына дейін пайдалану құқынсыз орналасқан. Лизинг берушінің шығындарының белгілі бір бөлігін жабуды көздейтін сақтық депозитінің болуы; кепілдендірілген (қамтамасыз етілген) лизинг алушының кепілі ретіндегі бірнеше субъектілер арасындағы, лизингтік төлемдердің, сондай-ақ лизингтік мүліктің қайтарымының сақтандырылуына маманданған сақтандыру компаниялары арасындағы жауапкершілікті бөлісуді қарастырады.

Сонымен, лизинг – шарттың ерекше түрі, осыған сәйкес лизинг беруші уақытша еркін немесе жұмылдырылған қаржыларды өзінің меншігіне белгілі бір сатушыдан мүлік сатып алуға жұмсап, мүлікті лизинг алушыға кәсіпкерлік мақсаттарға уақытша пайдалану ақыға береді. Лизинг шартының жабдық сатып алу үшін босатылған несиелемен ортақ белгілері бар, өзінің мазмұны бойынша жалгерлік шартқа жақын, солай бола тұрса да, өзіне тән ерекшеліктері бар: 1) лизинг алушы лизингтік мүлікті тек кәсіпкерлік мақсаттарға пайдаланады; 2) лизинг затына меншіктікке лизинг беруші иелік етеді, ал лизинг алушы тек уақытша пайдаланушы болады; 3) шарт мерзімі аяқталысымен лизинг алушы жасалған келісімге орай белгіленген бағамен лизинг мүлкін сатып алады; немесе лизинг шартының мерзімін ұзартады; немесе шарт мерзімі аяқталысымен мүлікті иесіне қайтарады. Айтылғаннан қысқаша қорытынды шығара отрып, мынаны атап өту керек: әдеттегідей, лизинг келісімі аралас шарт болып табылады. Лизинг шартының елеулі талаптарымен бірге, бұл келісімде басқа шарттардың да элементтері (атап айтқанда, сатып алу-сату, сақтандыру, аманат шарттарының, лизингтік жабдыққа айналдырылған өнімді жеткізу шартының, банк қарызының шартының, т.б.) бар. Демек, лизинг шартының кешендік табиғаты туралы қорытынды шығаруға болады, оның өзгешелік ерекшеліктері инвестициялық шарттың негізгі түрлерінің бірі ретінде тануға мүмкіндік береді.

13 дәріс. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

13.1. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарының ұғымы мен ерекшеліктері

Инвестициялық шарттың кең тараған түрі ретінде жер қойнауын пайдалану шартын атауға болады. Жер қойнауын пайдалану туралы шарт деп тараптардың жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір түрін (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру т.б.) жүзеге асыру туралы келісім. Осы келісімшарттың тек өзіне тән бірқатар белгілері бар. Біріншіден, келісімшарттың бір тарабы болып өзінің органдары арқылы мемлекет енеді, екіншіден, келісімшарт алдында жер қойнауын пайдалану немесе тікелей келіссөздер жүргізу құқына ие болу үшін инвестициялық бағдарламалар конкурсы бағдарламалар конкурсы міндетті түрде өткізіледі, үшіншіден, оны жасау, өзгерту, тоқтату негіздері мен тәртібі арнаулы заңнамамен (жер қойнауы жер қойнауын пайдалану заңнамасы) реттеледі. Әрине, кәдімгі азаматтық-құқықтық шарттарға бұл тән емес.

Табиғат пайдалану саласында мемлекеттің қатысуында құқықтық қатынастардың екі тобы пайда болады: бірінші тобын жерге мемлекеттік меншіктің көпшілік қатынастары құрайды (эрқашанда әкімшілік-құқықтық сыпат алады). Мемлекет өзінің органдары арқылы жер қойнауын пайдалану құқын береді; мемлекет жер қойнауына иелік ету, пайдаланудың құқықтық реттілігін анықтайды. Қатынастардың мемлекет қатысатын екінші тобына шарт (азаматтық-құқықтық) қатынастары енеді (қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес, мемлекет осы қатынастардың басқа қатысушыларымен тең деңгейде азаматтық-құқықтық қатынастарға қосылады). Мемлекет еркімен өзіне белгілі бір азаматтық-құқықтық міндеттемелер алса, онда ол азаматтық заңнама нормаларына бағынып, тараптардың азаматтық-құқықтық принциптерін сөзсіз сақтауға тиіс.

Әуелде жер қойнауы туралы Заңда лицензиялық-келісімшарт жүйесі қарастырылға, осыған сәйкес жер қойнауын пайдалану келісімшарт тиісті лицензия болмайынша жасалмайды. Кейін заң шығарушы лицензиялық-келісімшарт жүйесінен бас

тартып, келісімшарт жүйесін белгілейді, ал жер қойнауын пайдалану құқы беретін лицензиялық жүйені қалдырды. Қолданылып жүрген заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану құқы мен келісімшарт жасауға инвестициялар бағдарламаларына конкурс өткізу жолымен; тікелей келіссөз жүргізу және келісімшарт жасау жолымен жер қойнауын пайдалану құқы беріледі. Келісімшарт жасалған сәттен-ақ жер қойнауын пайдалану құқы берілген болып саналады. Келісімшартты жасау жөнінде келіссөздер жүргізуді бастаудың негізі – құзырлы органның тікелей келіссөз жүргізу жөніндегі шешімі мен конкурстық комиссияның оның жеңімпазы туралы хаттамасы.

Шарт тараптары – Жер қойнауын пайдаланушы және хұзырлы орган. Осыған байланысты келісімшарттың мына түрлерін бөліп қарастыруға болады: 1) пайдалы қазбаларды іздестіру, барлау, өндіру, аралас барлау және өндіру келісімшарты (құзырлы орган – ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі); 2) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеумен, пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге байланысты емес, жер асты ғимараттарын салу мен пайдалану келісімшарты (құзырлы орган – ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті); 3) коммерциялық мақсаттармен жалпы көп тараған пайдалы қазбаларды барлау және шығару келісімшарты (құзырлы орган – жергілікті атқару органдары).

Тараптардың келісуінен өткен келісімшарт жобасына оған қол қойғанға дейін міндетті Экономикалық және салық сараптамасы жүргізіледі; сонымен бірге келісімшарт жобасы әртүрлі министрліктер мен ведомстволарда міндетті түрде келісіледі; келіссөздер, сараптамалар мен келісулерден кейін келісімшарт келісімшарт жасасқан мемлекеттік органда міндетті мемлекеттік тіркеуден өтеді.

Жер қойнауын жер қойнауын пайдалану туралы Заңға сәйкес құзырлы орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды алты айға дейін мына жағдайларда тоқтатуға құқылы: 1) жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын бұзғанда; 2) жер қойнауын пайдаланушы ҚР заңнамасының жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды хауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарын бұзғанда. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 31 шілдедегі

Қаулысымен анықталғанындай, құзырлы орган міндетті түрде келісімшарт әрекетіне байланысты жұмыстар әсерінің аймағында жұмыс істейтін немесе тұратын адамдардың өміріне немесе денсаулығына тікелей хауіп төнген жағдайда келісімшарттың әрекетін тоқтата алады.

Бұдан шығатын қорытынды: жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың елеулі өзгерістеріне қарамастан, жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекет арасындағы қатынастарда көпшілік-құқықтық бастамалар әлі де болсын өз тұғырын сақтауда және жекешелік – құқықтық бастамаларды жамылып келеді. Жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық құқықтық қатынастарды онан әрі дамыту үрдісінде мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы өзара әрекет негізіне жекешелік-құқықтық бастамалар алынады деп ойлаймыз. Мұндайда қазірдің өзінде мемлекет пен жер қойнауын пайдалану арасындағы шарттық қатынастарда мемлекеттің жекешелік – құқықтық қатынастардың қатысушысы болып отырғаны ойдан анық, түсінікті, басқаша айтқанда, мемлекет жер қойнауын пайдаланушы тең деңгейде қатынасқа түседі, демек, жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттардың (келісімшарттардың) әкімшілік-құқықтық емес, азаматтық-құқықтық табиғатына ешқандай күдік болмауға тиіс.

13.2. Жер қойнауын пайдаланудың инвестициялық шарттарын сұрыптау

Жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттары инвестициялық шарттардың басқа түрлері сияқты тиісті заңнамалық бекітілуін алған жоқ. Қолданылып жүрген заңнамада жер қойнауын пайдаланудың түріне қарай жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттарын түрлерге бөлу қарастырылған (барлау, шығару, бірлескен барлау және өндіру, пайдалы қазбаларды шығарумен (барлаумен) байланысты – емес, жер асты ғимараттарын салу мен пайдалануға беру) (ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңының 42 бабы). Бұрын жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының тізбесі мейлінше нақты болған-ды, оған: концессия туралы; өкім бөлісі туралы; қызмет

көрсету (сервистік); бірлескен қызмет туралы келісімшарттар енген. Келісімшарттардың осы түрлері шетел мемлекеттерінің шарттық практикасында кеңінен қолданылады, тиісінше Қазақстан Республикасында да қолданылуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының негізгі екі үлгісін бөліп қарастыруға болады: жалға алу үлгісіндегі шарттар (концессиялық келісімшарттар; жерасты әртүрлі ғимараттар салу мен пайдалануға беру келісімшарттары); 2) мердігерлік үлгідегі келісімшарттар (геологиялық зерттеу міндеттерінің келісімшарттары; өнім бөлісі туралы келісімшарт (келісім); сервистік келісімшарт. Бұл сұрыптама жер қойнауы саласындағы шарттардың азаматтық-құқықтық табиғатын таныған жағдайда ғана қолданылады. Сонымен, тұтас алғанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы шарттардың мына түрлерін бөлуге болады: концессиялық келісім (концессия); өнім бөлісі туралы келісім, сервистік келісімшарт (қызметтер көрсету келісімшарты).

Ресейде аталған түрлермен бірге **лицензиялық келісім** көбірек қолданылады. Лицензиялық келісім өзінің бастапқы түрінде лицензияның ажырамас бөлігі болып табылатын құжат екенін көрсетеді, «жер қойнауы тәлімін пайдалану лицензиясының талаптары» деп аталады, бұл күндері жер қойнауын пайдаланушы-инвестормен азаматтық-құқықтық шарт нысанындағы лицензиялық келісім жасалады. А.И.Перчиктің пікірінше, лицензиялық келісімнің құрылымы мына төмендегідей: 1) жалпы ережелер; 2) өндірісті реттеу; 3) құқықтық қатынастарды реттеу; 4) экономикалық қызметті реттеу; 5) процедуралық мәселелер (құпиялық; шарттың күшіне ену уақыты; хабарламалар; шартқа қол қойған өкілетті тұлғалардың қолдары, т.б.). «Келісім (шарт)» ұғымының қолданылатынына қарамастан, осы жағдайда «жер қойнауын пайдалану құқының лицензиясы» терминін қолданған дұрыс сияқты. (лицензияның мазмұны оған жекеленген нормаларды қосу есебінен ұлғайды). Сондықтан лицензиялық келісім (шарт) құзырлы (өкілетті) мемлекеттік органның азаматтық-құқықтық шарт нысаны қоса берілген биліктік шешімін білдіреді.

Лицензиялық келісіммен салыстырғанда, концессияға «келісім (шарт)» терминін қолданған барынша негізді болып көрінеді. Жер қойнауын пайдалану саласында шарттық нысандарының бірі концессиялық келісім (шарт) болып табылады.

Өзінің табиғатына орай концессиялық келісім (концессия шарты) жалгерлік келісімге көрсетеді. Түліктік жалгерлік шарты бойынша қолданылып жүрген заңға сәйкес жал беруші жалға алушыға мүлікті ақылы түрде уақытша иелік етуге және пайдалануға береді (ҚР АҚ 540 бап). Мұндайда мүліктік жалға кәсіпорындар және басқа да мүліктік кешендер, жер тәлімдері, т.б. заттар берілуі мүмкін, заттар пайдалану үрдісінде өздерінің бастапқы қасиеттерін жоймауы керек («тұтылмайтын» заттар деп аталады). Жалға алушы мүлікке иелік ету және пайдалану құқын ала отырып, оны жұмсау құқы болмайды, меншік иесі болып табылмайды, тек мерзімдік құқықпен шектеледі.

Сонымен бірге, концессиялық келісім жалгерлік келісімнің бір түрі бола отырып, өзіне тән ерекшеліктері болады: 1) концессия шарты тараптарының бірі – өзінің органдары арқылы қатысатын мемлекет; 2) концессионерге пайдалануға тек мемлекеттік меншік объектісі беріледі (жалға жекеменшіктегі объектілер де берілуі мүмкін); 3) концессионер, әдеттегідей, концессияға берілген мүліктің иесі бола алмайды (жалға алғанда, оны кейін сатып алуы мүмкін). Азаматтық заңнамада тұрғын мекенжайлар, жер тәлімдері, жер қойнауының тәлімдері, басқа да оқшауланған табиғат объектілерін концессиялық келісім негізінде, сондай-ақ басқа да жағдайларда мүліктік жалға берудің ерекшеліктерін анықтайтын норма қарастырылған (ҚР АҚ 541-4).

ҚР «Концессиялар туралы» Заңының қабылдануымен (2006 жылы 7 шілдеде) концессиялық қатынастарды мемлекеттік және шарттық реттеудің негізгі мәселелері көрініс алды. Концессиялар туралы Заңның 21 бабына сәйкес концессия шарты қамтиды: 1) концессия объектісі туралы деректер; 2) концессионердің концессия объектісіне құқықтарының және қызметтің бір түрін жүзеге асыру құқықтарының шарттары; 3) концессионердің қызметтің қажетті мөлшері мен сапасын беру мақсатымен объектінің қажетті жақсартылуын жүргізудің шарттары мен көлемі; 4) концессионер шығындарының орнын толтырудың тәртібі; 5) қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асырудың мүмкіндіктерін беру шарттары мен тәртібі; 6) жасалған бизнес-жоспарға (жұмысшы бағдарламаға) сәйкес концессиялық жобаны қаржыландырудың мерзімі мен шарттары, негізгі қорларға айналдырылған инвестициялардың мөлшері туралы талап; 7) қызмет түрлері (шарт

талаптары бойынша көрсетілетін жұмыстар, қызметтер); 8) концессия шарты бойынша концессионер беретін жұмыстар, қызметтердің сапа стандарттары; 9) шарт әрекетінің мерзімі; 10) тараптардың құқықтары мен міндеттері; 11) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстар жүргізудің хауіпсіздігі жөніндегі талаптар; 12) мемлекетке концессия объектісін, сондай-ақ концессия шартын орындауға байланысты берілген жер тәлімдерін қайтару тәртібі мен талаптары; 13) тараптардың жауапкершілігі; 14) шартты өзгерту және тоқтату талаптары; 15) тараптардың мекенжай және банк реквизиттері; 16) концессия шартын орындауды концедентпен бақылауды жүзеге асыру тәртібі; 17) мемлекеттік қолдау шарасы; 18) ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптар. Концессиялар туралы Заң концессияның басты ерекшелігі – концессия шарты бойынша мемлекеттік меншік объектілерінің пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатымен мемлекеттік меншік объектілерін уақытша иелік ету мен пайдалануға береді, демек, концессионер концессияға берілетін мемлекеттік меншік объектілерінің иесі болмайды, пайдалану кезеңі аяқталған соң объектілерді мемлекетке қайтарады.

Осы заманғы концессиялардың өзіндік белгілері туралы айта келіп, мынаны атап өткен жөн: құрылықтық құқықтық жүйені құрушы елдерде мемлекет және мемлекеттік органдар концессиялық қатынастарға көпшілік құқығының субъектілері ретінде қатысады, мұның өз тарапынан концессиялық келісімнің құқықтық табиғатына әсер етеді және оған көпшілік-құқықтық сыпат береді. Ағылшын-саксон және ағылшын-американ құқындағы елдерде концессиялық шарт өзінің талаптары бойынша, тұтасынан айқын байқалған әкімшілік-құқықтық табиғаты болмаса да құрылықтық-құқықтық концессияға жатады; концессиялық шарттың мәні мен мазмұнына едәуір деңгейде концессионердің пайдалануына берілген мүліктің қандай да болмасын құқықтық жүйеге қатыстылығы емес құқықтық реттілігі ықпал жасайды. Сондықтан осы заманғы концессия қандай да болмасын құқықтық жүйеге қатыстылығына қарамастан, белгілі бір мөлшерде көпшілік-құқықтық элементтерді сақтайды, сонымен бірге жекешелік-құқықтық бастауларды дамытып, нығайтады.

Жер қойнауын пайдалану саласында алғашқы шарттық нысандардың бірі болып табылатын концессиялық келісімден

өзгеше бүкіл әлемде «продакшн шеринг» деп аталатын өнім бөлінісі туралы келісімнің пайда болғанына аса көп уақыт бола қойған жоқ. Тұңғыш рет бұл шарт 1966 жылы Индонезияда жасалды, ол қабылдаушы елдер мен халықаралық мұнай компаниялары арасында меншік қатынастарын реттеудегі жаңа заң аспабы болды, оның ерекшелігі – мұнай компаниясы мұнай операцияларын өз есебінен, өз жауапкершілігімен жүргізеді, мұнай көзі байқалған жағдайда өндірілген өнімнің бір бөлігі мұнай компаниясының шығындарын өтеуге (костОйл), ал қалған бөлігі тараптар арасында белгілі бір тепе-тендікте (профитОйл) бөлінеді. Бұл келісімнің тағы бір өзгешелігі сол – келісімнің бұл түрі негізінен мұнай шығаруда, басқа да пайдалы қазбаларды шығаруда болады. Тұтас алғанда, қалыптасқан халықаралық практиканың арқасында, концессиялық шарттар және өнім бөлісі туралы келісімдер «мұнай келісімшарттары» деген жалпы атаумен бірігеді.

XX ғасырдың 60-70 жылдары өнім бөлінісі туралы келісімдерді мұнай кен орындарын барлауда Малайзия, Ангола, Перу, ҚХР, Нигерия пайдалана бастады, 90-жылдардың басында жер қойнауын пайдаланудың келісімшарты ретінде өнім бөлінісі туралы келісімдер кейбір елдерде – ТМД елдерінде, атап айтқанда, Ресей, Қазақстан, Әзірбайжанда пайда болды (Қазақстанда бірінші рет өнім бөлінісі туралы келісімшарт 1992 жылы жасалды). Қазір өнім бөлінісі туралы келісім механизмі әлемнің 64 елінде ойдағыдай жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың келісімшартының осындай түрін – өнім бөлінісі туралы келісім мәселелерін реттейтін арнаулы заң актысы – ҚР «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуде өнім бөлінісі туралы келісімдер (келісімшарттар) туралы» Заңы 2005 жылы 8 шілдеде қабылданды. Ресей Федерациясының «Өнім бөлінісі туралы» федералдық заңына қарағанда (1995 жылғы 30 желтоқсандағы қабылданған), оның реттеу өрісі теңізде мұнай операцияларын жүргізумен шектелген. Атап айтқанда, «ҚР өнім бөлінісі туралы келісімдері туралы» Заңы Каспий және Арал теңіздерінің Қазақстанға қарасты бөлігінде мұнай операцияларын жүргізуге құқық берумен, өнім бөлінісі туралы келісім жасау, өзгерту және тоқтатумен келісімдердің негізгі құқықтық талаптарын, сондай-ақ өнімді

Қазақстан Республикасы мен мердігер арасында кейін өнім бөлуді анықтайды (1 бап). Федералдық заңның реттеу өрісін мемлекет сұраныс беруші, ал жер қойнауын пайдаланушы мердігер ретінде қатысатын кен орындарын игеру үрдісінде қалыптасқан мердігерлік қатынастар құрайды. Біздің ойымызша, ҚР өнім бөлінісі туралы келісімдер туралы Заңының қолдану өрісін теңіздегі мұнай операцияларымен шектеуге болмайды, осы шарт нысанын мұнай өндіруде ғана емес, басқа да пайдалы қазбаларды өндіруде пайдалану мүмкіндігін заңмен бекіту керек. Мынаны атап өткен жөн: Ресейде өнім бөлінісі туралы келісімнің реттілігін газ, көмір, бағалы тастар мен металдар кен орындарын игеруге пайдалану жобаларын жасауда. Қазақстан Республикасында өнім бөлінісі туралы заңнаманы жетілдіруде бұл тәжірибені ескерген жөн сияқты. Сонымен бұл салада арнаулы заңнамалық реттеу мәселелері жеткілікті деңгейде шешіліп болған жоқ, сондықтан ҚР «Өнім бөлінісі туралы келісімдер туралы» Заңын қабылдау мейлінше қажет деп санаймыз.

Шарттың осы түрінің негізгі ерекшеліктері ретінде: 1) өндірілген өнім бөлініске түскенге дейін мемлекет меншігінде қалады; 2) жер қойнауын пайдалану құқын берудің негізгі азаматтық-құқықтық шарт болып табылады; 3) өнім бөлінісі нысанында арнаулы салық реттілігі қолданылады.

Шетелде жер қойнауын игеруде қолданылатын шарттар, келісімдер мен келісімшарттарды топтастыру мына шарт нысандарын тудырады: 1) «роялти – кіріске салық» үлгісіндегі келісім; 2) концессиялық келісім; 3) өнім бөлінісі туралы келісім; 4) қызмет көрсету келісімі (сервистік келісімшарт); 5) бірлескен қызмет туралы келісімшарт.

«Роялти – кіріске салық» келісіміне сәйкес жер қойнауын мемлекетке жер қойнауын пайдалану құқы үшін төлем және кіріске салықпен бірге басқа да бірқатар салықтар төлейді. Бұл келісімдер жеке мұнайын өндіруді дамытуды бастау кезінде-ақ Европа мен Солтүстік Американың елдерінде қолданылды, 70-шы жылдардың басында мұнай дағдарысынан кейін келісімдердің осы үлгісін Азия, Америка елдерінде және Австралияда кеңінен қолданылып жүрген концессиялық келісімдер толық ығыстырып шығарды. «Роялти – кіріске салық» келісімне мынадай белгілер тән: Жер қойнауын пайдаланушы кен орындарын іздестіру, барлау және игеру құқықтарын алады, бұларды өз қаржылары есебінен жүргізеді, өзіне бүкіл жауапкершілікті алады; бүкіл өндірілген

өнім жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі, ол мұны өз қалауымен жұмсайды; жер қойнауын пайдаланушы меншік иесі – мемлекетке іздестіру, барлау және өнім өндіру құқы үшін төлемдер төлейді; кіріс салығын төлейді, сондай-ақ келісіммен шартпен қарастырылған басқа да салықтарды төлейді; мұндай операцияларына пайдаланылған жабдықтар мен ғимараттар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

«Роялти – кіріске салық» үлгісіндегі келісімшарт концессия шартының түрі болып табылады, сондықтан ол бюджетке салықтарды және басқа да төлемдерді дер кезінде және толық төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындаған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға барлық өндірілген пайдалы қазбаларды меншігіне міндетті түрде беруді қарастырады.

Сервистік келісімшарт, Бразилияда барынша кеңінен тараған; мұндай келісімдер Иран, Ирак, Венесуэла, Нигерия және Вьетнамда жасалған. Сервистік келісімшарттың мәні мынада: сервистік компания, өзіне жауапкершілік алып, пайдалы қазбаларды іздестіреді, барлайды; пайдалы қазбалардың кен орнын тапқан жағдайда, сервистік компания кен орнын өз есебінен пайдалануға дайындап, оны мемлекеттік мұнай компаниясына, мұнда сервистік компанияның шығындары шығарылған пайдалы қазбалар есебінен өтеледі. Мемлекет барлау жүргізу жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдаса, сервистік келісімшарттар страйт сервис (жауапкершіліксіз) және жауапкершілікті байланыс (жауапкершілік сервисі) болып бөлінеді.

Сондай – ақ жер қойнауын пайдалану саласында **бірлескен қызмет келісімшарты** да қолданылады. Оны бұдан әрі жетілдіру негізіне бірлескен қызмет түрлерінің негізіне алынған өлшем алынады: заңды тұлғаның құрылуы немесе заңды тұлғаның құрылмауы (консорциум). Мұнай өнеркәсібіндегі бірлескен қызмет мемлекет және мемлекеттің мемлекеттік меншігі болып табылатын мемлекеттік және басқа да мұнай компаниясы, әдетте, шетел мұнай компаниясы барлау мен өнім өндіруге бірлесе қатысып, бірлесе жауапкершілік алып, шығын шегетін келісім түрін білдіреді. Демек, бірлескен қызмет туралы келісімшарттардың сыпатты белгілері мынадай: мемлекеттің шартқа тараптың бірі ретінде міндетті түрде қатысуы және шығындардың, жауапкершіліктің, сондай-ақ қатысушылар арасында пайда мен кірістің бөлінісі.

14 дәріс. ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

14.1. Инвестордың құқықтарын қорғаудың нысандары мен тәсілдері

Азаматтық құқықтарды қорғаудың тәсілдері – заңда қарастырылған, құқықты бұзуды болдырмау, алдын алу немесе құқықтың бұзылуын жою, сондай-ақ бұзылған құқықты қалпына келтіру, құқықты бұздан келтірілген зиянды орнына келтіру құралдары.

Азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдер әртүрлі негіздерге қарай теңдестіріледі: қолдану саласы бойынша әмбебап және арнаулы; жүзеге асыру әдістері бойынша – сотқа жүгіну, мемлекеттік органдарға шағыну, құқықты өздігінен қолдану; заң әрекеттерінің мазмұнына қарай – материалдық – құқықтық және іс жүргізу – құқықтық; т.б. Азаматтық құқықтарды қорғаудың негізгі (әмбебап) тәсілдерінің тізбесі ҚР Азаматтық кодексіне енгізілген, оған мыналар жатады: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі хал-ахуалды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оны бұзуға хауіп тудыратын әрекеттердің жолын кесу; міндетті бастапқы күйінде орындау; моральдық зиянның өтемақысы; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілетті немесе атқару органының актысын жарамсыз немесе қолдануға болмайды деп тану; мемлекеттік органдан немесе лауазымды тұлғадан азаматқа немесе заңды тұлғаға құқық алуға немесе оны жүзеге асыруға бөгет жасағаны үшін айыппұл салу; заңнамада көрсетілген басқа да тәсілдер (ҚР АҚ 9 бап). Қорғаудың аталған тәсілдері сот тәртібімен (сот, төрелік немесе аралық сот), сондықтан қорғаудың іс жүргізу – құқықтық тәсілдері деп аталады. Сонымен бірге ҚР Азаматтық кодексі қорғаудың материалдық – құқықтық тәсілдерін де бекітеді, бұған жататыны: құзырлы мемлекеттік органдарға қорғау үшін өтініш жасау (билік немесе басқару органына); өзін-өзі қорғау (тұлғаның тікелей нақты немесе заңды әрекеттері).

Тұтас алғанда, азаматтық құқықтарды қорғау екі нысанда – сот және соттан тыс нысандарда жүзеге асырылады, қорғаудың

соттық нысаны ҚР сот органдарының азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау жөніндегі қызметін қамтиды, ал қорғаудың соттан тыс (сотқа дейінгі) нысаны мынаны қамтиды: азаматтық құқықтарды шағын түрінде қорғау; азаматтық құқықтарды нотариалды қорғау, сондай-ақ азаматтың құқықтарды аралық сотта немесе халықаралық коммерциялық төрелік сотта қорғау.

Демек, инвесторлар инвестициялық қатынастардың негізгі қатысушылары ретінде қандай нысанда өзінің бұзылған субъективтік азаматтық құқын қорғауды өздігінен анықтауға құқылы – сот немесе соттан тыс (сотқа дейінгі) нысанада ма, қандай тәсілмен қорғауды өзі таңдайды. Мұндайда инвестор бұзылған немесе дауға түскен құқын қорғау үшін сот, аралық сот, төрелік сот органдарын, билік пен басқарудың өкілетті органын таңдай алады, т.б.

Қару қолдану мен қарумен басып кіру салдарынан жеке және заңды тұлғалардың алған нұсқаларының орнын толтыруды қамтамасыз ететін арнаулы халықаралық-құқықтық механизмдер арасында БҰҰ-ның Компенсациялық комиссиясын және БҰҰ-ның Компенсациялық қорын қамтиды. И.Н.Крючкованың пікірінше, БҰҰ-ның Компенсациялық комиссиясы мен қоры бүкіл әлемдік қауымдастық шеңберінде бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттің аумағына заңсыз басып кіріп, жаулап алуы нәтижесінде келтірілген шығындардың орнын толтыру үшін құрылған бірден-бір және бірегей мекемелер болып табылады. Аталған халықаралық мекемелердің мүмкіндіктері жеткілікті деуге болмайды (мысалы, Компенсациялық қордың бюджет қаржылары шектеулі, сонымен бірге компенсациялық комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылмайды), бірақ осы халықаралық ұйымдарды құру мен оның қызмет етуінің қажеттігі ешқандай күдік туғызбайды.

Көптеген шетелдерде инвестициялардың құқықтарын қорғау бағдарламалары бар, бірақ құқықтық қорғаудың қолданылатын құралдары мен әдістері әртүрлі. Дамыған қор нарықтары бар елдерде компенсациялық қорлар құру, жеке меншік сақтандыруды енгізу, ұжымдық инвестицияларды қорғаудың арнаулы нұсқаларын белгілеу, қорғаудың жеке-дара әдістерін қолдану сияқты тәсілдері қолданылады. Бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғау бағдарламаларында қор

биржаларының мүшелері тікелей қатысады, АҚШ-та және Гонконгте – олардың мүшелері болып табылмайтын брокерлер, ал Ұлыбритания мен Канадада – бағалы қағаздардың нарығына кәсіпкер қатысушылардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары қатысады. Барлық жағдайларда елеулі ерекшеліктеріне қарамастан, кәсіпкер қатысушылар компенсациялық (кепілдік) қорға жарналар қосады. Кепілдік қор өзінің мүшелерінің шеккен зияндарының орнын толтыру үшін құрылады, қор мүшелері өздерінің клиенттеріне өздеріне сеніп тапсырылған ақшаны немесе бағалы қағаздарды өздігінен қайтара – алатын мүмкіндігі болмаса, қор көмек көрсетеді. Е.А.Шабунина компенсациялық қорлардың өзгешелік ерекшелігі ретінде мынаны бөліп қарастырады: дау-дамайдың бастапқы қор нарығының кәсіпкер қатысушысы тарапынан міндеттемелерін орындамауынан немесе кәсіпкер қатысушының банкротқа ұшырауы жағдайында инвестордың зиян шегуі кезінде олар «инвестор – қор нарығының кәсіпкер қатысушысы» құқықтық қатынасына қосылады. Шетелдік тәжірибе мейлінше кеңірек орнына келтірілуі қарастырылатынын атап көрсетеді, мысалы, Австралияда келісімшартты орындамаудан қорғаудың, Ұлыбританияда – айқындалған алдап-арбау әрекеттерінен қорғаудың бағдарламасы жұмыс істейді. Барлық бағдарламалар үшін ортақ жайт – олардың бірде-бірі инвестицияларды кәдімгі нарықтық немесе коммерциялық жауапкершіліктен қорғай алмайды. Сондықтан инвестицияларды сақтандыру институтының дамуы ел халқының инвестициялық белсенділігіне елеулі түрде ықпал етеді.

Осындай қадамдардың бірі – ҚР Үкіметіне 2003 жылғы 12 майдағы Қаулысына сәйкес «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөнінде Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамының құрылуы. Мемлекеттің инвестор – азаматтары жүзеге асыратын инвестицияларды сақтандыруға мемлекеттің қатысуында ұйымдар құру практикасы шет елдерде кеңірек тараған. Атап айтқанда, мұндай ұйымдар арасынан мынаны атауға болады: OPIC (Overseas Private Investment Corporation) – АҚШ-та; ECGD (Export Credits Guarantee Department) – Ұлыбританияда, EFIC (Export Finance and Insurance Corporation) – Австралияда, Euler Hermes Kreditversicherungs – AG – Германияда.

14.2. Инвестициялық даулы мәселелер және оларды шешу тәртібі

Қазіргі уақытта инвестициялар туралы Заңның қабылдануымен шетел инвесторларының мүдделері қаншалықты ескеріледі, қандай шамада олардың құқықтары жүзеге асырылады деген мәселелер туындауда. Қолданылып заңнамада шетел инвесторларының даулы мәселелерін шешудің тәртібі жеткілікті түрде бекітілмеген. 1960 жылы Кеңес Одағы, ал 1995 жылы Қазақстан Республикасы 1958 жылы қабылданған Нью-Йорк конвенциясына («Шетелдік төрелік соттардың шешімдерін тану және орындау туралы») қосылды. Бұл Конвенциясына әлемнің көптеген мемлекеттері қатысып отыр. 1992 жылы Қазақстан Республикасы МВФ, МБРР, МФК, МАР, МАГИ и ИКСИД (МЦУИС) ұйымдарына мүшелікке қабылданды; 2001 жылы Қазақстан қайта құру және дамудың Еуропалық Банкіне, Азиялық Даму Банкіне және Ислам Даму Банкіне мүшелікке қабылданады.

Шетел инвесторларының даулы мәселелерін қарау тәртібі бұрын күшін жойған «Шетел инвестициялары туралы» Заңда қарастырылған болатын. Атап айтқанда, шетел инвестициялары туралы Заңнамада даулы мәселелер екі категорияға бөлінген: 1) шетел инвесторларының инвестициялық дау-дамайлары; 2) шетел инвесторларының инвестициялық дау-дамайға қатысы жоқ ҚР азаматтарымен және заңды тұлғаларымен дау-дамайлары.

Даулы мәселелерді шешудің тәртібінің өзі де жалпы болды. Мысалы, екінші топтағы дау-дамайлар өзі де қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес, егер тараптардың келісімімен басқаша қарастырылмаса, ҚР соттарымен шешіледі. Тұтас алғанда, негізге инвестициялық дау-дамайларды сотқа дейін қарау принципі – келіссөздермен шешу жолы алынған. Егер жазбаша өтініш түсірілген үш ай мерзім ішінде даулы мәселе шешілмесе, дау-дамай тараптардың кез келгенінің таңдауымен, шетел несие берушісінің жазбаша келісімімен ҚР сот органдарына, немесе келісімшартта, немесе тарапта арасында жасалған кезкелген басқа да келісімде белгіленген тәртіппен тараптардың келісулерімен аралық сотқа беріледі.

Осы мәселе бойынша аразданушы кім – шетел инвесторы ма немесе Қазақстан Республикасы ма? – шешуші таңдау, қашанда болсын, шетел инвесторында қалады. Егер дау-дамайды шешудің бастамашысы өкілетті мемлекет орган болса, онда даулы мәселені қарауға қабылдау үшін шетел инвесторының келісімі талап етіледі; егер аралық сот орнына инвестор өтініш жасаса, онда Қазақстан Республикасының келісім алынған болып саналады. Аралық соттың кезкелген шешімі инвестициялық дау-дамайлар тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып саналады; мұндай шешім Қазақстан Республикасында ҚР сот органдарының шешімдері сияқты орындалады.

Инвестициялар туралы Заңда, бұрын әрекет жасаған шетел инвестициялары туралы Заңнан өзгешелігі сол – дау-дамайлардың тәртібі әбден ықшамдалған. Заң шығарушы жалпы сыпаттағы ереже белгіленген: дау-дамайлар халықаралық шарттарға және ҚР заң актыларына сәйкес ҚР соттарында, тараптардың келісімімен халықаралық аралық соттарда шешімін табады. Дау-дамайлардың екі категориясы бөлініп алынады: инвестициялық дау-дамайлар (инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында шарттық міндеттемелерден туындайтын дау-дамайлар); инвестициялық дау-дамайларға жатпайтын басқа да дау-дамайлар. Заң шығарушының бұл тәсілі 1965 жылғы Вашингтон конвенциясына сай келеді, онда инвестициялық дау-дамайлардың ұғымына анықтама беріледі (инвестициялық дау-дамайларға шетелдік жеке тұлға мен мемлекет реципиент арасындағы жеке тұлғаның инвестицияларына байланысты туған дау-дамайлар жатады).

ҚР-ның 2004 жылы 24 сәуірде қабылданған Бюджет кодексінің де осындай практика бекітілген. Бюджеттік кодекстің 221 бабында қарыз шарттарымен, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздармен, үкіметтік кепілдіктермен немесе олармен қызмет атқарумен, мемлекеттік, үкіметтік атқару органдарының немесе мемлекет кепілдік еткен борыштарды басқарумен байланысты туындаған дау-дамайлар мен алауыздықтар қарыз шарттарында, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару ережелерінде белгіленген дау-дамайларды шешудің алдын-ала келісілген процедураларына

сәйкес мүмкіндігінше келіссөздер процедураларына сәйкес мүмкіндігінше келіссөздер жолымен шешіледі. Қалған дау-дамайлар, оның ішінде шетелдік қарыз берушінің ҚР азаматтары мен заңды тұлғаларымен дау-дамайлары тараптардың келісімінде басқаша көрсетілмесе, ҚР заңнамасына сәйкес шешіледі.

Әдеттегідей, халықаралық практикада шетел инвестицияларына байланысты пайда болатын барлық даулы мәселелер екі топқа бөлінеді: 1) шетелдік жекеменшік инвесторлары мен шетел инвестицияларын қабылдаушы мемлекет арасындағы дау-дамайлар, яғни инвестициялық дау-дамайлар; 2) бірлескен кәсіпорын қатысушылары (әріптестер) арасындағы, қатысушылардың бірімен бірлескен кәсіпорын арасындағы дау-дамайлар; тараптары шетел инвесторлары қатысатын кәсіпорын мен мекенжайы орналасқан елдің шетелдік инвестициялары бар фирмасы арасындағы дау-дамайлар шаруашылық дау-дамайлар; шетел инвестициялары қатысатын кәсіпорындар мен басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары арасындағы дау-дамайлар; шетел инвесторы немесе шетел инвестициялары қатысатын кәсіпорын мен шетел инвестицияларын қабылдаған елдің мемлекеттік органдары арасындағы дау-дамайлар. Көрініп отырғанындай, дау-дамайлардың екінші категориясына тек азаматтық-құқықтық емес, әкімшілік-құқықтық дау-дамайлар да (қабылдаушы мемлекеттің мемлекеттік органдары мен лауазымды тұлғаларының қатысуымен) жатады.

Осыған байланысты әдебиеттерде инвестициялық дау-дамайларды үш топқа бөлудің қажеттігі туралы ұсыныс білдіріледі: 1) шетелдік жеке меншік инвестор мен жекеменшік инвестицияларды қабылдаған мемлекет арасындағы инвестициялық дау-дамайлар; 2) тең құқылы субъектілер арасындағы шаруашылық дау-дамайлар (азаматтық-құқықтық дау-дамайлар); шетел инвесторы немесе шетел инвестициясындағы кәсіпорын мен инвестицияларды қабылдаған елдің мемлекеттік органдары арасындағы дау-дамайлар (әкімшілік-құқықтық дау-дамайлар). ҚР-ның инвестициялар туралы Заңы бойынша бірінші және үшінші категориядағы дау-дамайлар бір топқа – инвестициялық дау-дамайлар тобына біріктірілген, олар үшін дау-

дамайларды шешудің мүмкіндігі ҚР соттарында ғана емес, тараптардың шешімімен анықталған халықаралық соттарда да қарастырылған. Алайда, мұндай тараптар дау-дамайды қай аралық сотта қарауға ұсынуды анықтамаса, онда дау-дамай қайда қаралатын болады; дау-дамай неге халықаралық аралық сотта қаралатын болады, неге ҚР аралық соттарына қарамасқа? – деген сұрақтар туындауы мүмкін.

Төрелік соттың артықшылықтарына мыналарды жатқызады: біріншіден, бұл дау-дамайды шешуде оперативтік (статистика көрсетіп отырғанындай төрелік сотті істі қарау мерзімі екі аптадан екі ай мерзімге дейін); екіншіден, төрелік соттың жүйесі істі қарайтын төрелік сотты таңдау мүмкіндігін қарастырған; үшіншіден, төрелік сот мәжілісін жасырын өткізеді, бұ да тараптар үшін артықшылық болып табылады. Төрелік соттың артықшылықтары үрдістің байсалдығы, объективтілігі және үнемділігі болып табылады. (үнемділігі туралы айтқанда, мынаны түсіндіре кеткен жөн: жалпы заңнамалық соттарда дау-дамайларды қарауда қаншама уақыт және тараптарды көбірек шығын қажет етеді).

Осы мәселені ойдағыдай реттемейінше, ел экономикасына жаңа шетел инвестицияларын тарту үшін барлық қажетті шараларды жасау жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Сондықтан ҚР-ның «Халықаралық коммерциялық төрелік сот туралы» Заңының (2004 жылғы 28 желтоқсандағы) қабылдануын оң шара деп бағалау керек. БҰҰ-ы Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 11 желтоқсандағы нұсқауына сәйкес 1985 жылы 11 желтоқсанда қабылданған үлгілік ЮНСИТРАЛ «Халықаралық сауда төрелік соты туралы» Заңын жаңартқандай болды. ҚР-ның «Халықаралық коммерциялық төрелік сот туралы» Заңы ҚР аумағында халықаралық коммерциялық төрелік сот қызметінің үрдісінде қалыптасқан қатынастарды, сондай-ақ Қазақстанда халықаралық төрелік сот шешімдерінің орындауын тану шарттарын реттейді.

Халықаралық коммерциялық төрелік сот туралы Заңмен бірге бір мезгілде ҚР «Төрелік соттар туралы» туралы Заң қабылданды, оның саласына ҚР-ның төрелік соттарын құрылымын, қызметін, сондай-ақ олардың шешімдерін

орындалуына байланысты қатынастарды реттейді. (2004 жылы 28 желтоқсанда үшінші заңнамалық акт – «ҚР-ның төрелік және аралық соттардың қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актыларына қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданды). Сонымен бірге аталған заңдардың көптеген қағидалары сынға ұшырауда. Атап айтқанда, осы заңның 7 баптың 5-ші тармағы көбірек дау туғызуда. Заң төрелік соттарға дау-дамайлардың кейбір категорияларының ведомстволық еместігін белгілеген (мемлекеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың, кәмелетке жетпеген тұлғалардың, заңмен белгіленген тәртіппен қабілетсіз деп танылған тұлғалардың, төрелік келісімге қатысушы болып табылмайтын тұлғалардың мүдделерді көздейтін дау-дамайлар; табиғи монополиялардың субъектілерінне қызмет, жұмыс, товар беруді көздейтін шарттардан туындайтын дау-дамайлар, товарлар мен қызметтер нарығында үстем жағдайдағы субъектілердің, сондай-ақ банкроттық туралы істер бойынша дау-дамайлар) және Халықаралық коммерциялық сот туралы Заңда мұндай шектеудің жоқтығы.

Төрелік соттың құзырын шектеу тізбесінің қабылдануын бағалай келе мынаны атасақ болады: төрелік соттың өкілеттілігінен табиғи монополиялар мен товар және қызметтер нарығында үстем жағдайдағы субъектілердің дау-дамайларын алып тастау барынша практикалық ынта аударып отыр. Төрелік соттың ғана емес, халықаралық коммерциялық төрелік соттың құзыры да мүлдем негізсіз шектелген, заңнамаға сәйкес бұған азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын дау-дамайлар жатады, демек, бұл басқа дау-дамайлар, төрелік сот бұларды қарай алмайды (өйткені шарттармен байланысты емес меншік құқы туралы дау-дамайлар).

Тараптардың бірі ҚР нерезиденті болып табылмаса да, дау-дамай бола қалғанда, Халықаралық төрелік сот туралы Заңның ережелеріне сәйкес дау-дамай төрелік сот қарауына беріледі, мұндай жағдайда төрелік соттар туралы 7 баптың 5-ші тармағында көрсетілген дау-дамайларды категориялары бойынша шектеулер қолданылмайды. Бұдан шығатын қорытынды: төрелік соттардың құзырына-енгізілген шектеулер ҚР резиденттеріне ғана қатысты,

мұны заң шығарушының шетел инвесторларының құқын қорғауды қамтамасыз етуді көздегені ұлттық инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін шектеуі деп бағалау керек. Тұтастай алғанда, инвесторлардың құқықтарын қорғау саласында заңнама елеулі толықтыруалар мен жетілдіруді қажет етеді.

«Инвестициялық құқық» пәні бойынша ұсынылатын әдебиеттер:

1. Алексеев С.С. Құқық: Әліппе – теория – философия. Кешенді зерттеу тәжірибесі. М.: «Статут» баспасы, 1999.
2. Алексеев С.С. Жеке меншік құқық: ғылыми-публицистикалық очерк. М.: «Статут» баспасы, 1999.
3. Әлібеков С.Т. Кеден құқық (ішкі және халықаралық мәселелер). Оқу-практикалық құрал. Алматы: «Әділет-Пресс», 1997.
4. Анохин В.С. Кәсіпкерлік құқық: ЖОО-на арналған оқулық. М.: «ВЛАДОС» баспасы, 1999.
5. Ахмадиева Г.Д. Қазақстан Республикасында сыртқы экономикалық келісімшарттарды құқықтық реттеу. Алматы: «Ғылым», 1996.
6. Басин Ю.Г. Азаматтық құқық бойынша таңдамалы еңбектер – Алматы: «Әділет», 2003.
7. Бирюков П.Н. Халықаралық құқық: оқу құралы. М.: «Юристъ» баспасы, 2006.
8. Богатырев А.Г. Инвестициялық құқық. М.: «Ресей құқығы», 1992.
9. Богуславский М.М. Халықаралық жекешелік құқық: оқу құралы. М.: «Юристъ» баспасы, 1998.
10. Богуславский М.М. Шетел инвестициялары: құқықтық реттеу. М.: «БЕК» баспасы, 1996.
11. Брунцева Е.В. Халықаралық коммерциялық төрелік сот: ЖОО-на арналған оқулық. СПб.: «Сентябрь» баспасы, 2001.
12. Бушев А.Ю., Городов О.А., Вещунова Н.Л. т.б. Коммерциялық құқық. / В.Ф.Попондопуло, В.Ф.Яковлевадың редакциясымен. СПб: СПбУ баспасы, 1998. 2 бөлім.
13. Вернер Ф. Эбке. Халықаралық валюталық құқық. М.: «Халықаралық қатынастар», 1997.
14. Қазақстан Республикасында заттық құқық. / М.Қ.Сүлейменовтың редакциялауымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 1999.

15. Вознесенская Н.Н. Шетел инвестициялары және Африка елдеріндегі аралас кәсіпорындар. М.: «Наука» баспасы, 1975.
16. Газман В.Д. Лизингтік қызметтер нарығы. М.: «Құқықтық мәдениет» қоры, 1999.
17. Гитман Л.Дж., Джонк М.Д. Инвестициялау негіздері. М.: «Дело» баспасы, 1997.
18. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі түсініктеме (жалпы бөлім). 2 том. / М.Қ.Сүлейменов, Ю.Г.Басиннің редакциясымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 2003.
19. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі түсініктеме (Ерекше бөлімі). / М.Қ.Сүлейменов, Ю.Г.Басиннің редакциясымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 2003.
20. Азаматтық құқық: ЖОО-на арналған оқулық (академиялық курс). / Ю.Г.Басин, М.Қ.Сүлейменовтің редакциялауымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2000. Т. 1.
21. Азаматтық құқық. Жалпы бөлім. Лекциялар курсы. / А.Г.Диденконің редакциясымен. Алматы: «НҰР-Пресс», 2006.
22. Азаматтық құқық: ЖОО-на арналған оқулық (академиялық курс). / Ю.Г.Басин, М.Қ.Сүлейменовтің редакциялауымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2000. Т. 2.
23. Диденко А.Г. Таңдамалы шығармалар. Алматы: «Заң әдебиеті», 2004.
24. Доронина Н.Г., Семилютина Н.Г. Ресей мен шетелде шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. М.: «Финстатинформ» баспасы, 1993.
25. Дойников И.В. Кәсіпкерлік құқық. М.: «ПРИОР» баспасы, 1998.
26. Ерпылева Н.Ю. Халықаралық жекеменшік құқық: ЖОО-на арналған оқулық. М.: «NOTA VENE» баспасы, 1999.
27. Ершова И.В., Иванова Т.М. Кәсіпкерлік құқық: көмекші оқу құралы. М.: «Юриспруденция» баспасы, 2000.
28. Звекон В.П. Халықаралық жекеменшік құқық: лекциялар курсы. М.: «НОРМА» баспасы, 1999.
29. Зыкин И.С. Сыртқы экономикалық қызмет шарты. М.: «Халықаралық қатынастар», 1994.

30. Иоффе О.С. Азаматтық құқық жөніндегі таңдамалы шығармалар. М.: «Статут» баспасы, 2000.
31. Каламкарян Р.А., Мигачев Ю.И. Халықаралық құқық: лекциялар курсы. М.: «ЭКСМО» баспасы, 2006.
32. Кириң А.В. Мемлекеттік инвесторлар қатынастарының құқықтық негіздері. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1998.
33. Климкин С.И. Қазақстан кәсіпкерлік құқық туралы заңнамасының дамуы. Алматы: «Баспа», 1998.
34. Круглова Н.Ю. Шаруашылық құқық. М.: «Орыс іскерлік әдебиеті», 1998.
35. Кулагин М.И. Мемлекеттік-монополистік капитализм және заңды тұлға. М.: УДН баспасы; 1987.
36. Лабин Д.К. Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу. М., 2001.
37. Лебедев К.К. Кәсіпкерлік және коммерциялық құқық. СПб: «Юридический центр Пресс» баспасы, 2002.
38. Лисица В.Н. Халықаралық инвестициялық келісімдер. Новосибирск, 2004.
39. Мәуленов Қ.С. Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. Алматы: «Ғылым», 1998.
40. Мәуленов Қ.С. Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларын мемлекеттік басқару және құқықтық реттеу. Алматы: «Жеті Жарғы», 2000.
41. Халықаралық коммерциялық құқық: көмекші оқу құралы. М.: «Омега-Л» баспасы, 2006.
42. Халықаралық жекеменшік құқық: оқулық. М.: «ТК Велби», «Прспект» баспасы, 2004.
43. Халықаралық жекеменшік құқық: оқу құралы. М.: «Юристь» баспасы, 2006.
44. Мозолин В.П. АҚШ корпорациялары, монополиялар және құқық: М.: МГУ баспасы, 1966.
45. Мухитдинов Н.Б., Мороз С.П. ҚР-ның тау-кен құқығы: оқу құралы. Алматы: «Юрист» баспасы, 2004.
46. Перчик А.И. Тау-кен құқығы: оқулық. М.: «Филология три» баспасы, 2002.

47. Шетел инвестицияларын құқықтық қорғау. М.: «Альпиана Бизнес Букс» баспасы, 2006.
48. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗА, 2001.
49. Қазақстан Республикасындағы құқық және шетел инвестициялары. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: «Жеті Жарғы», 1997.
50. Ресей Федерациясының кәсіпкерлік құқық. / Е.П.Губин, П.Г.Лакхонның редакциясымен. М.: «Юрист» баспасы, 2006.
51. Пугинский Б.И. Ресейдің коммерциялық құқық. М.: «Юрист» баспасы, 2000.
52. Розенберг Дж.М. Инвестициялар: терминологиялық сөздік. М.: «ИНФРА-М» баспасы, 1997.
53. Самарходжаев Б.Б. Өзбекстан Республикасындағы инвестициялар. Ташкент: «Академия» баспасы, 2003.
54. Сосна С.А. Концессиялық келісім: теория және практика. М., 2002.
55. Азаматтық құқық субъектілері. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗУ, 2004.
56. Тихиня В.Г., Павлова Л.В. Халықаралық құқық негіздері: оқу құралы. Минск: «Книжный дом» баспасы, 2006.
57. Қазақстандағы Төрелік сот: құқықтық реттеу проблемалары. / М.Қ.Сүлейменовтың жауапты редакторлығымен. Алматы: Қазақ МЗУ, 2003.
58. Фархутдинов И.З. Халықаралық инвестициялық құқық: теория және қолдану практикасы. М.: «Волтерс Клувер» баспасы, 2005.
59. Бағалы қағаздар нарығында инвестордың құқықтарын қорғау нысандары. / М.К.Треушниковтың редакциясымен. М.: «Городец», 2000.
60. Шумилов В.П. Халықаралық қаржы құқық: оқулық. М.: «Халықаралық қатынастар», 2005.
61. Яковлев В.Д. Экономика. Құқық. Сот. М.: «МАИК «Наука/Интер периодика» баспасы, 2003.

КҚУ тематикалық жоспары, 2007 ж.

Мороз Светлана Павловна
заң ғылымдарының докторы, профессор

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Дәрістер жинағы

Редакторы Шүтшибаева Н.С.

Техникалық редакторы Сансызбаева Г.З.

ҰСЫНЫЛҒАН *КҚУ оқу-әдістемелік кеңесі*

КЕЛІСІЛГЕН *Жария-құқықтық пәндер кафедрасының
меңгерушісі, з.ғ.к. профессоры Мұхтарова А.К.*

Басуға қол қойылды 15.01.2008 ж.

*Таралымы 100 дана. Пішімі 60x84/16. №1 баспаханалық қағаз.
Көлемі 9,75 баспа табақ. Тапсырысы № 652*

*Каспий қоғамдық университетінің басылымы
КҚУ-ның ғылыми баспа орталығы баспаханасында басылған
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 521. тел. 250-69-34, 250-69-35*